



ЯИ ПЕРЕЛЬМАН

ЦИОЛКОВСКИЙ



ОКБ-1951

Я. И. ПЕРЕЛЬМАН

Циолковский

Өмірі мен техникалық идеялары

Аудиоресандар
Х. ШЕГЕНОВ

пен
Т. КАКИШЕВ

Қазақтың Мемлекеттік Оқу Күралдар Баспасы
Алматы — 1951

АЛФЫ СӨЗ

„Арнаулы еңбектөрді из адам оқыйды,
жалпыға бірдей түсінікті еңбекті
миллион адам“ оқыйды“

ІНОЛГОДСКА

Константин Эдуардович Циолковскийдің тек тәні ғана 1935 жылы²¹ сентябрьде кара жер қойнынан өзіндік орын алды. Оның өміrbаянышы жазушының міндеті — ұлы өнерпаздың атын мәңгі өшірмейтін еңбектерін окушыларға таныстыру болып табылады. Бірақ, Циолковскийдің өмірі мен қайраткерлігі женінде жазылған бұл очерк оның еңбектерінің бәрін толық қамтуды көздемейді. Бұл зерттеу жұмысы емес, көшпілікке арналған—ғалымның түсінікті өміrbаяны. Циолковскийдің өміrbаянында кездесетін үсак-түйекке көніл аудармай, тек оның жарқын образын жасай алатын ерекше спілдтты өмір кезеңдері белгілі алынды. Циолковскийдің бай идеялық мұрасының ішінен, оның жаңағылыш ашқан істерінің ең маңыздысы және көрнекіті болған дирижабль және ракета мәселесінің маңына топталатын өнер табудады екі негізгі комплекстің маңызын барынша көзінен тоқтап талқыладык. Автор Циолковский өміріндегі ұлы істерінің негізгісін ықшамдағылдып, оларды айқын және дұрыс көрсетуді көздейді.

Бұл еңбекке негіз болған Циолковскийдің өзі жариялаған өміrbаяндық қысқа мақалалары (олар басна сөзде шашыранды түрде кездеседі), оның «Мениң өмірім» деген еш жerde алі бүтіндей басылмаған толық өміrbаяны, автордың узак уақыттар бойы — 1913 жылдан 1935 жылға дейінгі жазысқан хаттары (жүзге тарапта) сонымен катарап кітап, газет-журналдық материалдар (оның ішінде автордың 1932 жылы жазған өміrbаяндық очеркі де бар). Автор көшпілікке арналған өміrbаяндық очеркке әрдайім шындық дәлелдерді, фактшларды, документтерді көлтіре беру окушылардың ынта салып окуын және түсініушіліктердің деп есептеп, кітапта оларды онша көп колданбайды.

Міне сондыктан да кітапта хроникалық көрсеткіштердің аздығы және Циолковскийдің әр баспадан жарияланған 150 еңбегінің толық тізімін жарияламаушылық та осы пияттен туған еді.

Автор Циолковскийдің өзі көп жылдар бойы қызмет істеген және кәзірде оның семьясы тұрған Калуга қаласының өнерпазды өз көздерімен көрген художниктерін осы кітаптың суретін салуға белсене қатастырырды. Ұлы өнерпазды көзімен көрген және онымен жақын болған графикші М. М. Днепровский мен портрет салушы В. И. Любимов бұл жұмысқа шын көңілі, адал инетімен катысып, істерінің жемісті болуына көп назар аударды. Автор бұл кітаптың суреттерін өнерпазды көрген-білген адамдар салса көпшілікке әсерлі болады той деп сийлады.

„Менің өмірімнің негізгі арқыуы — адам үшін қандай ғана болмасын пайдалы іс істеп, өмірімді босқа өткізбей адамзат ақыл-оійн азда болса алға апару. Міне, сондықтан да өзіме нәр де, күш те бермеген маселемен шұғылданған ем.

Бірақ, сүйтседе менің бұл жұмыстарым талуда не келешекте қоғам үшін таудай нәр, шексіз қуат беретіндігіне сенімім зор”.

ЦИОЛКОВСКИЙ

Бұл кітапша планеталар арасына саяхат құру жөніндө, ра-
кеталық двигательдер, тұтас металды дирижабль және басқа
да бірнеше жаңа проектілер жасау жөніндө батыл тың пікір-
лер айтқан ғылымның атақты қайраткері және данышпан өнер-
паз К. Э. Циолковскийдің өмірбаяны мен творчестволық-тех-
никалық идеяларына арналған. Бұл кітапшаны оқып шыққан
дар, ғылым үшін тек Социалистік Октябрь революциясы ама-
сақтал қалған, езбетімен оқыған аса талантты адамның пат-
шалық Россия тұсында бағаланбаган аянышты тағдырымен то-
лық танысады. Циолковскийдің жақын досы, езінің бірқатар
тамаша қызықты нітаптарымен окушыларға жақсы таныс
Я. И. Перельман жазған енергиядың өмірі туралы бұл повесть
Циолковскийдің тәж қалдырарлықтай батыл пікірлерінен көм-
әсер етпейді.



айықты басқа ат болмағандықтан Циолковскийді өнерпаз деп атайдын болған. Бірақ, ол бұл сөздің әдеттегі мағнасында айтылатын өнерпаз емес еді.

Циолковскийдің табыстары, біздің күнделік тұрмысымызда көрнекті орын алып отырған паровоз, телеграф және электр қуаты сыйкыты елеулі нәтиже беретін дәрежеге әлі де жете койған жоқ. Циолковский біздің Совет Одағындағы үлы адамдардың бірі, ол — батыл пікірлер көтерген, техникалық тамаша жаңалықтар ашқан кеменгер адам. Оның еңбек-гері келешекте кең түдре пайдаланатыны сөзсіз.

Циолковский ғылымға жаңадан сокпалқ жол сала оты-

рып, өзінің данышпандық ақыл-ойын қай уақытта болсын, ірі мақсаттарды срындауға жұмсайтын. Ол келешекке жол ашагын ең жоғарғы дәрежелі техникалық пікірлермен шұрылданатын еді. Ешкім шешпеген, тіпті шешуге де мүмкіндігі жоқ деп есептелеғетін мәселелерді шешуге тайсалмай кірісетін.

Оның қалдырган техникалық мұрасының негізгі түйіні—транспорт жөніндегі жаңа идеялар: ең алдымен ауа транспорты, содан кейін—оның дарындылығы мен пікірінің кіршікіз таза өзіндік идеясын көрсететін —атмосфера даңтыс, яғни әлемнің ауасыз кеңістігінде ауа транспортымен үшу болып табылады.

Циолковскийдің өнерпаздық ақыл-ойы негізгі үш ірі мәселелерді, яғни қолемі кең үш күрделі проблемаларды шешуге жұмысалған. Олар — аэроплан, дирижабль, ракета. Оның жұмысты әрқашанда теорияға сүйеніп, тәжрибеге негіздел, әрбір кезеңде есеппен дәлелдеп істеу әдістері қөшпілік өнерпаздарға үлгі боларлықтай.

Циолковский өзінің аэроплан туралы бірінші енбегін 1894 жылы жариялады. Ол кезде аэроплан жоқ болатынды. Америкада Райттың самолетпен жоғары көтерілуі бұдан тоғыз жыл кейін болды. Циолковский аэроплан теориясын және оның негізгі элементтерінің есептерін бұран дейінгі өзінің енбектерінде ойлап тапқанды. Оның дұрыстығы соңынан бүтіндей дәлелденді.

Циолковскийдің бұл атап көрсетілген енбегі авиацияның кәзіргі тамаша табыстарға жеткен дәүірінде, техникалық ілімде оның данышпандығын және патшалық Россия тұсында қорлық-зорлықпен қалай күрескендігін көрсетерліктең тарихи мәнді материалдар болып отыр.

Циолковскийдің ауда үшуды басқару туралы енбектерінің маңызы бүгінгі күнге дейін жойылған жоқ. Ол дирижабльдің проектісін Германиядағы граф Цеппелиннің бірінші ауа кемесі проектісінен үш жыл бұрын ойлан шығарды. Бұл кезде аэростаттың ауда үшүн басқаруға болатындығына ешкім сенбейтін еді. Кейбір мамандар қайткенде

де «аэростат желдің ойыншығы болып қала беруге тиіс» дейтін. Циолковский осы айтылған пікірлерге карамастан, тутас металды дирижабльдің конструкциясын өздігінен ойлаш шығарды. Бұл конструкцияда сол кезеңдегі ауа кемелерінде жіңі кездесе беретін кемшіліктердің көбі жоқ, еді.

Циолковский өзінің проектісін жасағанда, кәзіргі конструкторлар дайын күйінде колданып жүрген ауа кедегісі ғылымындағы заңдарды пайдалана алмаған еді. Ол кезде аэrodинамика ғылымы жоқ болатын. Циолковский үзак зерттеу нәтижесінде және бұдан былай тәжкрибе жұмысын жүргізе беруге ең керекті күрал—аэродинамика трубасын өздігінен ойлаш тауып, аэродинамика ғылымының негізін өзінде калай бастаны.

Циолковскийдің ірі өнерпаздар қатарына қосуға осы айтылғандардың өзі-ақ артығымен жетіп жатыр. Бірақ та Циолковский бұл айтылған мәселелердің төңірегінде тоқырап қалған жоқ. Оның ақыл-ой өрісі кенеңе түсті. Ауда жұзу мен үшу атмосфера тығыздығына байланысты екені өзінен-өзі-ақ түсінікті Атмосфераның 20—30 километрлік биіктіктерінде жұқа қабатында ғана үшуға болады. Ал, бұдан жоғары қалай көтерілу керек, біздің планетаны коршап тұрған ауасыз кеністікке жетіп, аспан әлемін кезіп, айға, планеталарға жакындал, егер мүмкіндігі болса оларға барып, жерге аман-есен қайта қалай оралу керек? Бұл алдамыш мүмкіншіліктер Циолковскийге дейін тек романист жазушылардың жазған фантазиялық шығармаларында ғана кездесетін. Планетааралық үшудың техникалық проблемасын өзінің ондаған жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде ашқан біздің өнерпаз дүниесінде ең бірінші ғалым болып есептеледі. Планетааралық қатынас құралы — ракета үлгісімен жасалған үшү апараттары болып табылады. Транспорттың жаңа түрі—ракетамен үшудың негізін салған Циолковский болды. Осы ашылған жаңа ілім кәзірде техниканың барлық тарауына кеңінен таралып отыр. Бір текстес техника идеяларының шетелдерде және Циолковский еңбектерінде қай-


уақыттан бастап жарыққа шыға бастағанын көрсететік фактывлардың салыстырмалы мына справкасын келтірейік. Бұл фактывлар біздің өнерпаздың тамаша болжагыштығы және оның өзіндік тың пікірлерін анық көрсетеді.

Циолковский еңбектерінде	Шетелдерде
	<i>Дипижабль</i>
1892 ж. «Басқаруға көнетін металды аэростат» деген баспадан шыққан еңбегі.	1895 ж. Цеппелиннің бірінші проекті.
	<i>Аэроплан</i>
1894 ж. «Аэроплан не құс тәріз-ді үшкыш машина» деген мақаласы	1895 ж. Ланглей аэропланы 1903 ж. Ағайынды Райттың бірінші үшүү.
	<i>Ракета</i>
1903 ж. Реактивтік қозғалыс теориясы және планетааралық ракета туралы бірінші басылған еңбегі	1919 ж. Проф. Годдардтың (АКШ) ең біек үшатын ракета 1923 ж. прсф. Обертаның (Германия) планетааралық ракета туралы кітабы



θΜΙΡ





„Мениң барлық өмірім жұмыспен өтті
де басқаға мүмкіндігім болған жоқ“.

ЦИОЛКОВСКИЙ.



Бабалары мен ата-анасы

Лы өнерпаздың экесі Эдуард Игнатьевич Циолковский — ўлты поляк, ағаш есіруші — Волында туып, өткен га-сырдың ортасынан былай карай бір жерде коныстап көп тұрмай, Россияның орталық және шығыс губернияла-

рында күнелтіп журген адам. Ол шындыкты сүйеттін еді, бірақ мінезі шәлкез, бақты ашылмаған адам еді. Ол жағымпаздық пен жалынып-жалбарынушылықты жеккере-тіндіктен ағаш есіру ісін басқаратын мекемелдердегі қызмет-




Ф. Е. Юмашева
(К. Э. Циолковскийң әжесі 1803—1865)

тінен әрдәйім шығып қалып, өмірінің көпшілік кезеңдерінде жұмыссыз жүретін еді.

Пөльшада 1863 жылы болған көтеріліс Эдуард Игнатьевичке де үлкен әсер етті. Оның карапайым үйінің есіргі отандастары үшін әрқашан да ашық, поляк патриоттарының баспанасы болды. Мұнда поляк газеттерін окуға саяси мәселелерді талқылауға жыйналғандардың ішіндегі Эдуард Игнатьевич өзінің шешен айтысшылдыры және еркін ойлығымен ерекше көзге түсетінді.

Болашақ өнерпаздың әкесінің екінші бір әуестенетіні — кол өнері болушы еді. Оның өз конструкциясы бойынша жасаған егін басатын машинасы семьясының есінде қалған жөрінеді.

Эдуард Игнатьевичтің әйелі және ұлы адамның шешесі Мария Ивановна — қыз кезіндегі фамилиясы Юмашева — ерінен 11 жас кіші, жарқын мінезді, талантты атам еді. Юмашевтердің тегі таза орыс емес, Мария Ивановичаның бабаларының бірі татар болатын. Юмашевтердің де, Циolkовскийлердің де тұқымдары кол өнер шеберлігімен айналыскандар, олардың ішінде Константин Эдуардович өзінің ате нәзік шеберлігімен ерекше көзге түсті. Ұлы өнерпазға бұл қасиет өзінің әке-шешесінің әuletінен қалған болу көрек.



Балалық және жастық шақ

Наресте Константин 1857 жылы 5/17 сентябрь күні жаңык дүниеге келді. Бұл кездे оның ата-анасы бірнешеғанда мың халқы бар Ижевскі селосында (Рязань губерниясы, Сибирь үйесі) тұратын еді. К. Э. өзінің өмірбаянында семья мүшелерінің қанша екені туралы «мен алтыншы, не жетінші бала екем. Менен кіші інім, екі қарындасым болды» деп жазды.

Улы өнерпазға ойшылдық пеп зиректік қабілет бала жаңынан бойына сіңіп, акырғы демі таусылғанға дейін тән қаснет болып қалыптасып қалған еді. Ол пысық, пайымды мінезін балалық кезінен бастап аңғартты. Константин өзі ойлап шығарған шындыққа жанасымы аздау әңгімелерін інісі жалықпай тындау үшін оған үнемі ақы төлең отыратынды. Оның қыялы лилипуттар елі, кереметтей батырлық күш, салмақтардың жойылып кетуі жайында болатын. Пысық бала үйдің төбесіне, ағашқа, дуалға шығуды және жоғарыдан секіруді жақсы көретін, доп, городок, жасырымбақ секілді ойындармен әуестенетін. Ауаға үшыратын батырауықтарды өте шебер жасап, оған серенкенің қорабын байлап, оның ішіне алты аяқты тарақандар салып үшырудың тамаша шебері болатын. Ауладағы жаз бойына күрғамайтын жаңбырдан пайда болған шалшық суда астаумен жүзіп, қыста сырғанақ тебетін.

Жас өспірім Циолковскийдің қыялдары мен қылыштарында өзі қатарлы талапты, пайымды балалардан ешбір өзгешелігі жоқ секілді болып көрінсе де, келешек уақыттағы өзіне тән болған ерекшеліктерін сол уақыттан-ақ аңғартқан еді. «Жер және аспан туралы арман», «Айда» деген қызықты еңгімелерінің аз да болса ғылыми негізге сүйенуінің өзі алғыр жастық көптен ойына алған қыялдарын белгілі түрде қортындылау сыйқты. Циолковскийдің барлық техникалық творчестволарының мәні—дұрыс есепке негізделген қыял сыйқты болатын...

Улы ғалымның ауада үшу мәселесімен жас кезінде бі-



Э. И. Циолковский
(К. Э. Циолковскийдің екесі)

рінші рет танысусы оның есінен шықпаған. Константин 8—9 жасқа келген шакта оның шешесі балаларына ойнаңдар деп коллоциумнан үріп, ішіне су тегі толтырылған ойыншық ауа шарын беріпті. Болашақ дирижабльді ойлап та-бушы бұл шарды жіпке байладап алып, қуанышы қойнына сыймай үйде де, бақшаның ішінде де өзінің кішкене аэро-статьын үстап ойнап жүріпті.

Циолковскийдің балалық шағы келешек өмірінде мәңгі кетпестей таңба қалдырыған аурумен аяқталады. Ол 10—11 жасында скарлатинаның ауыр түрімен ауырады. Жақында-ры баланы тірі қалмайды деп ойлайды. Бұл аурудан жа-зылғаныменде, құлағына салқын тигендіктен өмірі жазыл-майтын саңыраулыққа үшырайды.

Ол өзінің өміrbаянында «мен басқа адамдармен сойле-сіп, байланыс жасаудан мүлде қалдым, құлағым керең, ба-қытсыз бала болдым» деп жазды. Өміrbаянының бір жерін-де «менің жас шағымнан керең болуым өмір істерінен еш хабары жок сәбілік қалпында қалдырды. Сондыктан да олардан еріксіз жатсынып, өмір нәрін ой ойлау мен кітап оқудан таптым» деп жазған болатын.

Жастық шакқа кемтар болып жеткен бала бүрынғы түрлі уақыттара құмарлығын бірден жойған жок. Олар-дың кейбіреулері баланың өміріне қауыпты да еді. Суда жүзуді жақсы көретіндіктен кейбір елігіп кеткен кездерін-де ақылға сыймайтын қауыпты істер істеп те жіберетін. Осы уақыттарын есіне алғанда «өзен сұына кетіп қалма-ғаныма өзім танданамын» дейтін. Ол өзінің жастық шағы аяныш пен күйініштің құшағында өткендігін есінен шығар-майтын еді.

«Калада жақсы бакша болды. Оның ішінде жіпкө асып қойған скамьялы он адамдық ете ауыр Жәшік (эткеншік)


кодір қозғап жібергенде үстауға әлім жетпей қалып, ол менің қогаша иіп жіберді. Бірақ жотам сынбай қалып Көзғалуға шамам келмей бұл жерде біраз жатып, тәуірлек, өзгеңсүн інім-мен бірге үйге келдім. Оның ешқандай зардабы болмай кетті» деп жазады.



М. И. Чюлховская
К. Э. Чюлковский 1/4 шест.

Құлағына айғайлап айтпаса естімейтін баланың мектепте оқый алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті ғой. Бұл жәпінде, ол өзіне үксас Америка өнерпазы Эдиссонмен дағдырлас болды. Эдиссон да жас кезінен-ақ құлағы естімейтін болып қалғанды.

Циолковскийді алғашкы оқыта бастаған оның туған шешесі болатын, бірақ. «жығылғанға жұдырық» дегендей, Константин 13 жастан аса бергенде шешесі кайтыс болды. Шешесі өлгеннен кейін Константинді шешесінің сінлісі қамқорлыққа алды. Ол өресі тар адам еді. Қөп жанды семьясын асырау қамында жүрген әкесі қаражат табудын әрекетімен шұғылданудың салдарынан балаларын тәрбие-леуге көп уақыт бөле алмайтынды. Циолковский «осы үш жыл (11—14 жас арасы) менің өмірдегі ең шұғласыз қаранғы кез болды. Мен осы қаранғы қапаста басымнан өткендерді есіме түсірейін десемде, ештеңе есіме түспейді». — деп жазады. Бұл кезде Циолковскийлер Вяткада тұратын еді.



„Галымдық жолы“

„Менің оқытушыларым болған жоқ.
Мені ешбір қоспасы жоқ, нағыз өз беті
мен оқыған деу керек“.

•
ЦИОЛКОВСКИЙ.

Сүйтіп, болашақ өнерпаз 14 жасқа дейін тиіп-қашып оқып жүрді, сол кезде оның білімі тек хат тану көлемінен аскан жокты. Бірақ 14 жасқа келгенде оның өмірінде үлкен өзгеріс болды. Ол ойламаған жерден өздігінен оқудың жолына түсіп, оның мәнін түсінгеннен кейін одан ешуақытта айырылмастай халге жетті. Бала әкесінің бай кітапханасын актарып отырып, арифметика оку құралын тауып алып зор ынтамен оқуға кіріседі. Өзінің оқығандарына жеңіл түсінетіндігіне көзі жетеді. Сол уақыттан бастап «кітаптың оншалықты түсінбестей қыйындығы жоқ екенін білдім және менің сескенбей пайдалануыма болатындығын әбден түсіндім» деп жазды ол.

Циолковскийдің әкесі ағаш шаруашылығы жөнінен жоғары дәрежелі білімі бар адам болғандықтан және бір кездерде орта дәрежелі білім беретін таксаторлар кластарына¹ оқытуши болып істегендіктен үйінде жаратылыс және жер өлшеу ісінің оку кітаптары көп болатын. Бұл кітаптар жас еспірім Констанtingе ғылымнан алғашкы акпарлар алуына мүмкіндіктер жасады. Оны өте-мете қызықтырған геометрияның практикалық қосымшасы—астролябия² болды, өнерпаз кітаптың жәрдемімен өлшеуге болмайтын аралықтарды өлшеп, биіктіктерді айыратын еді. Талапты жас биікті өлшеуіш аспапты өзі жасап алып, әкесінің астролябиясын пайдаланып, үйдің терезесінен қараң тұрып өрт каланчасына дейінгі аралық қанша екенін айырады, оның дүрыстығына көзін жеткізу үшін метрлеп өлшейді.

¹⁾ Таксаторлар класы—орта дәрежелі білімді ағаш мамандарын дайындайтын мектеп — біздің орман шаруашылығы техникумына тең.

²⁾ Жоспарларды түсіргенде пайдаланатын бұрыш өлшейтін аспап.

Мен Циолковскийге, сізді жасыныздан ғалымдық-өнер-наздық жолына салған қандай кітап болды деген сұрап койғанымда, К. Э. маған: Ганоның «физикасы», — деп қысқаша жауап жазды.

Циолковскийдің «ғалымдық жолының» сыпаты қандай еді? Бұл физика оку құралы Францияда кең таратылды. бұл оның авторы сол Франциядан шыққандығынан емес, қайта оның маңыздылығынан еді. Міне, сондыктан да басқа елдерде: мысалы Англияда оның аудармасы 20 рет басылып шықкан. Ал орыс тіліне кітап шыгаратын Павленков аударған. Бұл оку құралы Россияда революцияға дейін ондаған рет қайтадан басылып шықкан. Бұл кітаптың (каталог бойынша) библиографиялық анықтамасы мынау:

А. Гано «Көшілікке арналған физика». Француз тілінен аударған Ф. Павленков. Жи етіп басылған 600 бет. Бұл баспасына 200 ден аса жаттығу сұрақтары және метеорология мен химия туралы қысқаша очерктер қосылған. Бағасы — 2 сом.

Бұл кітапты өздігінен оқып-үйренушілердің ерекше жақсы көретіндігі мына сыйкты қолайлы жағдайларға байланысты: мазмұнының құндылығы, түсінікті тілмен жазылуы, толық талданған қызықты мәселелер мен көрнекі суреттердің көптігі болды. Циолковский бұл кітапты 70-жылдардың бас кезінде кездестіріп оқып шықкан. Ганоның аумакты, қалың физикасы бұдан 20 жыл кейінде білімге ынталанған жоғарғы класс оқушыларының қолынан түспеді. Қазір бұл кітап оңайлықпен қолға түсе қоймайды.


14 жастағы Циолковский толық түсінікті етіп жазылған осы кітаптан ауада жүзудің физикалық негіздерін түсінді. Осы кезден бастап баланың ауа шарлары туралы ойлагая ойларында теориялық нәр бар екендігі байқала бастайды. «Мен көбінесе аэростатпен шұғылданым. Сол кездің өзіндегі келешекте металдан істелетін ауа шарының темірінің қалыңдығы, ауаға адамдарды көтеріп үшатын шардың мөлшері қандай болу керек деген сұрақтарды шеше алатындей жеткілікті дәрежеде мәліметім бар еді», — деп есіне ала-



К. Э. Циолковский
(1912 жылы 55 жаста)

тын. Бұл маңызды еске түсіру. Өйткені бұл өнерпаздық 60 жыл бойына ақыл-ойын жұмсаған металл аэростат идеясының туған мерзімін (1872 жыл) көрсетеді.

Талапты жас механизмдерді қолдан жасауға көп әуестенген. Ол унемі бірдемені істеп отыратынды. Ол сол кезде жел двигательдерін, шынжырына тас байлағанда жүргітін сағатты, жұмыс істеуге әбден жарайтын токарь станогын жасайды. Сонымен қатар жел двигательі арқылы өздігінен жүретін арба жасаған, ол арбасы желге карсы да жүре алатын болған көрінеді. Қол өнеріндегі оның бір үлкен табыска жеткені бу трубасымен жүргізілетін жабайы автомобильді ойлап табуы (70-ж. бас кезінде) болды. Жас өнерпаз ішіне салған заттар өздігінен жоқ болып кететін стол, жәшік ойлап шығарумен де әуестенген.



Москвадағы үш жыл

„Менің мінезімдегі өзгешелік — барып тұрган тәуелсіздік пен жұмысты өзбетім-шес істей“

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Бала бірнеше жылдар бойы ешкімнен жәрдем көрмей өзімен-өзі болған. 17 жасқа келген шағында өнерпаздық ісіне бейімділігі, техникалық ілімді үйренудегі алғырылығы анық байқалған кезде, мұндай дарынды баласының болашағын қор қылмау мәселесі әкесін көп ойға салды. Ол Константинді білім алу үшін Москваға жіберу керек деген қортындыға келді. Әкесі Константинді Москваға окуға жібергенде баласының кім болып шығатынын және одан қандай келешек күткенін түсіндіріп айту өте қыйын. Бұл мәселені Циолковскийдің әкесі секілді тұрмыска қыры жок адамның осылай шешуі шынында да таңыркарлық іс еді. Өзін Москваға жіберу турасында өнерпаз «Мен өзімнің осы саңырау қалпында не істей алам, кімдермен қандай байланыс жасаймын? Тұрмыс жағдайын білмегендіктен табыс тауып, атақ алушан хабарсыз едім», — деп жазады.

Бәрінен де ғажабы — осы дұрыс ойланбаған жоспарлың жүзеге асырылып, нәтижелі болып аяқталуы.

Москваға келгеннен соң 17 жасар жас жігіт жоқшылықтың құшағында күн көрді. Өзінің семьясын асырауға жетпейтін қаржысынан әкесі титымдап бөліп, ай сайын 10—15 сом ақша жіберіп отыратынды. Ол каржы Константінің тамағына ғана жетуші еді. Жас Циолковский оның көбін тәжрибе істеуге керекті шыны тұтіктер, қышқылдар, сынап тағы басқа заттар мен кітаптар сатып алуға жұмсақ, тамакқа азын қалдыратын. Ол үнемі қара нанды көрек қылатын, керек десе шай ішпейтін, картоп та жемейтін. «Қара нан мен судан басқа көрегім болмады. Айна 90 тыйын жұмсақ күн көргенім әлі есімде» дейтін ол.

Кейір кездерде осы болмашы тыйындардың өзіде болмай қалатын. Мұндай жағдайда жас жігіт акшасыз күн

көргө аралық болмайтындығын сезгеннен кейін өзінің иәрселерін арзанға сататын. Өмірінің бұл кездеріндегі оның түрі адам таңырқарлық болатын. Үстіндегі костюмі күкірт қышқылынаң ойылып қалған, ақшаның жоқтығынан дударланып есіп кеткен үзын шашты, зор денелі жігітке отіп бара жатқандардың бәрі де таңырқап қарайтын. Қөшеде ойнап жүрген балалар «Сенің шалбарыңды тышқан жеп қойған ба?» — деп айғай салатын.

Бар ойлағаны білім алу болғандықтан төзімді жігіт, мұндай турмыстың қыйындығынан қысылмайтын еді. «Ашпын-ау, қажыдым-ау деген ой тілті менің ойыма кіріпте шықпайатын» дейтін ол. Қартайып келген шағында, жоқшылық пен аштықтың күшағында өзі оқыған кезеңін есіне алып, оны совет оқушыларының кәзіргі бақытты тұрмысымен салыстырып, біздің жас техниктердің шыдамсыздықтарын көргенде «өнердің сәбілере, біздің ойларымыз, не болмаса тапқан жаңалығымыз әлі күнге дейін жүзеге асырылған жок, немесе қабылданбай қалды деп маған келіп арыз етулеріне күлкім келеді. Бірнеше ондаған жылдардаған ісімізден еттеген нәтиже шығарған біз қалай шыдамдымыз. Біз сендердің қолдарың жеткен кәзіргідей жағдайды және балалардың техникалық станцияларын өңіміз түгіл түсімізде де көргеніміз жок еді», — дейтін ол достық қөнілмен әзілдеп.

Москвада өткізген үш жыл, жас Циолковский үшін әрі оқытушысыз, әрі лабораториясыз орта және жогары білім берген мектеп болып есептеледі. Бұл оның қайтпас қажырлылық пен системалы түрде өздігінен оқып үйренген кезеңі еді.

Кітапханада тек оқу кітаптарын оқу арқылыға ол ешкімнің жәрдемінсіз-ақ элементар математика және мектеп физикасы курсын бір жылда үқыпты үйреніп алды. Оқу оған женіл тиді. Өмірбаянына арналған мақалаларында ол былай дейді: «кеейбір теореманы оқый отырып, мен оның дәлелдеуін көбінесе өзім табатын едім, бұл маған оның түсінігін кітаптан оқып жатқаннан ғөрі әлдеқайда жеңіл,

әлдеқайда үнайтын еді», оның бұл мойындауы оның қандай мақсатқа болса да өз бетімен жетуге тырысатын пікірінің өзгешелігін сипаттайды.

Москвадағы өмірінің бұдан кейінгі екі жылы тағыда ешкімнің, жәрдемінсіз жоғарғы дәрежелі математика негіздерін игеруге: жоғары дәрежелі алгебраны, диференциялық және интегралдық өсептеу, анатикалық геометрия, сфералық тригонометрияны өтуге арналған болатын.

Алған білімдерін тәжрибе жүзінде тексеріп байқауға ысыққан жас Циолковский осы кезде механикаға жататын бірсызыра өсептер ойлап шығарып, оларды дұрыс шеше білді. Сол кезде, мысалы бір рет пайдаланған буды қайтадан машинада қолдануға болама деген сыйкты кейбір техникалық негізде жартылай шешілген мәселелерге жас өнерпаз тың мәселедей қарап, оларды өзбетінше шешүгे талап танды.

Бертін келе ол: «Кітаптардан алған білімдеріме сүйене отырып мүмкіндігінше өзбетіммен ілгері қадам басу, сол кітаптарда жазылған бұрыннан белгілі мәселені өзімшешешу, маган жеңіл болушы еді және үнайтын еді», — деуши еді.

Осы кезде де жалпақ айналмалы ыдыска құйған сынаптан телескоптық үлкен айна жасап шығаруға болатынын ойлап тапқанын, басқаша айтқанда, кейіннен америка физигі Вуд істеп шығарған айнаны ойлап тапқанын айта кету керек. Сонымен қатар ол болашақ «Циолковский дирижаблі», газ өтпейтінің шыдамды металл аэростат мәселесін де ойланумен болды.

Циолковский Москвада тек оку қітаптарын ғана емес, көркем әдебиет, әдебиет сыннына арналған және ғылымдар тарихы жөніндегі кітаптарды көп оқыған. Писарев және Тургенев шығармалары, әсіресе Тургеневтің «Аталары мен балалары» атты шығармасы жас өнерпаздың өміріне үлкен әсер еткен. Циолковский оқыған авторлардың ішінде францияның атақты астрономы Арагонның да аты кездеседі. Бұл уақытта оның шығармаларынан орыс тіліне 4 томды

«Астрономия туралы жалпы түсінік» (1861 ж. жаңа үштөрмөді «Атақты астрономдар, физиктер мен геометрлердің әмбебандары» (1850—1860 ж.) деген еңбектері аударылған еді.



Педагогтік қызметінің басталуы

„Мен қырық жылдай мұғалім болдым“

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковскийдің жасы 19 дан аса бергенде «Москвадағы өзбетімен білім алу университетін» аяқтап әкесінің шакыруы бойынша Москвадан 1876 жылы Вятка қаласындағы өз үйіне кайткан еді. Вяткада әкесі біреудің үйіне барып сабак беру жұмысын тауып бергеннен бастап жас Циолковский мұғалімдік еңбекпен тіршілік қамына кіріскенді.

Ол кезде сабак беру жұмыстары сондайлықты көп табыла қоймайтындықтан Константиннің бос уақыты басқа істерге де жеткілікті болды. Бос уақытында үйдегі мастерскойнда өзі жасаған конструкциялары бойынша механизмдер және басқа құрал-аспаптар істейтін еді. Ол өзінің мастерскойның қоныс аударғанда да тастамай бірге ала жүретін. «Үйдегі мастерскойым әрқашан да менің серігім болды. Егер ол оттың, не судың апатына ўшырап қалған күнде мен оны қайта жабдықтап, не жана құралдармен толықтыратын едім», — дейді. Циолковский сол кезде биік сөрелі, курделі конструкциядан құралған ескегі және центрден тепкіш насосы бар су шаңғысына ўқас апарат ойладышығарды. Өнерпаздың ойлат шығарған аппараты дұрыс жұмыс істеді, оған өзі мініп алғып өзеннен аман-сау жүзіп өткендігін есіне түсіріп отыратын.

Циолковский мұнымен қатар осы кезде бар ынтасымен кітаптарды көп оқуға кірісті. Ол Ньютоның «Натуралдық философияның математикалық басталуы» (яғни, «физика») деген шығармасымен танысты. Тап сол кезде Циолковский латын тілінде шыққан кітапты түп нұсқасынан оқый алмайтынды, міне сондықтан да өнерпаз бірнеше жылдан кейін осы кітапты неміс тілінде аударылып шыққан кездеған оқыған болуы керек. Ол ай сайын «Дело» және «Отечественные записки» журналының үзбей оқыды. Өйткені, ол журналдарға сол дәүірдің белді жазушылары қатнасатын.



В. Е. Циолковская
(К Э. Циолковскойдің әйелі)

Циолковский өзінің қол жазбаларында: «бұл журналдар маган зор әсер етті», — деп жазады

Бірнеше жылдардан кейін Циолковскийдің әкесі болмашы пенсиямен отставкаға шығып, үйіші түгел Вяткадан Рязань қаласына көшіп келді. Жаңа көшіп келген жерде Константин Эдуардовичке үйде сабак беру жұмысы бірден табыла коймады. Дипломы болмағандықтан мектеп оқытушысы қызметін ала алмады. Бастауыш мектепке сабак беру правоносын алу үшін (ол кезде орта мектептерде университеттік дипломдары барларға сабак берे алатын) емтихан тапсыруы керек болды. Сабак беру сынынан ойдағыдан өткесів оның күлағының мүкістігіне қарамастан бастауыш мектепке математика сабағын беруге рұқсат етті.

Ендігі іс тек қызметті орнындаға қалды. Циолковский бұл қызметті тосып жүрген кездерде өз туысы Рязань по-мещигінің имениесінде тұрып, оның балаларын оқытты. Ол осы үйде сабак беріп жүрген кезде өзінің бірталай бос уақытын дene массасының пропорционалдығы жағынан бір-біріне үқсас екі күш — тартылыстың продоксалдық көрінуі және центрден тебетін эффект жөнінде көп ойланды. Ол өзінің балалық армандарын дәл есеппен анықтап, онығылми фантазияға айналдыруға тырысты, сейтіп балалық шағына қайта оралғандай болады. Константин осы ойларның нәтижесін түсіндірме жазулары жоқ көрнекі сурет және есеп күйінде арнаулы дәптерге жазып отырды. Бұл дәптердің тозығы жеткен сарғыш қағаздары 1908 жылы су тасқынынан аман қалып біздің уақытымызға дейін сақталған: К. Э. бұл дәптерді «1879 жылға катысы бар (автор 21 жаста еді), жас кезіндегі еңбегім, — деп қыскаша түсіндірме жазып 1923 жылы маган тартуға тартқан еді. Бұл дәптерді ашып қарап отырғанда баспадаң бұдан он алты жыл кейін шыққан ғылыми-фантастикалық түрде жазылған «Жер және аспан туралы арман» деген очеркі осы кезден басталғанын анық көреміз.

Циолковский көптен күткен педагогтік қызметіне 1880-жылдың аяғында тағайындалды. Боровскінің «үйездік учи-

лапчесінде» (бастауыш мектептердің бір түрі) арифметика
және геометрияның бастапқы мәліметтері сабактарын бере-
тім мұғалім болды. Калуға губернасының халық саны 20
жылдан кейін ғана небары $\frac{1}{2}$ мыңға жеткен осы кішке-
но қаласында үлі өнерпаз 11 жыл мұғалім болып қызмет
істеді.



Боровскі қаласының жалпы көрінісі.

Циолковский бұл уақыттарда да өзінің бүрынғы әдет-
тегісіндей мектепте сабак беруден бос уақытын физикалық
тәжрибелер жүргізуге, ғылыми еңбектермен шұғылдануға
жұмысайтын. Бұларды ойлап тауып, жүзеге асыруға ол өте
шебер болатын. «Мениң электр наизағайларым жарқылдалап,
құн күркіреп, қоңырауларым шыңғырлап, қағаз қуыршак-
тарым билеп, наизағайдан тесік пайда болып, жалын атып
дөңгелектер айналып, иллюминация жалтылдалап, вензелдер
жылтылдаушы еді. Адамдар қолдан жасаған наизағайдын
қатты соғуына таң қалатын... Қөрісі келгендеге, электр-
ленген кәдімгі вареньені қасыққа іліп алып дәмін татқыз-
ғанымда оларды электр қуаты соғатын. Сирақтарымен әр
кімнің мұрнына, не саусағына бас салатын электрлік сегіз-
аяққа жүрт таң қалушы еді. Кісінің төбе шаштары тік тү-
рып, денесінің әржерінен үшқын атқылаушы еді. Мениң экс-


пирамент жасауымнан мысық, тағы басқа жәндіктер де құр қалған жоқ еді» — деп жазған, еске түсіруін оқыймыз.

Циолковский электр күшімен түрлі бірдемелерді ойлап шығару қасиетін өмір бойы тастамады. Қайтыс болатын жылдың өзінде де электрофон машинасын сатып алып, жалықластан тәжрибелер жасап, немерлерін ойнататын.

«Көбінесе жұмысым бастан асып жататын мен жазу, есептеу, дәнекерлеу, сургілеу, ерту тағы басқа істермен шүғылданатынын. Әжептәуір дерлік прошеноңды ауа насосын, бү машинасын істедім» деп есіне түсіретін үол өткен-дегісін.

Циолковский жазғы демалыс кезінде оқушыларға қараздан жасалған монгольфьердің бірнеше түрлерін ұшырып көңілдерін көтеретін. Сондыктан мүндай ойынкүмар оқытушы мен оқушылардың арасындағы байланыс өте жақсы болатындығы өзінен-өзі түсінікті рой. Циолковскийді оқушылар жаңындағы жақсы көретін еді.

Циолковский Боровскіде өткізген он бір жылышың алғашкы жылдарында, сол жерлік, үй қожасының қызы Варвара Евграфовна Соколоваға үйленіп, семья құрды. Бұлар жарты ғасырдан аса бір-бірімен тату-тәтті өмір сүрді.



Тұңғыш ғылыми еңбектер

„Мен алдымен көптеп бері белгілі болып келген, одан кейін таяудаған табылған, ал содан кейін тіпті болмаған жаңалықтарды аштым.“

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковский Боровскіде тұрған кезінде өзінің оқушыларының қөңілдерін көтерумен қатар, өздігінен ғылми зерттеу жұмыстарын жүргізуге уақыт табатын. Циолковский сол кезде, кейіннен шыққан Хволсонның «Физика курсы» се-кілді белгілі дәрежеде маңызы болған Ф. Ф. Петрушевскийдің «бақылау физикасының курсы» деген кітабын оқып, одан газдың кинетикалық теориясының ишарасын үқсан. Петрушевский мұны дүдемалды гипотеза деп бағалаған. Циолковский бұл теорияда дәлелденбеген жорамалдан анағұрлым артық және ірі маңызды мәселе бар екенин сезген. Бұл жөнінде, ол істі өздігінен жүргізу әдеттінен қайтпай осы мәселені шешуге кірісіп, сайып келгенде, газдың кинетикалық теориясының негізін табуға жақындаған еді. Бұл теорияның түсінігін орыс физика-химия қоғамына (Ленинградқа) жіберген. Бұл қоғам автордың бұл еңбекі сондайлықты ғылми үлкен табыс болмаса да, Циолковскийді өзіне мүше етіп сайлады. Өйткені кинетикалық теорияны ол кезде батыста — Клаузиус, Максвелл, Больцманндар — ашып қойған еді.

Оның есесіне, басқаруға көнетін металл аэростат проектісі Циолковскийдің өзі тапқан жаңалығы болып қала берді. «1885 жылы, 28 жасында ауада қалку ісін жүзеге асыруға және механика арқылы басқаратын аэростаттың теориясын талдап шығуға шын ниетіммен кірісуге бел байладым. Екі жыл бойына дем алмастан осы мәселемен шүғылдандым. Мен әрқашан да ынталы оқытушы болғандықтан ақыл-оыймды, күшімді училище үшін жұмсап, көп уақытта үйге қажып, шаршап қайтатын едім. Сондықтан тәжрибе жұмысын істеуге, есептер шығаруға кешкілікте

ғана кірісетінмін. Қөлшілік уақыттың окушыларға кеткен діктен әлім де күрып қалатын еді. Мен таң сәріден тұрып өзімнің еңбектерінді жазып, училищеге содан кейін баруды аедімем айналдырып алдым.

Осылай бар жігерімді салып екі жыл бойына жұмыс істегеннен кейін бір жылдай басым қақсан ауырып жүрді. Қандай жағдайлар болғанменде, 1887 жылдың көктемінде Москва дағы политехникалық музейдің жанындағы жаралыс танушылардың қоғамында басқаруға көнетін металл аэростат туралы бірінші болып баяндама жасаған мен болдым. Бұл қоғам маган тілектестігін білдірді. Проф Столетов менің кол жазбамды қарап шығуды Жуковский¹ тапсырды.

Өз жұмысымның пайдалы болуы үшін, мені Москваға алдыруды етіндім. Маган уәде берседе, түрлі жағдайлар мен Москваға ауыстырмады. Мен төсек тартып ауырып, дауысымнан айырылдым. Менің кітапханамды, моделдерімді өрт алаты күрткіш жіберді, бірақ проф. Жуковскийге қарап шығуға берілген кол жазбам аман қалды, ол бүгінгі күнге дейін өзімде сакталуда. Ол «Аэростат теориясы» деп аталады. Бір жылдан кейін науқасымнан айырып, жұмыска қайтадан кірістім² — деп жазады ол.

Беделді мамандардың көшілігі аэростатты басқару мүмкін емес деп есептейтін кезенде ешкім білмейтін үйездік училище оқытушысының, басқаруға көнетін ауа кемесі проектісі туралы баяндама жасауының өзі барып тұрғав батылдық екендігін айтпай кетуге болмайды.

Өзінің техникалық идеясы туралы көшілік алдында бірінші рет баяндама жасау үшін Циолковскийдің Москваға баруына мына жағдай себеп болды. Ол 1887 жылы өнер-паз-электротехник П. М. Голубицкиймен танысқанда онын үйіне София Ковалевская² қонаққа келіп жатыр еді. Мені-

¹⁾ А. Г. Столетов — Москва университетінің профессоры, атақты физик. Проф. Н. Е. Жуковский — ауада үшу және авиация маселелері жөнінде үздік шыққан маман.

²⁾ С. К. Ковалевская — орыстың атақты математигі, Стокгольм университетінің профессоры.

мен танысқысы келген Ковалевскаяға мені алып бару үшін Голубицкий Боровскіге келген еді. «Бірақ менің мұсәпірлігім, сонымен катар тұрпайы тағылығым Софиямен кездесуғе мүмкіншілік бермеді» деп жазады Циолковский. Бұдан он жыл өткеннен кейін (1897 ж) «Калужский вестникі» газетінде басылған мақаласында Голубицкий былай деп жазады:

«Мен Циолковскиймен 1887 ж. Боровскі қаласында таныстым. Бұдан бірнеше жыл бўрын осы қалаға ойда жоқта бір келгенімде бўл жердің адамдары — Циолковский дейтін керемет өнерпаз бар, — кемелер ауа теңізінде айтса нағызыздай жылдамдықпен қалаған жағына қарай үшатын уақыт болады деп сендіреді деген жүрттың сөзін естігендесін, әдейі барып жолықым келді.

«Циолковскийдің әңгімелері менің күмарлығымды күшайте түсті: біріншеден, менің таң қалраным, оның жасаған моделдері құрылсының қарапайымдылығы, арзанға түсетіндігі және жасап алу тәсілінің оңайлығы болса, екіншіден — қортындыларының маңыздылығы. Ньютон, Майер және қоپтеген ғалымдардың түкке тұрмайтын болмашы тәжрибелерді жасаудың арқасында баға жетпейтін ғылыми қортындыға келгендері еріксіз есіме түсті. Мәселе скрипканың бағасында емес, музыкантың талантында деген сөз, дұрыс-ақ екен ғой.

«Мен бірнеше уақыт өткеннен кейін Москва университетінің проф. А. Г. Столетовке кездескенімде — Циолковский деген оқытушы жоғары математиканы біледі, өз жұмыстарына келелі ғылми қөзбен қарайды, оны басқалармен таныстыргым келеді дедім.

«Столетовтың қолдауы арқасында, Циолковский Москвандың ғылми және техникалық жыйналыстарында бірнеше баяндамалар жасап, өз жұмыстарын бастырып шығаруға колайлы жағдайларға кез болған еді. Столетов Циолковский жұмыстарының маңызы зор екенін және ғылми сипаты барлығын мойындайтын еді».

Дирижабль проектісін жасап шығару жұмысы кешікпей-ақ Циолковскийді тікелей нақты ғылми мәселемен шұғылдануға — қатты дene ауада қозғалғанда пайда болатын күштерді зерттеуге мәжбүр етті. Бұл жөніндегі ілім кейінгі кезде, өткен ғасырдың аяғында, осы ғасырдың басында өз алдына дербес аэродинамика ғылымына айналды. Циолковский өз жұмыстарына қажетті мәліметтер іздеген кезде бұл ғылым жоқ болатын еді. Сонымен міне, сөйтіп не ғылми дайындығы, не жеткілікті дәрежедегі лаборатория жағдайы, не қаражаты жоқ үйездік бастауыш мектептің оқытушысы өзбетімен аэродинамикалық зерттеулерге өздігінен кіріседі. Оның ғылми қадамының батылдығы сонша болды, тіпті, бір кездерде ұлы Ньютоның қагида-сын бір ретте теріске шығарады: қозғалған жазықтыққа қыя соққан ауа күшіне арналған Ньютон формуласының қата екенін табады. Циолковскийдің теріс деп тапқан Ньютон формуласының шынында кате екенін Париждағы мұнараны салушы атақты Эйфель кейіннен дәлелдеп шыққан. Циолковскийдің бұл жұмыстарының кейбір бөлегі Одессада шығатын «Вестник опытной физики» деген журналда басылған.

Циолковский Боровскіде тұрган кезінде, басқа жоқшылықтарына қоса, жығылғанға жұдырық дегедей өкі рет апатқа үшыраған: бірінде Портва өзені тасығанда үйін су басып кетеді, екіншісінде, мұліктері, кітапханасы мен қол жазбалары өрт апатына үшырады.



Калугадағы алғашқы жылдар

„Менің өмірім мен бар жігерім бір түйір наң табуға жұмысалды, ал игілікті талабымды орындауға уақыт пен қуат мейлінше аз қалды“.


ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковский үйездік қалада 11 жыл тұрғаннан кейін гана қызмет бабымен губерниялық Қалуга қаласына көшүгे үлықсат алды. Оның үзак өмірінің екінші жартысы осы қалада өтіп, сүйегі осы қаланың сыртындағы бақтың ішіне койылды.

Қалугада бірнеше жылдар бойы бастауыш мектеп оқытушысы болып, кейіннен орта мектепте жергілікті реальлық училищеге математика сабағын беруге рұқсат алды. Мұнда еңбек ақы анағұрлым молырақ болатын. Бұл қолайлы жағдай көпке үзаган жоқ. Бір жылдан кейін Циолковскийге реальдық училищеден кетуге тұра келді. Себебі, жаңа оқытушының сабағынан оқушылардың «жылдық кортынды да бірде-бір екілік баға алмағаны» бастықтарға үнамады. Циолковский еңбек ақысы бұдан әлде қайда кем төлөнетін әйелдер орта мектебіне — еперхиальдық училищеге ауысты. Ол осы мектепте Социалистік Ұлы Октябрь революциясына дейін физика, кейіннен математика пәндерінен сабак берді.

Құлағының керенждігі салдарынан оның педагогтік жұмысы қалай өткендігі туралы Циолковскийдің өзі былай дейді: «естімейтін болғандықтан өзіме сұрақ қоюды ўнатпайтынын. Сол үшін маған қарсы талай наразылық туғанымен де, лекция оку әдісін қолданатын едім. Мен ен кем дегенде 40 мындағы лекция оқыған шығармын. Кейде 17—18 дегі қыз, не ер баланы шақырып алғып, сол жақ құлағыма жақын қойып, оның айтқан жауабын тындайтын едім. Бұл кезде кластағы басқа оқушылар жұмысын күліп отыратын.

«Жалықпай түсіндіріп, бағаны әділ және тәуір қоятын-




Калуга қаласының бұдан 38 жыл бұрынғы экзалим көріні.

дығым үшін окушылар мені жақсы көретін еді. Менің оларға талай қызықты тәжрибелер көрсетуге де сарандық істемейтіндігімнен балалар оқығандарын жақсы түсінетін. Бұл тәжрибелерді жасау үшін өз еңбек ақыннан жұмсайтынын. Мен көбіне математика, не физикадан ара-тұра басқа сабактарды да оқыттым, кей уақыттарда космография және химиядан да сабактар беріп жүрдім».

Циолковский алатын еңбек ақысы аз бола тұрса да оның денін мектепте істейтін тәжрибеге жұмсайтынды. Константин маған 1913 ж. «сіздің бұрыс түсініп қалмауыңыз үшін айтайын дегенім — менің тұрмыс халым, гимназия оқытушыларының жағдайынан көп өзгеше» деп жазды.

Циолковский Қалугадағы алғашқы жылдарда тұрмысын біртіндеп жақсарту үшін астанада шығатын кейбір журналдарға еңбектерін бастырып, азда болса ғылыми байланыстар жасап тұрды. Ол 1893 жылы Нижегородтегі физика және астрономиямен әуестенүшілер үйірмесіне «Бүкіл әлемдік тартылыс заңы — әлемдік энергияның басты көзі» деген қолжазбасын жіберді. Бұл жұмысты үйірме жыйналысында талқылап оның авторын қоғамға мүше етіп сайлаған. Кешікпей бұл мақала Москвадағы «Наука и жизнь» журналында басылып шықты. Уш жыл өткеннен кейін бұл үйірмеге Циолковскийдің «Құннің ішіндегі қысым туралы» деген екінші ғылыми хабары түсті. Оның бұл еңбегі Петербургте ай сайын шығып тұратын «Научное обозрение» деген журналда басылды. К. Э. бұл журналмен байланысын үзбей, журнал жабылғанға (1904 ж) дейін оны шығаруға катысып тұрды. Оның табыстарына қуанған және өзін құрметтеген шет аймақтағы Нижегородтың ертеден келе жатқан ғылыми бірлестігі (кәziргі күнде «Горькийдегі астрономия-геодезия қоғамы» деп аталады) қатарында Циолковский қайтыс болған күнге дейін мүше болып келді.

Циолковскийдің «Аэроплан, не құс тәрізді ўшқыш машина» деген аэроплан теориясына арналған маңызды жұмысы оның Калугаға көшіп келген кезеңінің алғашқы жылдарына жатады. Бұл шығармасы 1895 жылы «Наука и



К. Э. Чюлковскийдің ескі үйнін алды.

жизнь» журналында басылған. Циолковскийдің осы еңбегін-дегі дәлелдеп жасаған ўшу аппараты проектісінің конструкциясы бұдан көп жыл кейін шыққан «Антуанет», не «Блеррио» монопландарының түріне өте үқсас еді. Циолковскийдің техникалық сезімталдығы, ол уақытта болып көрмелеген конструкцияны болжап білуі, оның ұлы өнерпаз екендігін айқын көрсетеді.

Сол кезеңдерде оның дарындылығын көрсететін тағы бір жұмысы, ауа кедергісінің математикалық дұрыс есебін жасаған «Басқаруға қонетін аэростаттың өздігінен горизонталь қозғалуы» деген еңбегі болып табылады. Ол «Вестник опытной физики» деген журналда (1897 жылы) басылып шықты. Бір жылдан кейін осы журналдың бетінде «Жасанды ағынға орнатқан беттерге ауаның түсіретін қысымы» деген еңбегі басылып шықты. Бұл шындығында Циолковскийдің ойлап тапқан аэродинамика трубасы дейтінге дәлел бола алғандай (бұл жөнінде соңғы тарауда то-лығырақ айтылады).



Дирижабль үшін күрес

Циолковский өзінің өнерпаздық ақыл-онын қебінесе мыза екі идеяға аударды: Басқаруға көнетін металл аэростат туралы ойы мен атмосферадан әрі шығып, әлем кеңістігінде үшу арманы болатын. Циолковский қалдырып кеткес идеялық мұралардың негізі болып табылатын бұл техникалық пікірлер жөнінде кітаптың екінші бөлімінде толық әңгіме етеміз. Кітаптың осы бөлімі өнерпаздың өмірбаянын баяндауға арналғандықтан, тек Циолковскийдің өзіне ардақты болған идеяларына басқалардың көnlін аудару үшін қандай әрекет істегені жөнінде жазылады. Ал, енді дирижабль проектісін қалай насиҳаттады екен, содан бастайық.

Циолковский өз еңбектеріне көпшіліктің назарын аудару үшін қолынан келгеннің бәрінде істеп бақты деуге болады. Ол біріншіден, басқарумен ауада үшу теориясы мәселелерінің негізін оңай түсіндіретін «Ая кемесі туралы және оны жасау жөніндегі қарапайым ілім» деген үғымды тілмен көпшілікке арнап кітап жазды. Москвадағы «Общедоступная техника» журналының косымша кітабы болып 1898 жылы басылады да, 6 жылдан кейін толықтырылып қайта баспадан шықты. Бұл өз кезеңінде техниканың маңызды мәселелерін көпшілікке үғымды тілмен түсіндірген ете күнды кітап болып есептелген. «Қарапайым ілім» аэронавтика туралы негізгі мәселелерді қысқаша болса да түсіндіретін еңбек болғандықтан осы күнге дейін белгілі дәрежеде өзінің маңызын жойған жок. Шығармандың негізгі максаты—металл дирижабль идеясын насиҳаттау еді. Кітап мына сездермен аяқталады: «менің жазғандарымды оқып шыққандардың көпшілігі барлығына толық сенбеулесрі де мүмкін. Кітапты шкафқа тығып тастамай басқалардың да оқуына берініз, сөйтіп ол қолдан-қолға көше берсін. Мүмкін, күндердің күнінде бұл кітаптың маңызын туғынетін адамдар табылар».

Кейіннен толық зерттелген осы мәселе Петербургтегі

«Воздухоплаватель» журналында «Аэростат және аэроплан» деген тақырыппен төрт (1905—1908) жыл ішінде басылып шықты. Циолковсийдің бұл еңбектерінде үкілтұлымынан орындалған. Оның «Тандамалы еңбектерін» шығарушылар 25 жыл өткеннен кейін осы еңбекті редакциялауға кіріскеңде егежай-тегжайіне жетіп, міней қарағанның өзінде де оның корытындылары мен формулаарына ешбір түзетулер енгізбеді. (Бұл еңбек «Металл аэростат теориясы» деген тақырыппен шығармалар жыйнағына енгізілді).

Бұған қарамастан, Циолковский оқымысты-мамандармен байланысып, патшалық Россия тұсындағы ғылым бірлесстіктерін өзінің проектісіне көңіл аудару үшін бірталай әрекет жасады. Петербургтегі — «Техникалық қоғам» (Ол қоғамның ауада жүзу деген арнаулы бөлімі болатын), Москвадағы — «Тәжрибелік ғылымдардың дамуына жәрдемдесетін Леденцов атындағы қоғам» үлы өнерпазға түрлі кеңестер айтып, материалдық қаражатпен көмектесіп тұрды. Циолковскийдің бар ынтасты революцияға дейінгі Россияның реңми ғылымының оқымыстылары қатарына қосылып, өзін таныту еді. Бұл оның Боровскіде тұрған кезіне жатады. Бұл 1890 жылы өнерпаз өзінің дирижабль жөніндегі қолжазбасын, қолжазбаға қосымша, болашак ауа кемесінің қағаздан жасалған үзындығы $\frac{3}{4}$ метр модельлінің проектісін қосып, атакты химик, данышпанғалым Менделеевке (ауада жүзу проблемасына қатысы бар мәселе болатын) жіберген кезі еді.

«Өзімде тусінбеймін, мүмкін қайрымыды профессордың адамзат үшін еңбек еткен өнерпаздар мен ойшылдардың қаратунек қапастағы қайғылы тарихтары есіне түсті ме, не болмаса менің хатым, не моделім өзіне үнап, асер етті ме, әйтеуір не керек, ол менің қолжазбам мен моделімді техникалық қоғамның ауада жүзумен шұғылданатын 7-ші бөліміне беріп, қоғам жыйының Е. В. Федоровтың, таң осы мәселе жөнінен баяндама жасауын сұрапты. Баяндамашы өзінің сейлекеги сөзінде: «Аэростатты металдан жасау деген пікірге ерекше көңіл аударуға болады. Әйткені,

металл газ өткізбейді, сондыктан да оның төзімділік уақыты үзартылады, ауаға үшуды арзандатады, өнерпаздың жасаған есебі¹ өте дұрыс болса да, аэростатты металдан жасаудың көп қызыншылықтары бар. Болашакта дирижабль метал тыспен қапталатын болса, онда ол ешбір пайдасыз, тіпті зиянды болып та шығады. Өйткені, «қайткенде де аэростат әрқашан да тек желдің ойыншығы болып қала беруге тиіс» деп хабарлады.

Бұл тұжырымды тұрпайы үкім тек Циолковскийдің дирижаблін ғана емес, сонымен қатар ауада жүзуді басқарудың өзінде болмайтын іс деп теріске шығарды. Аэронавтиканың кейінгі дамуышың арқасында ресми маманның тұжырымды айтқан пікірлерінің тас-талқаны шықты.

Леденцов қофамы комиссиясының бұдан 25 жыл өткен-нен кейін (1914 ж) Циолковскийдің осы қофамға берген өз дирижаблінің қағаздан емес, металл тыспен қаптаған моделіне шығарған үкімі де жеңіл болмады. Өнерпаз бұл модельді сол қофамның өзі көмек ретінде берген 400 сом қаржысына істеген еді. Комиссия модельді қарал шыққаннан кейін түкке жарамайды деген қортындыға келген. Бірақта Циолковский бұл қортындының, әрбір пунктінің өзі қате екендігін біліп оны шындық дәлелдер, фактылармен дәлелдеп, комиссия шығарған жалған қортындының күлін көкке үшірді.

Циолковскийдің терең ойлап, үқыппен жасаған проектісіне мамандардың сенімсіз көзқарастармен қарауы, өнерпаздың табандылығына, өз ісінің жемісті болатындығына сенушілігіне теріс асер ете алмады, Циолковский өз пікірінің дүшпандары алдында өзін салмакты үстап, олармен жайлап сейлесу дәстүрін бұзған жок. «Мен өзімнің судьяларымның әрқашан да мән-жәйін толық білуші едім. Мен олардың шығармаларын талдап қарағанда тек математикалық қателерін көрсететінмін. Мен ешуақыттада олар сыйқ-

¹⁾ Баяндамашы, — «Циолковский күндердің күнінде ауада журу ісіне көрнекті үлес қоса алады» деп таниған

ты бос сөзге салынбайтынын. Олар менің қателерім, пікірімнің негізінде ме, жоқ болмаса, есептерінде ме, неге соны дәлелдеп айқын ашып көрсетпейді?»—деп жазады. Металл лирижабльге арналған менің шығармаларымда бірнеше мың есептер және жоғары математика формулары бар. Бірақ «күрметті консультаттарым бұл еңбектерімнен ешбір кате тауып, көрсете алған ЖОҚ. Бұл жұмыстарымда олар қозғаған мәселелердің бәрінде тыянақты түрдө қайтадан қарап шыққанымда барлығыда дұрыс болып шықты. Сұльяларымның менің еңбектерімді дұрыстап қарамағанына мен кінәлі емеспін ғой» деп жазады өнерпаз тағы бір жерде.

Циолковскийдің жұмысына тек ғылым Академиясы біркелкі дұрыс қараған. Шындығында, революцияра дейін Академия құрамында техникалық ғылымдар белімі болған жоқ, сондыктан да оның дирижабль проектісін қарастаған мүмкіншілігі болмады. Бірақ та, Циолковскийдің аэродинамиканы зерттеуге арналған тәжрибелерімен танысканнан кейін Академия оған дұрыс баға беріп, «Циолковскийдің жасаған тәжрибелері өте көп, әртүрлі қызықты және көніл аударапты маңызды іс» деп тапты. Автордың тәжрибесін тоқтатпай істей беруі үшін Академия (470 сом) акшалай сыйлық берген.


Ғалымдар арасында Циолковскийдің проектілері мен техника идеяларынан гөрі, тәжрибелі зерттеу жұмыстары жоғары бағаланып жүргенін айта кету керек. Мысалы Проф. Н. Е. Жуковский 90 — жылдардың өзінде-ак Циолковскийдің бір эксперименттік жұмысы туралы былай деп баға берді. «Автордың зерттеу әдістерінің сонылыры, пікір қортындысының тыянақтылығы және тәжрибелерінің тапқырлығы оның талантты экспериментші екендігін сипаттайтыды. Оның есептеп шығарғандарының өзін жәндіктердің, құстардың үшуларын анықтауға қолдануға болады, осы мәселе жөніндегі қазіргі қозқарасқа дәл келеді және дұрыс шешілген». Осылайша деп Жуковскийден баға алған Циолковский, дирижабльдің моделін жасауға Леденцов қоға-

мынан 400 сом қаржы алды. Бұл ақшаға істелген моделді кейіннен осы қоғамның эксперttары жарамсыз деп сыйнаған болатын.

Фылым Академиясы мен Леденцов қоғамы материалдық көмек көрсеткенменде ол өнерпаз белгілеген көп проекттер мен жұмыстарды орындауға мүлдем жетпейтін еді.

Циолковскийдің көмек көрсетуге бағытталған ундеуін жүргіштык бір рет қана қолдады, бірақ осы талапты корта келгенде ол іс ешбір натиже бермей, аяқсыз қалды. Орыс-жапон соғысы кезінде, 1904 жылы Москванды «Русское слово» дейтін газет Циолковскийдің металл дирижабльді тез арада жасактау үшін жедел жәрдем көрсету үшін газетке жазылу жарнасын жариялады. Мұнда әскери мақсат көзделді ол — Маньчжурияға әскерді тезірек жеткізу еді. Бұдан жыйналған 500 сом өнерпаздың қолына тимей, газет шығарушы баспаның кассасында қалып қойды. Бұдан 9 жыл өткеннен кейін, 1913 жылы Циолковский сол ақша осы уақытқа дейін газет кассасында босқа жатыр, олар ақшамен не істеулерін өздері де білмейді деп кейген: «менің бір таныс адамым газет кенсесінде болып ол ақшаны маған тәжкибе жұмысын жүргізу үшін беру керек дегенді айтқанда, кенседе отырғандар, бұлай ету дұрыс емес деп тауып: ақша сакталуда, бірақ сактау мен есеп беру кезінде жұмсалатын шығындар болатындықтан, соны өтеуге ептеп жұмсалса бермек депті. Мүмкін бұл күнге шейін ол кеміп біткен болар», — дейді Циолковский кекесінді наразылық білдіріп.

Циолковский өзінің өнер табыстарын жасырын ўстамай, кімнің танысқысы келсе, соған шын көңілмен толық түсіндіріп беретін. Ол өзінің тек қара басының пайдасын ойлайтын кейбір өнерпаздар секілді емес еді. Оның мастерскойның есіргі күмартқан жүрттыш бәріне де ашық болатын. Оның металл тыспен қапталған дирижаблінің моделін кім күмартса, сол көріп, өнерпаздан түсінік алатын. «Қөрем деушілердің бәріне де, әсіреле жастарға көрсетуді пайдалы деп табам. Маған қымбат болған істер менсізде тоқталмай істеле берілуі мүмкіндігіне азда болса себепкер болу-



К. Э. Циолковскийң ескі үйінің жалғыз көрінісі.

ды көздеген ем. Мен өзімнің бар күшімді салып істеген ісімнің болашағы келешекте адам баласына зор пайдасы болатындығын түсіндіріп, оларды осы үлы іске бағыттау үшін ақырығы рет әрекет жасап отырмын. Моделді инженерлерге, фабриканттарға, студенттерге, жоғарғы класс оқушыларына, жұмысшыларға және өнерден хабары бар адамдарға көрсетуді қажет деп есептеймін», — деп баспаса з бетінде жарияланған көрінеді. Оның бұл шақыруын қабыл алушылар өте аз болған. Калуға секілді губерниялық қаладан көреміз деушілердің саны жүзден аспағанына ол айыпты емес. Қалай дегенмен де тунеріп алғып, өз мастерскойынан шықпайтынды, Циолковский адамдармен қарым-катнас жасамайды деген пікірлер шындықтан аулақ еді. Қайта, оның өмір бойы тынбай ізденгені — көпшіліктің қуаттауы еді.

Циолковскийдің өздігінен кітап басып шығаруға кіріс-кендегі мақсаты — металл дирижабль проектісін және басқа идеяларын жүрт арасында кең насиҳаттау еді. Бұл естіген құлаққа таңданарлық іс еді. Өзінің болмашы еңбек ақысының көбін ғылыми тәжрибе мен техникалық жұмыстарға шығаратын шет аймақтағы бастауыш мектептің оқытушысы өздігінен кітап басып шығаруға мүмкіншілікті қайдан алған?! Қалай болғаныменде, Циолковский ойлаған ниетінен қайтпайды. Ол көпшіліктің болмайды дегенін болдыруға тырысады. Тұрмысқа керекті көп заттан бастартып, ауыр қалде өмір сурсе де, ол өзінің техникалық идеяларын көпшілікке насиҳаттайтын кітапшалар басып шығаруға өзінің аз табысынан қаржы бөлді. Аштық пен жоқшылықтың зардабын шеге отырып, тап Циолковскийдей баспа кәсібімен шұғылданған адамды патшалық Россиядан іздел табудың өзі өте қыйындыққа түсер еді. Оның шығарған кітаптары сатылған күндерде өз шығынын өзі өтеуге жетпейтінді. Шындығында өнерпаздың бұл ісі таңданарлықтай өжеттік еді. Циолковский өз қаржысына бірнеше ондаған кітапшылар басып шығарды. Олардың әр қайсысының сатылар бағасы бола түрса да, Циолковский кітабын сұраткан адамдарға тегін жіберіп тұрган. Ол кейінгі өзі шығар-

дан кітапшалардың сыртына бағасын жазуды да қойған. «Ол кітаптардан сатудан менің жұмсаған қаржымның бір проценті де өнбейді», — деп жазды маған.

Бәрінен де қынжыларлық іс өнерпаздың осындай өжеттік іешін аяқсыз қалуы болды. Циолковскийдің кітапшалары тегін жіберілсе де жүртіштың арасына көп таратылмағандықтан аз оқылды. Кітапша мұқабасының көркем болған-дығынан өзі оның таралуына көптеген қырсығын тигізді. Провинциялық баспаҳаналарда керекті әріптердің болмағандығынан автор математика формулаларында жалпыға бірдей қолданып жүрген латын әріптерінің орнына қысқартылған орыс сөздерін пайдаланатын. Латын әріптеріне көз үйреніп қалған көпшілік Циолковский шығарған кітапшалардағы математикалық есептерге тосырқай қарап, әрдайым түсіндіруді қажет ететін. Мысалы, көпшілікке түсінікті, бўрын қолданылып жүрген:

$$l \sin y + \frac{l^2}{D} = l (\sin y + \frac{l}{D}),$$

формуланың орнына, Циолковский шығарған кітапшаларда олар көрер көзге сөлемек, мынадай түрде болатын:

$$\sin (y_n) \cdot Dl + \frac{Dl^2}{D^3} = Dl \left\{ \sin (y_n) + \frac{Dl}{D^3} \right\}.$$

Математикалық орфографияны бұлай бўрмалау сөз жоқ окуға мұлдем қызын болады. 1931 жылы проф. Н. А. Рынин езінің «К. Э. Циолковский» деген кітабында Константин Эдуардовичтің ракета мәселелері туралы негізгі еңбектерін кеңінен талдағандаған окуға қолайсыз формулаларды жалпыға бірдей түсінікті белгілермен түзетіп өнерпаздың сибебін бірінші рет дұрыс жобага салды. 1934 жылы Циолковскийдің «Таңдамалы еңбектерін» шығаруды баскарган редакция, оның дирижабль туралы шығармасында кездескен осындай бўрмаланып жазылған формулаларды түзетіп жазды.

Циолковский бір кезде өз күшімен дирижабль жасауды жүзеге асырудың мүмкіндігін түнгіліп патенттерін сатпақ шартте де болды. Оның кейбір кітапшаларының (1911 жыл) мұқабасынан мынадай құлактандыруды оқыймыз:

«Мен дирижабльді металл тыспен қаптаудың әдісін ойлаپ шығардым. Оның түсініктері басқа ерекше кітапшада жазылған, танысам деушилерге оны жіберуге болады. Мұндағы өнер табысына 1910 жылдан бастап бірнеше елдерден заявкалар берілетін болды. Франция, Италия, Англия, Бельгия патенттер алды (номерлері көрсетілген). Патент беру Россия мен Австрияда да рұқсат етілді. Мен таяуда сол Патентті аламын ғой деп үміттенудемін.

«Өз өнер табысымды өзім сынауға құмармын-ак, бірақ қаржым жетпегендікten, патенттерімнің біреуін, не бірнешеуін арзан бағаға сатуға дайынмын. Егерде менің патенттіңде сатып алушыны тапқан адамға мен содан түскен ақшаның 25 процентін берер өдім.

«Бірақта мен өзімнің ойлаш шығарғандарынан ешқандай да пайда таба алмадым. Тіпті осы патентті сатудың өзіне де алдын ала бір талай қаржы жұмсау керек болады. екен», — деп жазады Циолковский.

Тұған елдің көмегінен күдер үзген Циолковский, дүние жүзілік бірінші соғыс басталар алдында, өз проектілерін шетелдерге таныстырып, олардың көnlін аудармак болады. 1914 жылдың май айында осы кітаптың авторына ол былай деп жазды: «Мен өзімнің қарапайым проектімे» неміс не болмаса француз тілінде түсінік жазуым қажет болып тұр (бұрмелі темірден жасалған аэронавтың таза металл тыспен қапталуы жөнінде). Түсініктің көлемі бір баспа табактан артық болмауы керек. Мен оны кітапшаға қосып шетелдерге жіберем, ең болмаса немістер металл дирижабль жасауға кірісетін шығар. Біз оларға соңынан іле-серміз» — деп жазған еді. Екі айдан кейін соғыс басталып кетіп, оның бўл ойы жүзеге аспай қалды.

Педагогтік, ғылыми-зерттеушілік, өнерпаздық, насиҳатшылық, кітап шығарушылық (бўған өзі шығарған кітапшалар-

дың окушылармен жазықсан көп хаттарын қосу керек) се-
кілді көп салалы істермен шұғылданған Циолковскийдің
творчестволық тұлғасын сипаттайдын әдеби еңбектеріне тоқ-
тала кетуіміз керек. Оның көңіл аудаарлықтай әдебиеттів
мәселеңдегі істері болғандығын көзір анығырақ түсіндіруге
кірісеміз.



Циолковский — әдебиетші

*„Орындау — ойдан туады, дәл есеп—
фантазиядан шығады“*

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковский сыйқты техникалық прогрестің даму көріністерін бірнеше ондаған жыл бўрын алдын ала болжаган, шексіз әлем кеңістігін қырағы көзбен шолған адамға тек тамаша ақылдылық қана емес, сонымен қатар, көрген-білгендерін көркем сөзбен жазу үшін творчестволық дарындылық та керек еді. *Циолковский сөзге шешен әдеби дарыны бар адам болатын*. Оның ғылми және техникалық ойларын өркендеткен фантазия болды. «Әрқашан да ой мен фантазия алдынан, ал ғылми есеп бұлардың соңынан жүреді, ал оны сайып келгенде, ой орындалып жүзеге асады» деп жазған болатын Константин Эдуардович.

Циолковскийдің бұл сөздері оның өмір бойы арман еткен идеяларының даму кезеңдерін дәл суреттейді. Оның шарықтаған қыялды болмасты болдыруға бағытталған әдеби қыялдан басталса да, кейіннен математикалық есептің цифrlарымен өзінің өңін өзгертуі. 1887 жылдың өзінде-ақ Циолковскийдің «Айда» деген тұнғыш повесті жазылып бітеді, бірақ жастаға ғана арналған «Вокруг света» журнальның қосымшасында 1892 жылы басылып шықты. Бұл оның алғашқы әдеби шығармасы болатын. Ол кезде айға үшіп бара алатын реактивтік жүлдізға үшатын аппарат ойлап шығару өнерпаздың ойына түсे қойған жоқты. Сондықтанда автор повестің кейіпкерін ай бетіне тек түс жөрү арқылы ғана апарады. Әдебиеттегі бұл ескі тәсілді Циолковский өте шебер пайдаланған. Повестің баяндау негізі— бір үзак үйқының толып жатқан көріністерін үзақ суреттеу болып келді.

Бірақ ол көркем тілмен қызықты, көңілді етіп жазылған. Бұл шығарма ғылми жағынан өз дәүіріне толық, сәйкес еді. Циолковский қырық жыл өткеннен кейін оны қайта

Бистыру үшін, ғылми жағынан редакциялап шығуға маған бергенде тек болмашығана өзгерістер кіргізілді. «Айда» повесті балалар әдебиетіндегі астрономиялық сюжетке жаңылған көркем әдебиеттің ішіндегі ең тандаулыларының бірі болып қалды. Циолковский Қалугада үш жыл тұрғаннан кейін «Жер және аспан туралы арман» деген атпен өзінің ғылми-фантазиялық сыйпатты екінші шығармасын жариялады. Мұны Москвада А. Н. Гончаров (белгілі жазушының туысы) басып шығарған. *Біз мұнда да жаратылыстың қатаң заңына негізделген өнерпаздың еркін қыяллын көреміз.* Формасы жағынан, бұлар салмақ күштерінің көріністері тақырыбында жазылған қазықты очерктер еді. Былай қарағанда, адамдар өздеріне ертеден белгілі болған салмақ күштері туралы ешқандай жаңалықтар, жоқ шығар деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ ол тамаша очеркіті оқып шықсаныздар, Циолковскийдің творчество-лық қыялды тап осы салмак күшінде тосыннан-тосын кездесетін, тіпті ескерілмейтін, көп көріністердің барлығын ашқанына таң қаласыз. Автордың «Арман» кітабы, оның ракетамен ўшу жөніндегі идеясынан бўрын жазылған. Планеталар арасына саяхат жасау бўл кітапта шылғый фантазия түріндеға жазылды. Автордың фантазиялары соңғы кездеға жасау техникалық тұракты идеяларға айналды. Реактивтік аппараттардың принципі «Арманда» белгіленгенімен де, бірақ сол арқылы жерден әлем кеңістігіне ўшуға мүмкіндік бары ол кітапта жазылмаған еді.

Циолковскийдің «Айда» деген повесті қарсылыққа ўшырамай өтсе де, «арман» деген кітабы баспасөз бетінде тікелей қарсы пікірлерге кездесті. «Неделя» журналы сықақтесе, «Научное обозрение» журналы қатты сынға алған рецензияны басып шығарды. Кітапты басып шығарушы өзінің бўл ісіне өкінді, өйткені, Калуга жўртшылығының арасында «кітаптың авторын — жындылар үйіне, бастырып шығарушыни — гауптвахтаға отырғызу керек» деген сөздерді айткан (өнерпаздың қызы Л. К. Циолковскаяның айтуына қарағанда). Окушылардың ызасын келтірген — өнерпаздың фантазиясы шындыққа жанаспайтындей көрінгендігі

еді. Дегенмен оның ой эксперименттері келешекте жүлдіздарға үшуға керекті құралдарды ойлат табуға бағытталған қыялдарын алдын ала дайындауға қолайлы жағдай жасаған еді. Автордың бұл ойы, көшілік оқушыларды планеталар арасына саяхат жасауға бола ма, деген мәселенің ойлантуға белгілі дәрежеде әсер еткен еді. «Арман» болашақ «әлем кеңістігін зерттеушінің» ақылын жаттықтырып, бұған дейін болмаған алыс жолға сапар шегуге канатын қомдаған автор творчествосының алғашқы алып үшкан теңеуірінсіз қыялдының бірі еді¹⁾.

Циолковскийдің фантазиялық жанрда жазылған шығармалары тек «Жер және аспан туралы арман» емес. Оны шығармасының шығуына бұдан бұрынғы бір жұмысы себепкер болған еді, ол еңбек осы уақытқа дейін жарық көрген жоқ. 1916 ж. аяғында Циолковский маған былай деп жазған:

«Мениң 1894 жылдың жазындағы еңбектерімे қатысы бар колжазбам табылды. Ол «Жер және аспан туралы арман»ға өте үқсас.

МАЗМҰНЫ.

„Салыстырмалы“ салмақтың көреметтері.

„Күс жолы.

„Жүлдіздар арасындағы құбылыстар. Жер бетіндегі дәл сондай құбылыстар.

„Салмақсыз ортадағы“ жасанды өмірдің көріністері.

„Күн көзінің планеталық системасы.

„Айға бару және оның бетінде.

„Меркурийде.

„Венерада.

„Марста

„Церерада және Палладада.

„Палладаның фантазиялық сақыйнасында.

¹⁾ К. Э. Циолковский қайтыс болғаннан кейін, 1935 жылы «Айда» повесті мен «Жер және аспан туралы арман» деген очеркі (Я. И. Перельман редакциясымен) бір кітап болып басылып шыкты. Бұл кітаптан «Арман»ның казіргі уақытта маңызын жойып, ескірге екі бөлімі алынып тасталды.

“Таллайде.

Агатада.

Оңашаланған дене қозғалысын басқару.

Астөриданың қозғалысын басқару.

Менде мұның бір ғана санағы бар. Жастық шақтың ескерткіші болғандықтан ол маған өтө қымбат.

„Р. С. „Арман“ секілді баяндауды көпшілікке өтө түсінікті көлемі 70 бет, былай санағанда 4—5 баспа табаң“

Циолковскийдің «Арман»ынан 25 жыл кейін шыққа «Жерден тыс» деген ақырғы ғылыми-фантазиялық шығармасы туралы кітаптың кейінгі тарауында кеңінен әңгіме қылмыз.



Ракета.

„Мен ракетага үқсас реактив приборының жәрдемімен әлем кеңістігіне көтерілу мүселелерінің кейбір жаңтарын текстсеріп шештім“.

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Фылми-фантазиялық «Арман» басылып шықкан уақыттан (1895 ж.) бастап Циолковскийдің ойы әлем кеңістігіне үшу проблемасы мен оны дұрыс шешудің техникалық жолдарын аянбай іздеуге жұмсалды. Ракетамен жұлдызға үшу идеясы толық жетілді-ау деген кезде өнерпаз өз ойын математикалық ғылыми негізге негізделген еңбек деп жариялауға батылы жеткенше сегіз жыл өтеді. Автор өзінің тамаша еңбегіне тақырып таңдауға келгенде, оның ерекше маңыздылығын айқын көрсетпейтін тақырып қоюға тырысқан. Ол мақала «Әлем кеңістігін реактивтік приборымен зерттеу» деп аталады. «Мен өзімнің жұмысыма қарапайым тақырып ойлап тапсам да «Научное обозрение» журналының редакторы М. М. Филиппов «бұл мақаланы басып шығару өте қыйынға түсті, үзакқа созылған кеңсе былыштарынан кейін әрең дегендеге рұқсат етілді дегенді айтты» — деп жазған еді Циолковский.

Өнерпаз өзінің ракета туралы еңбегін — бұл дүние жүзілік әдебиетте тұнғыш рет жазылған теориялық зерттеу жұмысы — журнал бетінде басып шығаруға жібергенде (1903 жыл) редакторға ракета транспортының ішкі сырында көптеген маңызды жаңалықтардың барлығын ескертіп:

«Фылыми мәліметтерге негізделген және бірнеше рет текстсерілген математикалық картындылар осындай ракета приборларының жәрдемімен әлем кеңістігіне көтерілу мүмкіндігі барын аныктап отыр. Мүмкін, жер атмосферасынан тыс жерде мекен етуге болатын шығар. Менің айткан пікірімді адамдар пайдаланып, жүзеге асырғанша жүзденген жылдар өтер, сол кезде тек жер бетінде ғана емес, бүкіл әлем кеңістігіне тіршілік құрып мекендейтін мезгіл болуы мүмкін», — дейді.

Автор бұл пікірін өзінің бұл мақаласында онша ашық көрсетпейді. Ол мақаланың алғашқы беттерінде былай деп жазды:

«Атмосфераны (оның ең жоғарғы қабаты) зерттеу үшін реактив приборын, немесе, ракета тектес; бірақ күрылсыз геше зор ракеталарды қолдануды үсінам. Бұл пікір тың болмағанымен де оған байланысты мәселені есеппен шығару сондайлықты тәуір қортындылар береді, оны айтпай кетудің ешбір мүмкіндігі жоқ.

«Менің бұл жұмысым бұл мәселенің барлық жағын тегіс қамтып тексермейді және оның тұрмыста жүзеге асырылу жолдарын ешбір шешпейді. Бірақ та үзак, сонарлы болашақтың қалың тұмандары арасынан ерекше көз тартарлық қызықты және маңызды мәселенің перспективасы көмекі көрініп тұр, бұл жағын ойлайтындар қазірде кемде-кем кездесер»

Циолковскийге дейін мүндей мәселені техника құралдарамен шешуге болады деп дүние жүзінде ешкім ойламаған. Тек жазушыларға бұл тақырыпты өздерінің фантазиялық романдарына сюжет етіп алғып, негізсіз болса да қыбыстырып жазатын еді. Циолковский бұл мәселені бірінші болып дүрыс шешті. «Жұлдызға үшу»¹ негізіне жататын принципті ғана жарияладап қоймай, ол проблеманың математикалық шешуін тапты және оның болашақ даму кезекдерін алыстан болжады.

Бұл еңбектің жағалығына, өнерпаз қыялышында тамаша батылдығына және оның күтпеген жерден үлкен мәнді болашақты ашатындығына қарамастаң мақалаға ешкім көңіл аудармаған. Ол мақала не оқымыстылар, не көпшілік арасынан ешқандай пікір таластарын туғызбады. Журналды жаздырып алушылардың саны аз еді және бұл тақырыпта жазылған мақаланы окушылардың оқып түсінуі де әжептеуір қыйындыққа түсетін. Міне, сондықтан да мақаланы көпшілік оқымаған болуы керек, ал егерде бірлі-жарым

¹) «Жұлдызға үшу» әлем кеңістігіне үшатын аппараттың («Жұлдызға үшкыш») қозғалысын басқару. Осы екі терминді Циолковскийге мен үсінған болатынын, ол өзінің келешек еңбектерінде қолданды.

әкығандар болса, онда олар мәселенің мәніне толық түсін-
бөгендіктен өнерпаздың еңбегін бағаламаған да шығар.

Циолковскийдің осы мәселе жөніндегі алғашқы мақала-
сының атымен аталған екінші еңбегі алғашқы шығарма-
ның жалғасы және оны бұдан әрі кеңінен талдаған көлем-
ді жұмыс болса да көзге түспей ескерусіз қалды. Ол
Ленинградтағы «Вестник воздухоплавания» журналының
бірнеше сандарында 1911 — 1912 жылдары басылып шык-
ты. Журнал оқушыларының көвшілігі бүл еңбектің оқыр-
лық мәні шамалы, тек бос қыял деп есептеген. Циолков-
ский ракета туралы зерттеу жұмыстары баспасөз бетінде
жарияланғанымен де сған аброй әпермеді, қайта оны көп
уақытқа дейін күр қыялшыл деп ататқызып келді. Сол ке-
зенде Циолковскийдің еңбектерін бағалай білген адамдар
Россияда ете аз еді.

Циолковскийдің жүлдyzға ўшу идеясы 1913 жылдан
бастап қана көвшілік арасында кеңінен тарай бастады.
Ленинград жүртшылығы алдында ракетамен планеталарға
саяхат жасау туралы оқыған лекциясы оның идеясын кеңі-
нен таратуға себепкер болды. Сол уақыттан бастап үлы
өнерпаздың жұмыстарына астана газеттері көніл бөле бас-
тады. Циолковскийдің идеяларын жалпыра түсінікті етіп
Я. И. Перелманның «Планеталар арасына саяхат» деп жаз-
ған кітабы 1915 жылы басылып шықты.

1917 жылдың аяғында Циолковский ракета туралы
идеясын ғылми-фантазиялық роман түрінде көшпілікке тү-
сінікті етіп өзі жазды. Оның қолжазбасы «2017 жылы
жерде және жерден тыс» деп аталады. Бүл роман қысқар-
тылып «Природа и люди» деген жастар журналында (1918
жылы) басылды. Екі жыл өткеннен кейін Калугада («Жер-
ден тыс» деген атпен) толықтырылып кітап болып басылып
шықты. Ол кітаптың алғы сөзінде Циолковскийдің мына-
дай сөзін оқыймыз: Бүл, автордың шұғылданған мәселесіне
жүртшылықтың көп жылдар бойы немікүрайды қарап кел-
тіндігін сыйпаттағандай:

«Ойлап қараңыздарны, бу машинасы әзірге жок бол-

ғанымен өнерпаз оны болмайтын іс деп танымайды, қайта ол оның ең басты бөлімдерін ойлап тауып, проектісін жасап та қойған. Өнерпаз маңындағы дәүлетті бай адамдармен үкімет басшыларына барса, олар не қабылдамайды, не дұрыс жауп бермейді. Ал, техниктер керекті заттар, мастерскойлар, аспаптар жоқ десе, теорияшылар проектісі толық және айқын емес дейді, ал, денсаулық сактау орындарының тәуіппері өнер табысы жүртшылықтың денсаулығына зиянын тигізеді дейді, оқымыстылар бүл шындыққа жанасымы жоқ бос ой, күр фантазия деп күдіктенеді.... Тауы шағылған өнерпаз бетіне әжім түсіп жүдеп-жадайды. Жабырқанып үйде отыру халіне жетсе де көңліне алғаның орындау үшін тоқталмай жұмыс істей береді. Оған өзі тапқан машиналары заводтарда да, кемелерде де, арбаларда да жұмыс істеп жатқан болып көрінеді. Тұрмысты жақсарту үшін арзан күшті двигательдерді қолданудың нәтижесінде адамзаттың шат көңліді, гүлденген өмірдің құшағында болатындығын өнерпаз елден бұрын көз алдына елестеді. Сондықтан да ол шыдамсызданып асығады. Өйткені оның тапқан жақалықтары адамзаттың күн көрісін жеңілдетіп, күрделі қолғабысын тигізетіндігіне көзі әбден жетеді. Оны әңгімелеп жазуға өнерпаз ешшақытта жалықпайды.

«Бүл жазушыны қыялышыл деуге бола ма? мүмкін! Бірақта ондай фантазиядан әсерлі, күшті ешнэрсе жоқ!

«Планеталар арасында саяхат жасайтын металл дирижабль мен реактивтік приборларды ойлап тапқан өнерпаз өз басынан осындай жағдайды өткізді. Оның көңлі сіздерге үсынылып отырған осы кішкене әңгімені жазудан ғана әтеп жұбанады».

60 жасқа келген Циолковскийді тағат таптырмаған осы ойлары өріксіз қолына қалам алғызып, қайтадан әңгімө жазуға мәжбур етті. Міне, осының нәтижесінде ракетамен әлем кеңістігінде үшу туралы бірінші қыял-фантазия романы шығып еді. Бүл романда ғылым мәселелері үлгіларлықтай үқыптылықпен жазылған болатын. Алғы сөзінде: «Барлық сандар мен түсініктер көбінесе дұрыс ғылым-

мәліметтерге негізделді және олар өнерпаздың математикалық қызын мәселелерді зерттеуінен шыққан» деп жазды. Сол кезеңде кітап сату орындарының жұмысты нашар істеге салдарынан Қалугада басылып шыққан роман аз таратылып, автор арнаған көшілікке жетпегендіктен елеусіз болып қалды. Дегенмен, әдеби тілмен көшілікке түсінікті етіліп жазылған шығармада көп тамаша ойлар бар еді. Кейін оның тамаша пікірлерін шетелдерде ракета мәселеліремен шұғылданып жүргендер өздерінің тың пікірі етіп, қайтадан жазып шығарды. Проф. Обертаның ракетамен үшу және планеталар арасына саяхат жасауға арналған еңбегі Германияда 1923 жылы басылып шыққан еді. Мен оның бір данасын Циолковскийге жібергенімде, ол:

«Обертаның кітабында менің «Жерден тыс» деген кітабыма үқастық өте көп. Олар: скафандралар, күрделі ракета, адамдар мен заттарды шынжыраға ұзу, кара аспан, сөнбес жұлдыздар, айналар, (әлем кеңістігінде) жарық сигналдар, жерден тыс базалар, одан әрі саяхат құру, айға бару, адамдар мен 300 тонна жүк көтеретін ракеталардың массасы дәл менікіндей, айды, құнді, т. б. көптеген зерттеулері менікінен мұлдем айнымайды» деп жазған болатын.



Өмір азаптары

„Өмір мен үшін көп азаптар дайындаған-ақ екен, бірақта, бақыттың үдеялар дүниесінде алып-ұшқан көңілім барлығында үмыттырып жіберді“.

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Әлі күнге дейін келешектен ешбір сәулесі көрінбеген мақсатты ойларын жүзеге асыру жолында жоқшылық пен жалғызліктің ауыр азабын тартып, Циолковский бір жылғана емес, бірнеше ондаған жылдар бойы өзінің мақсатына жету үшін аянбай күресті. Өзінің таудай талабы ешбір нәтиже бермесе кімнің тауы шағылып, ілгері басқан аяғы кейін кетпес дейсін. Қартайған кезінде өзінің қасіретті өмірін шолып келіп, Циолковский «есте қаларлықтай кезеңдерінің» қысқаша тізбесін жасады. Ол өзінің басты еңбектерін айттып, оларды сол уақыттағы көшілік қалай қарсы алғандығына күйініш білдіретін. Ол өз кітаптарын тізімінің әр бетінің шетіне көшілік пікірінің қандай болғандығын жазады. Тізімнің әр бетінен «ескерусіз қалды», «ұнатпайды», «іске жарамсыз деп тапты», «Кітапты құлкі етті» деген жазуларды жиі кездестіруге болады.

Патшалық Россия Циолковскийдің зор таланттың бір жағынан немкүрайды қараса, екінші жағынан қарсылық жасаумен алға бастырмай өшіре берді. Оның батыл, өжет ой ағымының — ауықсан ақыл сандырағы, техникалық революцияшыл идеясының — ғылыми негіздерге мүлдем қарсы пікірлер деп санаған. Шындық маселе тек ресми дәйектерге сүйеніп қана шешілетін. Төменнен шыққан дарынды адамдардың айткан жаңа пікірлері құмға құйған судай жок болатын. Өздігінен оқып жетілген талантты адамдар көбіне жәрдемсіз қалды: олар өздеріне-өздері жол салуы керек, не болмаса кездескен қыйындықтардан қорқып өзінің алған бетінен қайтуы керек. «Халық творчествосының көшілігінің әсері адамзатқа түгелдей белгілі болмай күрып кетеді. Бұл күйінерлік апат: Өзінің жаңалық тапқыштық

ойымен күя көрген талай өнерпаздар мал-мұлқін көздеген ойын орындауға жұмсап, жоқшылықта кездеседі. Бірақ, жүртшылықтың ескермеуі салдарынан оның еңбегі бағланбай, ұнатылмай, үқсатылмай қалады, тіпті кейде жүрт алдында күлкі болып қайғы-қасіреттен өледі... Өнерпаздарды ескеруесіз қалдыргандықтан біз өзімізге оралған дәuletті де, бакытты да аярымызben төбеміз. Қателік болмай тұрмайды: жездің алтын деп танылатын кездері де аз кесдесеңді. Бірақта мың рет қателессендे, болашақтан көп үміт күттіретін бір құндысын аман сақтап қалу керек. Оның жақсы-жаманын айырмай жатып, қор қылуға еш болмайды. Үміттендірген бір құндының өзі-ақ жұмсалған барлық шығындардың орнын толтырады...» — деп жазды Циолковский.

Бірақ та, өнерпаздың көпшілік көңліне ой салдыратын, қорам пайдасын көздейтін бұл пікірі патшалық Россия тұсында бәрібір күмға құйған судай болады. Патшалық Россия тұсында Циолковскийге көрсетілген болмашы жәрдемдерді совет өкіметі тұсында тудырылған жағдайлармен салыстыруға бола ма?

Бұрынғы Россия дауірінде қоғамның әлеуетті тобынан шықлаған Циолковский сыйкты талай дарынды адамдар қайғы-қасіретпен өз өмірін өткізген. «Правда» газеті Циолковский жайында, ол ресми турде жер аударылmasa да спатша өкіметі Чернышевскийді Сібірдің көріне тірідей жерлеп, оның атын өз елінде ататқызыбағаны және мейірім-еңдікпен жер аударғаны қандай аянышты болса, өнерпаздың ондаған жыл өмірі де тап осындағы аянышты еді. Циолковскийді өзінің Калугасында тірідей көрге көмген еді. Ол өзінің мақсатты ойларын айтып түсіндіремін десе де либерал буржуазияның «мәдениетті» қоғамының білірлері деп аталатын—профессорлар мен журналист, инженерлері оның Қалуга көрінеи шыққан зәрлі даусына күлақ аспады. Әлардың өздері де Петропавл қамалының сақшысындағы ылқау еді.

Революцияға дейінгі Циолковскийдің өмірі — орыстың

бүржуазиялық интелигенциясына қарсы бағытталған айыптау актысы. Олар өздерінің дәуірінде көрнекті ғалымды тірідей көрге көміп, оның бетін жер үстіндегі қайғы-қасиретпен жапты, одан оның анда-санда күніренгев үні естіліп тұрды»¹ деп жазды.

Өнерпаздың тірідей кірген көрінен күнірене шыққан үні адамдардың токмейілдігін былай айыптаپ тұрғандай:

«Көптеген жылдар бойы қарағыз қапаста жалғыз жұмыс істей өте кыйын болады екен. Өйткені, оған көмек көсетілмейді, үміт сәулесі санылаудан сығаламайды».



¹⁾ Д. Заславский. «Правда» 20/IX—1935 жыл

Совет өкіметі тұсында

„Мен халық бүқарасының сүйіспеншілігіне бөлөндім“.
ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковскийдің совет өкіметі тұсында өткен он сегіз жыл өмірін, патшалық Россия кезінде жоқшылықтың құшағында өткен алпыс жыл өмірімен салыстырсаңыз, арасында күн мен түндей айырма бар. Октябрь оны жүртқа танытып тұрмыс жағдайын негізінен өзгерту. Жаңа дәуір бәрінен бўрын оның педагогтік жағдайына үлкен әсер етті. «Тек революциядан кейін ғана советтің екінші басқышты еңбек мектебіне оқытуши болып орналасқанымда маған деген көзқарастар өзгерді, дұрыс қарым-қантастардың аркасында еркін еңбектің қуанышын сездім. Маған тіпті химия, астрономия пәндерінен сабак беруді үсінды. «Екінші басқышты мектептің занды оқытушысы» болғанымның өзі-ақ көңілімді көтеріп, бақыт құшағына енгізгендей болды» деп жазды ол.

Бұл кезде өнерпаздың жасы жетпіске қарай бет алып, денсаулыры нашарлай берген соң ол үш жылдан кейін мектеп жұмысын амалсыздан тоқтатуға мәжбур болды. Ол маған «қарлік пен көріптік жұмыс істеуге мұршаны келтірмеген соң училищеден шықтым. Енді өзімнің сүйікті жұмысым — реактив приборларымен толық айналысусыма болады» деп жазды. Міне, ол осы уақыттан бастап өзінің ақылойын, күш-жігерін ғылым мен өнер табу ісіне жұмсады. Бұл кезде оны не керектің бәрімен қамтамасыз етуді совет өкіметі өз қамқорлығына алған еді. Ол біріншіден, екі есе көбейтілген академиктік паек, екіншіден, арнаулы пенсия алып өзінің тұрмыс қалын әбден жақсартты.


Өмір бойы жалғыздық пен жоқшылықтың қорлығын көріп келген жетпістегі Циолковский совет үкіметінің көніл бөліп, пәрменді көмек көрсетіп отырғандығына шын көнілімен риза болып, көнілі көтеріліп, жастық жігері қайта оралғандай болып өзінің жаны сүйген ісімен шүфілдана

берді. Карт өнерпаз өмірінің совет дәуірі айрықша нәтижелі болды. Циолковский өмірінің аяқ шенінде өз дирижаблін күру техникасы мен ракета мәселелерінің турлі саласына арналған 40 жаңа еңбегін жариялады.

Совет елі өзінің тамаша үлы, өнерпаздың туғанына (1932 жылы) 75 жыл толған күнді салтанатты түрде мерекеледі. Бұл мерекеге қатысқысы келгендердің көптігі сондай болды, тіпті Москвадағы совет Үйінің колонын залына сыймады. Циолковский өзінің туған күнін бүкіл одактық гылым мерекесіне айналдырып бірнеше қаулылар шығарған совет өкіметінің қамқорлығын, оның ғылымдағы еңбектерін совет жүртшылығы бағалайтындығын өз көзімен көріп, қуанышы койына сыймады. Циолковскийді Еңбек Қызыл Туорденімен наградтап, оған арнаулы пенсия тағайынлайды. Оның аты койылған көшеден өзі мен семьясына жана үй берілді. Циолковский бүрын ешкім білмейтін мектеп оқытушысынан енді өз қаласының атақты азаматына айналады. Ескерусіз болған жалғыздықтың күйін-қыстау күндері мүлде жойылып, оны көвшілік танып, қалың бұкараның құрмет тұтатын адамына айналғандығын Совет Одағының тұс-тұсынан келіп жатқан құттықтау хаттар мен телеграммалардың тасқыны дәлелдейді. Циолковскийдің көптен күткен армандары орындалып, екі жылдан кейін-ақ оның окушылары көбейді. Оның әбден нарқына келтіріп редакцияланған 2 томдық таңдамалы еңбектері басылыштықты. Бұл екі томға оның техникалық еңбектерінің ішіндегі ең бағалы, маңыздылары кіргізілген. Бірінші томына — металл дирижабль туралы еңбектері, екінші томына ракета және ракетамен үшу туралы жұмыстары кіргізілді. Үлы өнерпаздың техникалық мұраларымен танысу үшін бүрынғыдай әр кітапханадан оның еңбектері басылған әртүрлі журналдар мен өзі шығарған кітапшаларын осы жыйнактан тауып алуға болады.

Циолковскийдің көп жылғы еңбектері кортылғандай болғаныменде, оның өз айтуына қарағанда, бакытты идеялар дүниесінде өнерпаздық ақыл-ойы қол жеткен табыс-

Совет үкіметінің К. Э. Циолковскийге сыйлықка берген жаңа үйі.



тарды қанағат тұтпай, тағат таппай алға үмтылды. Оның жаңа техника идеялары енергияның данқын арттыра берді. Циолковский стартостатқа терең су астында жұмыс істеге мүмкіндік беретін аппаратқа, рельсті автопоезға, толқын жарғышқа, адам тұратын үйлердің ауасын салқындағатыға катысы бар есептерді шығарып, ракеталарды пайдаланудың жаңа жолдарын ойладап тапты.

Оның бұл жылдардағы көңіл бөлгөн істерінің бәрі тегіс басылып шыққан жок. Қайтыс болғанынан кейін, оның артында бірталай тамаша тың пікірлері бар кол жазбалары қалған. Бұл жұмыстардың кейбіреулерінің тақырыптары:

„Полюстер“, „Әлемдік апаттар“, „Күргақ және құм шөлдердегі үйлердің құрылышы“, „Суыз, бұлтсыз жердегі су“, „Кайнатудың жай түрі“, „буғазды трублар“.



Ақырғы күндер

„Біз жойылғаннан, шычдық жойындаға
тиісті емес“.

ЦИОЛКОВСКИЙ.

Циолковский үшін «өмір сұру» деген сөз — «өнер ойлап табу» болып есептеледі. Оның дарынды ақыл-оый өмірінің соңғы күніне шейін адамзат тұрмысын жақсартуға керекті «мол азық, өлшеусіз байлық» табу үшін, дүниені езгерту амалдарын ойластыруға жұмсалды. Ол өз өмірінің соңғы үш айында гана жұмыс істеп, ой ойлауға муршасы келмеді.

— Казір жаңа бір енбекпен шұғылданып жүрмін, — деп айткан көрінеді өнерпаз «За индустриализацию» газетінің қызметкеріне, — он бір тарауы дайын болды, бітіріп те қалғандаймын.

Ол қолжазбасын тізесінің үстіне үқыпташ жайып қойып, былай деді:

— Менің жаңа жұмысым ең алдымен атмосферадан әрі үшатын машинаның негізін күруға арналған. Стартостаттардың орнын басатын запас-сұйық от тегімен тәлтырылған реактивтік аппараттар болып табылады. Мұндай аппараттар екі текті болуы мүмкін: кері оралғанда парашюттың көмегімен өздігінен жайылатын құралдары бар, қанатсыз тік үшатын аппарат және үшқыш отыратын кабинасы бар (кабина жабық болуы керек, нә үшқыштар ерекше скайдарда киуолері керек) көлденең үшып көтерілетін аэроплан секілді басқарылатын канатты аппараттар. Мұндай реактивтік аппараттар атмосфераның сиреуіне ешбір байланыссыз, стратосфераға гана емес, оның шегінен әрі асыпта ўша береді.

Менің жаңа енбегім — көп жылдар бойы істелген жұмыстарымның қортынлысы. Бұл енбекпен айнатысканыма бір жылдай болды, үш айдан кейін бітірмекпін. Бірақ та істің бәрі тегіс біткен жок. Стратосфераны мұллем жеңіп алу, оның ар жағына шығу үшін әлі де көп енбектер істе-



К. Э. Циолковскийдің жаңа үйінін алдыңдары бакша
(К. Э. өмірінің соңғы жылдарында дәмалатын орыны)

уім керек. Мұндай ойларды тек біздің Совет Одағындаға жүзеге асыруға болады.

Карт өнерпазға дәуірдің өзі де женілдік еткендей болды. Алайда, маңайдағы тогайға күнде велосипедпен серуендер барып жүрген қартқа сүм ажал із-түсін білдірмestен жеткен еді. Аққазанның рак ауруына шалдығып күн асқан сайын оның ден сауышылығы нашарлай берді. Туғанына 79 жыл толған күнді — 1935 жылдың 17 сентябрін — өнерпаз өлім табытында карсы алды. Циолковский Калуга қаласының ауруханасында өмделіп жатқан кезде, өлерінен бірнеше күн бўрын жолдас Сталинге мынадай хат жазды:

„Асқан дана көсеміміз және бүкіл еңбекшілердің досы Сталин жолдас.

„Мениң өмір бойы арман еткенім, өз еңбегіммен адамзат ақыл-ойын аз да болға алға бастыру еді. Революцияға дейін менің ойлағандарымның орындалуына ешбір мүмкіндік болмады.

„Өздігінен оқыған адамның еңбегін бағалаған Октябрь революциясы, маган парменді көмек көрсеткен тек қана Ленин-Сталин партиясы мен совет өкіметі болды. Мен халық көшілігінің сүйіспеншілігін көрдім, ол менің ауырып жүргеніме қаратпастан жұмыс істей беруіме жігер берді. Бірақ та, асқынған ауру бастаған ісімді аяқтаттырмайын деп отыр.

Авиация, ракетамен үшу және планеталар арасына қатынасу туралы өзімнің барлық еңбегімді адам баласының мәдениетін үздіксіз алға бастырудың шын басқарушысы—большевиктер партиясы мен совет өкіметіне тапсырамын.

„Олардың бұл еңбектерімді нәтижелі етіп аяқтайтындығына толық сенемін.

Сізді жан-тәнімен сүйген, ақырғы жалынды сәлемін жолдауши өмір-бақи сіздік

К. ЦИОЛКОВСКИЙ.”

Сталин жолдастың Константин Эдуардовичке қайтарған жауап телеграммасы:

„**ҒЫЛЫМНЫҢ ДАНҚТЫ ҚАЙРАТКЕРІ**
К. Э. ЦИОЛКОВСКИЙГЕ.

„*Большевиктер партиясы мен совет өкіметіне хатыңызда көрсеткен толық сеніміңіз үшін алғысымды қабыл алыңыз.*

„*Сіздің денсауышлығызызды және еңбекшілердің шгілігі үшін бұдан былайда нәтижелі жұмыс істейі-кізді тілеймін. Сіздің қолыңызды қысамын*

И. СТАЛИН.“

Пролетариаттың үлі көсемі Сталин жолдастың бойына қуат берген осы сездеріне қатты разы болған Циолковский Сталин жолдасқа былай деп телеграмма берді:

„*Сіздің телеграммаңызға мың раҳмет. Бүгінгі таңда атым өшпейтініне көзім жетті. Совет дирижабльдері дүние жүзіндегі ең жақсы дирижабль болатындығын білемін, сенемін.*

Сталин жолдас Сізге өте разымын, разылығымның шегі жоқ.

К. ЦИОЛКОВСКИЙ.“

Өмірдің қасіретін де, куанышын да көрген өнерпаздың тулас сокқан жүрегі 19 сентябрь күні 22 сағат 34 минутта үйкі үстінде тоқталды. Дәрігерлердің айтуына қарағанда «жүрек әрекеттері шұғыл әлсіреп, асқазанның рак ауруынан» қаза болған.

Улы өнерпаздың өліміне бүкіл ел қайғырды. Газеттер оның өмір баяны мен ақырғы күндерін жазуға бір бетті тегіс болді, журналдар қайғылы уакыйға туралы үлкен некрологтар жазды. Біз төменде журналист Д. Заславскийдің «Правда» газетіне жазған мақаласынан үзінді келтіреміз.

«*Өзінің еңбектерімен және үшқыр ойымен ауа кеңістігін*

зерттейтін мындаған жігерлі зерттеушілерді тәрбиелеген үлы өнерпаз қайтыс болды. Ол өз елінің адал үлы болып бүкіл халықтың сүйіспеншілігін көрді.

Оның ең акырғы ойы коммунистер партиясына, Сталин жолдаска, социализмге арналды. Ол ешуақытта да саясат қайраткері болмағанды, бірақ өз өмірінде талай саяси мектептерді басынан өткерді.

Егерде буржуазия оны тірілей көрге көмсе, пролетариат қайта тірілтті. Тұған ортасы оны қақпақылдан шетке шығарды. Өйткені, ол өзінің дарынды ойынын тереңлігі және пікірлерінің батылдылығы аркасында буржуазия қофамынан бір бас жоғары тұратын еді. Олар өнерпазды корлап келді. Тіпті болмаған күнде, планеталар арасындағы аудау кеңістігін жөніп алуды арман етіп, өмірін босқа өткізіп жүрген есуас деп атайдынды. Егерде ол, большевиктер өкімет басына келмestен бұрын жокшылық пен топастардың қорлығынан өлсе, бұл өте аянышты каза болар еді.

Лағнат атқан буржуазия дәуірінде жалғыздық пен жокшылықтан тап бұл секілді данкты данышпан адамдардың қаншасы кор болғанын кім ашып айта алады дейсін!

Құлағы мүкіс, жұпымы, түйік адамды тауып алып күрметтеген тек жұмысшы табы болды. Совет елінде батыл пікір — жарым естіліктен шықпайды, үшқыр ой — құлқінің ісі болып табылмайды. Қалугадағы епархиалдық училищенин карт оқытушысының өмір бойы ойлаған ойлары, металл дирижабльдің жүзеге асатын шындық проектісіне айнала бастады. Циолковскийдің данкы дүние жүзіне жайылды. Өз өмірін үлы бір идеяға жұмсаған өнерпаздың өмірбаянын совет елінің балаларына әнгіме түрлінде түсінілірудің өзі-ак жас өспірім конструкторлар мен модельшілердің ынталының арттыра түседі.

«Революция мен саяси күрестен мүлдем тыс болған ойшыл, жұмысшы табының жеңістерінің өзінің жеке басының жеңісімен тығыз байланысы барлығын көрді. Оған социа-

лизм үшкүшіл апараттарды жүзеге асырудың кайнар бұлағы және күшті қуаты болып көрінді. Математика есептерінде жаңа шама кірді. Пайдакүнем надан, топас буржуазия билеп-төстеп тұрған уақытта тіпті жердің өзіне тартуын алғапқы рет жеңіп шыққан алып ракета болса да, оның дүріре көтеріліп кете алмайтындығына өнерпаздың көзі әбден шынқа жетті. Ұлы идеялар топас буржуазиялар тұрған жерге мұлдем ендей алмайды.

«Циолковскийдің идеялары әлі де жүзеге асыруды талап етеді. Циолковский өзінің идеялары сенімді қолда қалғанын көңіліне тоқ санады. Өнерпаздың айналасын коршау тұрғандар оның ғылыми байлығын мұра ететін — соңын жастары еді. Қарілік еріксіз жеңген кезде, жана семьяның мүшелері — партияда бар, партияда жоқ большевиктер оны ардақтайтынын көзімен көрді. Ол өмірінің акырығы миңнұтына дейін пролетариат революциясын, социализмді, өзінің партиясын шексіз сүйген большевикше дүниеден өтті. Міне, сондықтан да, ол дін мен надандық билеп-төстеп алған ескі шіріген қофамның есек-аяңың құшағында жүріп өз өмірінде ешбір пайда келтірмеген күыс өкпе адамдарына ешбір үқсамай дүниеден уайым-қайғысыз өтті. Оның елімінде де өмір бар.

«Циолковский өзінің де, өзінің идеяларының да мәні қандай зор екенін жақсы білді. Міне, осылар ғана оның Калугадағы жалғыздық пен жоқшылық тұрмыста бар жігерін сактағы қалуға себепші болды. Ол өзінің акыл-ойын, күш-жігерін өзін түсінетін, ардақтайтын дәүірге дейін сактап келді. Өнерпаз пролетариат революциясын адамзатқа срекші қымбатты формулалары мен идеяларын мұра ететін ұлы өзгеріс деп түсінді. Оны өзінің бакытымен тен санады. Ол өзінің арманына жетті.

Пролетариат революциясы — ғылым мен ой большевигі Константин Эдуардович Циолковскийге — акырығы рет күрмет көрсетіп, өзінің жауынгерлік туын иеді».

К. Э. Циолковский Калуга қаласының сыртындағы бактың ортасына қойылған.

Оны өмір бойы есте қалдыру үшін үкіметтің 1935 жылдың 20 сентябрьдегі қаулысы мен шаралары қабылданды.

К. Э. Циолковскиййдің архивы, кітапханасы, артында қалған қолжазбалары, хаттары т. б. казірде Москвада сакталып, тексеріліп жатыр.




ССРО ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ
КОМИССАРЛАР СОВЕТИНІҢ ҚАУЛЫСЫ.


Фылымның даңқты қайраткері және аудада үшудың кеменгер теоритигі К. Э. Циолковскийді мәңгі есте қалдыру мақсаты мен ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советі қаулы етеді:

1. Москвадағы дирижабль құрылышы оқу комбинаты К. Э. Циолковскийдің атымен атталсын.
2. Дирижабль құрылышы территориясында Циолковскийдің бюст-ескерткіші орнатылсын.
3. Москвадағы дирижабль құрылышы оқу комбинатында Циолковский атында екі стипендия тағайындалсын.
4. Азаматтық ауа флотының бас басқармасында аудада үшу мәселесі жөніндегі ғылми-зерттеу және ғылми-эксперименталдық күнды еңбектерге жыл сайын 5000 сом сыйлық берілетін болсын.
5. К. Э. Циолковскийдің еңбектерін бастырып шығару Азаматтық ауа флотының бас басқармасына тапсырылсын.
6. К. Э. Циолковскийді жерлеу шығындары мемлекет есебіне алынсын.
7. К. Э. Циолковскийдің эйелі В. Е. Циолковскаяға айна 400 сом мөлшерімен өмір бойы пенсия беріліп тұрылсын.

20/IX—1935 ж.

ТЕХНИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ





Дирижабль¹

„Катынас транспорты қолайлы жағдайллы, тез және арзан болғанда адам баласы дүниe жүзін аралап, шөлдерге мекендеп, жердің барлық байлығын пайдаланады“.

ЦИОЛКОВСКИЙ.



Дирижабль және ракета

Циолковскийдің адамзат техникалық идеясына косқан жаңалықтарының ең негіздейділері—дирижабль және ракета деген екі сөзбен-ақ анық көрсетіледі. Бұл тек екі дарағана жаңалық емес, кайта өнер табысының көлемді екі комплекси. Оның біреуі—дирижабльдің жана түрі туралы да, екіншісі—ракета кемесіне айналдырылған ракета мәселесі. Циолковский дирижабль және ракета кемелерін жасау

¹⁾ Кітаптың осы тарауының колжазбасын қарап шыққан, дирижабль маманы, ауда жүзу профессоры А. Г. Воробьев.

мәселесімен шұғылданып жүргенде, негізгі проблемалар-ға қатысы бар жол-жөнекей кездескен техникалық толып жатқан жеке мәселелерді де шешкен еді. Олар маңызына қарай өз алдына жаңа өнер табысы болып табылады. Егерде, Циолковский ептеілі және тәжрибелі Эдиссон се-кілді әрбір техникалық идеяларына жеке патент алғып, өз атына бекітіп отырса, біздің өнерпаздың жаналық өнеріне алған патенттерінің саны американдық өнерпаздың патенттерінен ешбір кем болмаған болар еді.

Біз Циолковскийдің қазіргі уақытта маңызы бәрінен де зор құрделі идеяларының мазмұнын толық түсіндіруге кірісеміз. Алдымен оларды түсіндірмesten бўрын осы мәселеге байланысты таралып кеткен бір қате пікір туралы айтып кетуіміз керек. Циолковский еңбектері туралы әңгіме болғанда, кейде дүние кеңістігін аралау үшін ерекше күрьылысты металл дирижабльдің өзі-ақ жеткілікті болады, Циолковскийдің дирижабль мен ракета кемесінің арасында ешбір айырмашылық жоқ деп түсініп жүргендер бар. Шынында олай емес, бұл проблемалардың авторы бір адам болғаны ғана болмаса, екеуі екі басқа тың идеялар. Дирижабль атмосферада ұшуға арналған, сондыктan атмосфераның тығыз қабатынан асып одан әрі қарай ешуақытта ұша алмайды. Ал, тек ракета ғана атмосфераның төменгі қалың қабатынан ұшып өтіп, сирек қабатына жетіп, одан әрі ауасыз әлем кеңістігінде ұша алады.



Ауа транспорты

«Жолдардың ішіндегі ең қолайлысы — ауа жолы. Ол күрлік пен теңіздің үстінен жүре беретін, ешуакытта катпайтын, жәндеуді де қажет етпейтін ең төте қауыпсыз жол».

Ауа транспортының артықшылығын Циолковский қысқаша осылай деп айқын көрсетті. Ауада екі тәсілмен: аудан ауыр аппараттар — самолёттермен,¹ ал екіншісі аудан женил аппараттар — дирижабльдермен үшуға болады. Сонымен сапар шегуге кайсысын—самолётті ме, дирижабльді ме қолайлы деп санауымыз керек.

Дирижабльді самолётпен салыстырып қарайық. Дирижабль ауада судағы балықша жүзеді. Ол ауада Архимедтің көшпілікке белгілі занына сәйкес көтеріледі, өйткені ауа кемесінің ішіне толтырылған газын қосқандағы барлық салмағы, дирижабльдің көлемі ығыстырып шығаратын ауадың салмағына тең болады. Сондыктан да моторы тоқтаса да дирижабль жерге құлап түспейді. Самолёт судағы балыққа емес, ауадағы құска үқсас, сондыктан ол ауада өзін ілгері қарай қозғаушы двигателі тоқтағанға шейін ғана үша алады. Моторы бўзылған жағдайда үшқыш ерекше әдістер колданып самолётті жерге қондыруға тырысады, өйтпеген күнде, машина өздігінен құлап түсіп, күл-талқаны шығады.

Циолковскийдің пікірінше (қазіргі күнде ескірді және жана техникаға сәйкес келмейді) дирижабльдің самолёттен артықшылығы жалғыз бұл ғана емес. Мысалы, ауа кемесі жанармай жұмсау жағынан да аэропландардың үшүп қонуына қажетті үлкен алаңдардың керегі шамалы. Дирижабль жүрісінің жылдамдығын керектігіне қарай үлгайтып азайтуға болады, тіпті ауада бір орыннан қозғалтпай тоқтатып қоюға да болады. Ал, егерде самолёттің жүрісін ба-

¹⁾ Бұл жерде аудан ауыр үшатын аппараттардың басқаларын көрсетпеу себебі, олар әлі тәжрибе жүзінде көнінен (геликоптерлар, автожирлар) пайдаланылмаған, ал екіншілерін (планерлер) колданудың өзі тар көлемде ғана болды.

яулатса онда ол тәмен қарай құлай бастайды. Дирижабль самолётке қарағанда жүкті көп көтеріп, кең радиусте үша алады. Ауа кемесін аэропланмен салыстырғанда оның жүрісінің бір қалыпты тыйыштыры жолаушыларға өте жайлы болады. Дирижабльдің гондолында мотордың құлақ тұндыратындай аңы дауыстары болмайды, ал самолётке орнатылған мотордың даусын түрлі құралдар арқылы бәсекеттегі жаңадаған кіріспін жатыр.

Ауа кемесінің осы артықшылығының бәріне де қарастан, самолёттің дирижабльден бір артықшылығы—үшүшінің жылдамдығы болып есептеледі, дирижабльдің орташа жылдамдығынан $1\frac{1}{2}-2$ есе артық. Сонымен қатар, бәрінен де маңыздысы — самолёт дирижабльден ондаған, жүзделген есе арзанға түседі. Самолёт тұратын сарайлар (аңғарлар) дирижабль тұратын сарайлардан (элингалар) әлдекайда арзан. Самолёттер осы айтылған артықшылықтары мен соғыс кезінде түрліше қолданылуы арқасында қазіргі уақытта ауа транспорттының ең қолайлысына айналып отыр. Егерде дирижабльдің конструкциясын жақсартып, оны жасауға жұмсалатын шығындар ықшамдалса, сөз жоқ, ауа кемесі алыс сапарға үшатын ең қолайлы ауа транспорты бола алады. Іцилковскийдің келешекте ауа, жер, су транспорттының басқа турлерін табыспенен толықтыратын дирижабль болады деген пікірін қазіргі кезде көпшілік мандар қостайды.


Дирижабльдің шын мәнінде басқаруға көнетіндігін қамтамасыз ететін оның негізгі шарттарын айта кетейік.

Бірінші шарт оның двигателіне койылады: бұл шарт ауа кемесінің желгे қарсы түрліше бағытпен үшуына мүмкіндік жасауға міндетті. Бұл үшін двигательдің жүріс жылдамдығын өте қатты желдің жылдамдығынан кем болмауы керек, яғни ең кемінде жүріс жылдамдығы секундіне 25 метрге жетуі шарт. Двигатель қуаты күштейген сайын оның салмағы мүмкін болғанынша жеңілдене беруі керек.

Екінші шарт дирижабльдің формасына койылады. Оның

металла тыспен қапталған формасы баскаруға көнбейтін шарға үқсас аэростаттай болмай, балыққа үқсас бүйірі қысыңғы болуы керек. Дирижабльдің осындай формасы арқылы ғана белгілі дәрежеде ауа кедергісін кеміте аламыз.

Дирижабльдің металл тыспен қапталған балыққа үқсас формасы ойда жок жерде газдың жоғалуынан бұзылмауы керек, егерде формасы бұзылатын болса дирижабль аспанда салбырап тұрып қалып оған қауып төнуі мүмкін.



Бірінші цеппелиндер тарихынан


Біздің дәуіріміздегі аяу кемелерінің жетілген түрін «Цеппелин» деп атайды. 1936 жылы Германияда жасалып және сынаудан өткен «Гинденбург» дирижаблі аяу кемелерінің ішіндегі ен үлкені және жылдам үшатыны болып есептеледі. Ол дүние жүзіндегі ен үлкен аяу кемесі болды. Оның ұзындығы километрлін төрттен біріндей, көлденең 40 метр, көлемі 200000 м^3 болатын. Біздің Совет Одағының үстінен ұшып өткен цеппелинді (мысалы: LZ — 127) көрген адамдар қалқып бара жатқан, сырты матамен қапталған алып аяу кемесі түгел дерліктей алюминийден жасалған екен дәп түсініп қалуы мүмкін. Егер түсініп қалғандар болса, олар, сөз жок, жаңылысты. Алюминий құймасы мен дюралюминиен цеппелиндердің оставы ғана жасалады. Ал, аяу кемесінің каркастары тоқыма матамен көмкеріліп, алюминий бояумен боялған. Матаны бояғанда көздеңен мақсат—аяу әсерінен матаны бұзылудан және дирижабльдің ішіндегі газды күннің қыздыруынан сактау болып табылады (металл бояуы күннің көзін еткізбейді).

Алып кеме «Гинденбург» өз міндеттін жақсы аткарды. Ол Германиядан Оңтүстік Америкаға 50 жолаушы мен 25 тонна жүкті екі тәулікте жеткізді. Жолаушылар дирижабльмен ұшып келе жатқандай емес, салтанатты қонақ үйінде отырғандай болды. Цеппелиндер жауапты тапсырмаларды бірнеше рет орындағы да, бұл сыйкты транспорттың түрі өте қолайлы екендігін дәлелдеді. Циолковский аяу кемесі жайындағы өзінің алғашқы пікірлерін айтқанда, жүрт оны шындыққа жана спайтын күр қыял дәп сыйқаттаған болатын. Бірінші цеппелиннің осы сыйкты үлгі боларлықтай тарихы Циолковскийдің дирижабль жасап шығаруға талаптанған ойының қаншалықты дұрыс екендігін айқындалады.

Цеппелинді ойлап шығарған Германияның генерал-лейтенанты граф Фердинанд Цеппелин болды. Ол өмір бойы алыс жерге ұшып баруға, қашықтықта барлау ісін

жүргізуге жарамды және жаудың алыстағы аудандарына көп бомба апарып тастай алатын күшті ауа крейсерін жасауды арман еткен. Ұзындығы 125 метр бірінші «Цеппелин» 1900 жылды арнаулы акционерлік қоғамның қаржысына және Бюртемберг королінің пәрменді жәрдемінің аркасында Боден көлінің жағасында жасалған. Ол дирижабль Боден көлінің үстінен үшқан да қанағаттандырлық үшу сапасын көрсетеді. Бірақ, суға қону үшін тәмендей бергенде апатқа үшүрайды. Міне, осыдан кейін акционерлік қоғамның мүшелерінің көзілі қалып, тауы шағылып, қоғам тарап кеткен. «Жығылғаның үстіне жұдырық» дегендей дирижабльдің жүзіп жүрген элингісін дауыл қыратып кетеді.

Бұл апарттан соң ерікті түрде жәрдем қаржысын жыйнап (Бюртенберг королі бұл науқанға да белсене қатысты), бірнеше жылдан кейін граф Цеппелин өзінің екінші дирижаблін жасайды. Куаныш көпке үзамайды: «Цеппелин № 2» дауылдан құрып кетеді. Бір жыл өткеннен кейін моторы бұрынғысынан әлде қайда қуатты «Цеппелин № 3» дайын болады. Бұл ауа кемесі барлық күдікті жойды. Цеппелинге мемлекет жәрдем көрсетіп оның жаңа ауа кемесін екі жарым миллион маркаға сатып алады да, өнерпаздың одан әрі осы мәселемен шұғылдана беруі үшін қаражат береді.



Тұтас металды дирижабль


Циолковский өз проектісін граф Цеппелин проектісінен бірнеше жыл бұрын баспа бетінде жариялад қана койған жоқ, сонымен қатар, шын мәнінде өнер табысының сапасы жағынан да озып шыккан еді. Циолковский дирижаблінің көзірігі ауа кемесі системасынан ерекше айырмашылығы және артықшылығы мынада:

1. Ол дирижабль түгелдей металл тыспен қапталады.
2. Металл тыспен қапталған дирижабль «акқыш» формасын бұзбастан өзінің көлемін өзгерте алады.
3. Дирижабльдің температуралық басқару аппараты бар.

Міне, осы үш өзгешеліктің мәнін және маңызын түсіндірейік.

Цеппелин ойлап шығарған ауа кемесі металл тыспен қапталмағанын айтқан болатынбыз, ол тек сыртын матамен қапталған металл каркастан тұрады. Цеппелиннің «аккыш» формасы яғни, ол өзінің әр жағынан азғантай ғана кедергіге кездесіп, ауада онай орын алмастыра алады. «Бірак та, — дейді Циолковский, — бұл сыйқты форма өте қымбатқа түсетін күрделі металл каркастардан күрылады. Каркастардан күрылып жатқан цеппелиннің верфасының сыртқы көрінісінің өзін көргенде төбе шашың тік тұрады. Өйткені, оның сондайлықты күрделі конструкциясымен жасалып, соңшалықты қымбатқа түсетінін анық байқайсын. Каркас сымнан жасалған тормен 15—20 бөлімге («Гинденбургте» — 17 бөлім) бөлінеді, оның әрқайсысына гелий газы (не болмаса су тегі) толтырылған шарлар орнатылады. Сонымен қатар, оның ішінде двигательдері жүргізуге керекті ыдыста сакталатын жанғыш газдар койылады. Сонда да дирижабльдің тек ауа алып тұрған бос көп жері қалады. Бүкіл каркас бір не екі кабат березентпен қапталады». Мұндай дирижабльді — «қатты» дирижабль деп атайды. Осы дирижабльдерде көтергіш газ оларды тікелей сырттан толтырмайды, кайта металл каркастың ішінде органикалық материалдан істелген «баллондар» ерекше газ камерала-

рында сакталалы. Төзімді металл каркастардан істелген: сыртқы тыстың көлемі мен формасы ешуақытта өзгермейді.



Циолковскийдің тұтас металды дирижаблінің схемасы (блокты жынағыш, газды қыздыру үшін өректі трубы). Камерасы тұтас жалғанған негіз. Блокты системаның бураған сымын орайтын белдік. Гондол. Руль. Ескек бинтті моторлар. Терезелер).


Циолковскийдің проектісі бойынша жасалатын ауа кемесі бұдан мұлдем басқа болмақ. Ең алдымен бұл дирижабль тұтас металдан жасалмақ¹, яғни сырты түгелдей металл тыспен қапталады. Оның каркастары жоқ, ал дирижабль конструкциясының қатты болуы металл тыспен қапталған ауа кемесінің ішіндегі ауа қысымына байланысты болады. Циолковскийдің ауа кемесінің металл тыспен қапталған формасының көлемі онай өзгеріп отыра алады. Оның көлемінің үлкеоі, не кішіреюінен дирижабль өзінің жүрісін, көтергіш күшін азайтпай бастапкы калпында сактайды. Міне, Циолковский дирижаблінің ең басты айырмашылығы және артықшылығы осы.

¹⁾ Соңғы жылдары АҚШ-та сырты металл тыспен қапталған екі дирижабль жасалды (Эпсон мен Слейттікі). Олар шын мәнінде тұтас металды тыспен қапталған болып есептеле алмайды, ейткені, оның ішкі корпусы матамен көмкерілген. Олардың Циолковский дирижаблінен тағы бір айырмашылығы сыртын металмен каптау үшін каркастарға сакыйна сияқты шпангоуттар орнатылған (ал Эпсонда үзыннан үзак стрингерлер орнатылған).

Циолковскийдің металл тыспен қапталған дирижаблінің көлемі қалай өзгеретінін түсіну үшін былай істеніз: екі жағы да сүйірленіп қысынды қелген жінішке ұзын чемоданды ойша көз алдынызға келтіріңіз. Чемоданның барлық қабырғалары толқын сыйкты металл текталарынан істелген. Бүйірлері топсаның негіздерімен үстастырылған. Міне, осы өзгешеліктері нәтижесінде металды қаптар өзінің көлемін бір қалыпты өзгертетін болды. Сырттан ауаның қысымынан оның ішін толтырган газдың қысымы күшті болғанда ғана ауа кемесі оп-онай өзінің көлемін кішірейтіп, не үлкейте алады. Осы қысым төмендеген сайын дирижабль қабырғалары біріне-бірі қабыса түседі, ал, осы қысым көтерілген сайын қабырғалары кеңіп, көлемі үлкейе береді. «Ауа кемесінің формасы мен көлемі өзгеруінен қатпар-қыртыстар пайда болмайды және ол алға үшіп бара жатқанда ауаның қысымы бұрынғысынан күшіе қоймайды»— деп айтады Циолковский.

Сонсон, Циолковский дирижаблінің ерекше артықшылығы аэростатта толып тұрған газдың температурасын бір қалыпқа келтіріп отыруы болып табылады. Бұл тек металл тыспен қапталған ауа кемесінде бола алады, ал матамен қапталғандарда болуға ешбір мүмкіндігі жок. Шындығында, ол былай болады: «Жаңғыш заттар мотордан тарапалтын трубаға қарай ұмтылады да, оның бір бөлегі металдан істелген труба арқылы дирижабльдің ішіне тарайды, метал тыспен қапталған ауа кемесінің ішіндегі жеңіл газдарды қыздырып, содан кейін өзі сыртқа шығып кетеді. Ал, жаңғыш заттардың енді бір бөлегі екінші труба арқылы сыртқы атмосфераның өзіне тарапалып кетеді. Ал, үшқыштың қолымен қозғалып отыратын тетік екі трубаның біреуін керетінше ашып, не жауып отырады. Яғни бір трубаны жапқанда екінші трубаны ашып отырады. Эдетте, екі трубаның тесіктері жартылай жабық болады, ал, металл тыспен қапталған дирижабльдің ішінде белгілі шамада орташа температура сакталады. Мысалы: 30 градус. Осы температураны үшқыш қолындағы тетігінің күшімен сыртқы ауа-

ның салқындығында төмендете алады, ал, не болмаса оны 60 градуска дейін қыздыра алады. Қыздыру мен салқынданту онша қыйын емес. Өйткені ол, дирижабльді алға қарай үшуға жеткі жанғыш заттар мотордан бөлініп шығып қалып отыру нәтижесінде температураны өзгерте алады».




200 адамға арналған Циолковский дирижаблінің бойлық кыйыс.
Пропорционалды чертеж.

Дирижабльдің көлемін кеңейту, не тарылту кезінде газ температурасы өзгерсе онда ауа кемесінің төмен, не жоғары көтеріліп қозғала беруіне мүмкіндік жасайды.

Циолковский дирижаблінің құрылышындағы ўсак-түйектерге көніл бөлмей-ақ ерекше мәнді өзгешеліктеріне тоқталайық:

1. Жанбайтындығы. Дирижабльдің металмен қапталған тысында және гондолында тез от алатын ештеңе де жок. «Газ (су тегі) жанбак түгіл жарылмайды, қайта жанармай ғана жанады. Егер де металл тыспен дирижабльдің бүйірінен тесік пайда болса, іштен шықкан газдар оның сыртында ептең жана бастайды. Ал, от жағыны дирижабльдің ішіне ене алмайды. Өйткені, оның ішіндегі газ кысымы сырттағы ауаны ішке енгізбейді, ал су тегі мен ауаның араласып кетуінен ешқандай да өрт болуы мүмкін емес. Ал, дирижабльдің металмен қапталған тысы отка күймейді, ерімейді, тек тесіктен шықкан газ жана береді. Дирижабль аз-аздап көтерілу күшін азайтып біртіндел төмендей береді». Циолковскийдің бұл пікірі осы кездегі дирижабльдің апатқа үшірап жүрген жағдайларына ешбір үқсамайды. Өйткені, ауа кемесі бірнеше минуттың ішінде



Циолковский дирижаблінің жайылған және жайылмаған түрде көрсетілген тысының көлденен күйесі.

Түгелдей жаңып кетеді. 1908 жылы цеппелин дирижаблі, 1922 жылы ішінде 34 адамы бар Италияның «Рома» дирижаблі, 1930 жылы ішінде 45 адамы бар Англияның „R 101“ деген дирижабльдері осындай апатқа ўшыраған.

Дирижабльдің өртену қаупы барлық уақытта да болады: ерт атмосфералық электрден, не болмаса үйкелістен шықкан электр ўшқындарынан пайда болуы мүмкін.

«Шардың козғалатын бөлімдері бірде кеңейіп, бірде тарылып тұрғанда бірін-бірі қажайды да электр ўшқынын шығарады. Ал, электр ўшқындары газ сыйкты жаңыш затты жандырады. Дирижабль командасының, не жолаушылардың от моторын нефть мен бензин сыйкты тез от алғыш заттарды ўқыпты ўстай білмеуі салдарынан да ерт апаты болуы мүмкін».

Дирижабльді жаңыш су тегінің орына жанбайтын галий газымен толтырған күнде де ерт апаты болуы мүмкін. Өйткені дирижабльдің металмен қапталған тыстың ішінде газ сыйкты жаңыш заттың қалдығы, ауа, тез от алғыш желкабыктар болады. Ал Циолковский дирижаблінде осы айтылған қауып-қатерлердің бірде-бірі жоқ.

2. Өткізбейтіндігі. Металдан жасалған дирижабль газдан айырылса да өзінің салмакты көтеру күшінен айырылмайды. (Металды тыспен жасалмаған дирижабльдерде газдар сыртқа шығып кетеді). Міне, сондыктан да Циолковский дирижаблі ушін «жел, дауыл, күйін, күннің лайсанұлығы, жерге конуға болмайтын жағдайлардың бәрі де қауыпты емес, өйткені, күннің жайма шуағы бар ая атмосферасына біргінде жоғары көтеріліп кете алады. Сол біктікте қанша уақыт үшіп жүрем десенде жүре аласың. Ал, жер бетінде қауыптенерліктең жағдайлар жоқ кезінле, ыңғайлы жерге кона беруге әбден болады». Дирижабльде өрт апатының болуы себебін тағы да бір рет қайталайық, ол мынадан болады: таза су тегі жанбайды, ал ауаның от тегімен араласқан су тегі ғана жана алады.

3. Дымқылтар тартпайтындығы. Металл тыспен қапталған дирижабль дымқылданбайды. Сондыктан да Циолковскийдің аяу кемесі жауын шашыннан, не болмас ауаның дымқылдығынан ешуақытта да ауырламайды.

4. Ұзақ төзімділігі. Дұрыстап өндөлген болатпен қапталған дирижабль ұзақ уақытқа шыдайды. «Үлкен дирижабльдердің металмен қапталған тыстары мәнгілікке шыдайды деседе болады».

5. Арандығы. Дирижабльді болатпен қаптау резина косылған металдармен қаптаудан әлде қайда арзан. Төзімділігінің ұзактығын, отка беріктілігін еске алғанда металдан жасалған дирижабль жүз есе арзанға түседі. «Есептеп қарасам менің дирижабліммен жүк пен адамдарды тасу, темір жол және порохолтар арқылы тасудан ондаған есе арзан екен» деп жазды Циолковский.

6. Беріктігі. Металдартың беріктігі сондай, тіпті бір қаланың барлық адамын тегіс көтеріп кете аларлықтай ете зор көлемді дирижабль жасауға мүмкіндік бар екен

7. Дирижабльдің жарқырап тұрған металдың тысы күннің көзінен аз ысыйды, түннің сәулө таратуынан кем салқындейдьы. Мұның үлкен маңызы бар: дирижабльдердің ішін толтырып тұрған газлардың температурасын өзгертсе аяу кемесі кейде төмендеп, кейде жоғарыладап тұра-

ды, міне, осындай жоғары, не төмен түсіп тұруды болдырмас үшін қымбат бағалы газды шығарып жіберу керек, не болмаса жеткілікті мөлшерде алып үшатын балластарды (әрине, запасқа алынған балластар дирижабльдің жук көтеруі құшін кемітеді) тастап тұру керек.

8. Газды қыздыру. Мұның қалай болатындығын жоғарыда түсіндіргенбіз. Енді өнерпаздың өзі көрсеткен нұсқауын келтіреміз:

а) жоғары температура газдың көтергіш құшін ұлғайтады;

б) жылыған газ қыс мезгілінде не солтүстік елдеріне дирижабльмен саяхат жасағанда онын металмен қанталған тысына кар мен мұз қатырмайды.

в) газдың температурасын өзгерту арқылы дирижабльдің көтергіш құшін белгілі дәрежеде молайтуға болады.

Дирижабльдің ішінде отырған жолаушыларды түсіріп, не болмаса пайдалы жүктөрді (не жартылай) алып тастаған күнде де ол жүгі женилдегендеген аспан-ға оқша атылып үшпайды, Циолковский дирижаблінде газды жасанды түрде төмendetуді колдануға болады, өйткені ол аяу кемесін жүгі бар кездегідей үшып, бірқалыпты тенденциян сактауға мүмкіндік жасайды

г) Көтергіш құшті өзгерткенде дирижабль газ шынына кездеспей балласты түсірмей-ақ біресе төмен, біресе жоғары көтеріле алады, сонымен қатар

д) күннің қыздыруынан және басқа себептерден болып отырған газ температурасының өзгеруіне карсы күресе алады. Мысалы, күннің кезінен газ қызатын болса, оның температурасын жасанды жолмен төмendetелі, сөйтіп дирижабльдің тұмсығының жоғары көтеріліп кетпеуін сактап тұрады.

Манадан бері айтылғандарды «40 адамға арналған металл дирижабль проектісінің» негізгі пікірлерімен толықтырайық (1930 жыл):

Дирижабльді тұтас металдан жасау әрі арзанға түседі, әрі мықты болады. Газ шығыны болмайды. Ұзакка төзімді болады. Дирижабль көлемінің өзгеріп отыруы оның металмен қапталған тысының бір қалыпты формасын бұзбай беріктігін сактайды. Конструкциясының қарапайымдылығы. Ауаға көтерілмей тұрып дирижабльге су тегін толтыру Оны сактайтын ангар мен верфандың болмайтындығы. Дирижабльге приchal мұнарасының қажеті шамалы, өйткені оның каркасы болмағандықтан серпінді келеді. (Матчы онша биік болмайды). Ауа бөлімдері мен катпарлары қажет емес. Дирижабльдің ішін жанғыш заттардың әсерінен жылдыту және табиғи салқындатқышының болуы. Запас балластар алып үшады, орынсыз газ шығаруды тілемейді. Ауа райының қолайсыздығынан ешбір қауіптенбейді. Онша қыйындыққа түспейтін жоғары көтерілу аркасында дирижабль дауыл, күйін, жауын-шашыннан, шайқаудан корғана алады. Оның двигательдері, ауа винті тағы басқа тетіктері кәдімгі дирижабль тетіктерінен ешбір айырмасы жок деседе болады.

Циолковскийдің тұтас металды дирижаблінің осы артықшылық жактарын (1918 ж) казіргі дирижабльдердің кемшіліктерімен салыстырып қарағанда, мынадай таңданарлық корытындыға келесін:

Резиналы мата мен барлық аппараттар өте қымбатқа түседі.

Дирижабль тәмен түсуге беталғанда тез бұзылғыш келеді.

Резинкалы мата үзакқа тәзе алмайды, егер қапталған тыс жыртылса газ шығарып жібереді де, түкке жарамай қалады.

Диффузия арқылы (қапталған тыстап өтіп кетуі) және әсіресе, күннің әсерімен (қызылры) және күн райының түрлі элементтерімен күресте су тегін көп шығындейды. Балластардың масылдылығы. Конструкциясының өте нәзіктігі және күрделілігі.

Дирижабль көлемінің аумакты болғандығынан ауаның

көрсететін кедергісінің молдығы, ауырлығы және тыстың орынсыз катпарланған формасы оның алға қарай үшү шашаңдығын бәсекедегі, не болмаса мотор қуатын күштейту үшін көптеген жанармай шығынына кездестіреді. Эсіресе, мұнда от апатының қаупы өте күшті болады.

Газ бен ауаның араласуы өте қауыпты болады және дирижабльдің үйкелетін бөлімдері гондолдан электр үшкіндарын шығарады. Сол кезде сыртқа шығып тұрған су тегін жандырады. Содан кейін дирижабльдің капиталған тысы жанады және кейбір кездерде газ косындылары жарылады. Міне, соның салдарынан оның жүк көтеру күші азаяды.

Осы жоғарыда аталған кемшіліктер Циолковскийдің дирижаблінде жоқ. Манадан бергі әңгімелердің бәрін ескеріп, өнерпаздың осы ауа кемесінің технологиялық процесстерін толық менгергенде ол өте арзанға түседі. Оны пайдалануға берген кезде жасау үшін шығарған шығынлардың орны тез толалы. Циолковскийдің өзі айтқандай оның түсірер пайдасы өте мол, тіпті дирижабльдің сыртын күміс не алтынмен қаптасада өзінің шығынын өзі актай алады. «Күмістен аэростат жасасаныз ол өзіне шығарған шығындардың барлығын өтеп, 100 процент артығымен пайда келтіреді, тіпті сап алтыннан аэростат жасасаныз да бірталай пайда келтіре аласыз» — дейді Циолковский өзінің «ауа кемесі туралы қарапайым ілімінде» және ол осы айтқандағының барлығына кететін ишігүлшардың және кіретін кірістердің мөлшерін жобалап көрсетеді.



Болашақ туралы ойлар

Циолковский өзінің ауа кемесінің проектісін ойлап шығарғанда граф Цеппелин сыйкты соғыс максатына пайдалануды көздеген жок, қайта адамзат баласының бейбіт өмірін ғұлдендіре беруі үшін шығарған болатын. Ол өте қолайлы және арзан түсетін ауа кемелері, болашақ уақытта қазіргі транспорттардың негізгі көріністерін өзгертіп елімізге жана бейне беретіндігіне қатты сенді. Циолковскийдің есебінше ауа кемесімен саяхат жасау темір жол және пароход транспортымен саяхат жасаудан ондаған есе арзан болады. «Әлемді түгел айналып шығу 40 сомнан артпайды¹. Жер шарының бір жақ шетіне жету—20 сомнан аспайды, ал орта кеңдіктен, яғни өзінің түрған жерінен экваторға дейін — 5 сом, солтустік полюстен экваторға дейін — 10 сом, ал Москвадан Петербургке дейін — 50 тыңын тұрады. Міне, осындай аз шығынмен, адамдар жер шарының барлық түкпірлеріне қай уақытта болса да сапар шегіп, саяхатка шыға алады».

Ал үлкен дирижабльдер мен жүк тасу қазіргімен салыстырғанда 100 есе арзан болады. Міне, осы ауа кемесінің аркасында «Жер жүзінің барлық түкпірлеріне баруға, оны мекендеуге, пайдалануға, зерттеуге болады».

Дирижабльмен саяхат жасау баска транспорттарға қарағанда әлдекайда қолайлы, көнілді болады. «Онда адамның көңілі қобалжып, корқыныш күшағынла болмайды, өйткені ол сілку және шайқау дегенді білмейді, оның іші тіпті өз көңілің сүйерліктең жылы, не салқын болады, тез үшады, оның іші әшекейленген кен, ауасы таза болады, дымқыл экваторлық жерлердің бактериаларынан қауыттеңу дегеннің не екенін ойламайсыз да. Ауа кемесімен саяхаттауды піл, түйе, ат т. б. көліктермен сапар шегумен салыс-

¹⁾ Бұдан кейінгі келтіріліп отыратын құн бағалары өткен ғасырдың аяқ шеніне жатады, өйткені, оның еңбектері сол кездерде жазылған.

тырудың өзі күлерлік іс. Аспан әлемінде, биіктікте сапар шегуге не жетеді дейсін! Географияны практика жүзінде көзбен көрудің өзі сіздің біліміңізді, ақыл-ойыңызды кеңіте гүседі».

Транспорттың арзандығы, сөз жоқ, товарлардың, әсіресе, колониялық заттардың бағасын төмендетеді. Экватордан 100 кг жемісті бізге жеткізу үшін 5 сомнан артыққа түслейді. сонда әр килограмына 5 тыйыннан төлеген боласың. «Бұл тез жүретін дирижабльге төленеді, ал баяулау жүретіндеріне бұдан ондаған есе көм төлейсің. Заттарды атпен кемеге жеткізу, кемеден түйеге арту, түйеден темір жолға жеткізу үшін ол товарларды мықтап, тәптештеп артып жату керек болса, ауа кемесіне арту ондай әлекті талап етпейді. Жеміс, ет сыйкты тез бұзылатын азық-түліктерді аман жеткізу үшін олар бұзылмайтындағы биіктікке көтеріліп үшады. Жаз айларының өзінде де жоғары көтерілу нәтижесінде қажетті сұқытқы жасай алады, мысалы: экваторда 4—5 км жоғары биіктікте ауаның температурасы нольден төмен болады».

Міне, адамзаттың техникалық мұрасына тарту еткен Циолковскийдің металл дирижаблін жүзеге асырғанда келтірер пайдасы осындай. Өнерпаз біздің әрекеттеріміздің өзгертіп отыратындығын білді, өзінің дарынды ойларының жүзеге асатындығына сенімі күшті болды, сондықтан да осындай істен ол өзінің бар, ақыл-ойын, жігерін аямады.

Өнерпаз қыялдарының қалай шарықтағанын көрсету үшін мен оның металл дирижабль жүзеге асып (Циолковский оны «аэронат» деп атаған) өмірге пайда келтіргенін ойша былай сыйпаттаған еңбегінен бір үзінді келтірейін және сіздер өнерпаздың осы көріністердің ешуакытта да ауа кемесінде үшүп, өз көзімен көрмегенін естен шығармадыздар.

«Горизонтта алыстан қарайып көрінген не екен? Ол — металдан жасалған ауа кемесі. Ол жақындаған сайын үлкейіп, үзарып, жуандап, кей кезде оның бөлімдері жалтырап үзын каюталарының терезелері, таяныштары көрінеді.

Машина моторының гүрлдеген даусы естіледі. Ескек вінттерінің ақ шеңбері жаркырайды. Терезелерден жолаушылар да жерге сүйсіне қарап отыр.

Әрлі-берлі үшып жатқан ауа алыбына көшілік көңіл аудармайды. Олар көзге онша көп түсे қоймайтын пароходтар мен поездарға көбірек көңіл аударып құштарлана қарайды.

Кей кездерде дирижабльдердің топтаның жургенін көресің. Біреулері тіпті сондай тәмен үшады, оның құрылыштарын тегіс байқауға, ішінде кетіп бара жатқан таныс адамыңды ажырата алуға да боларлықтай. Ал, екіншілері бұлтты құндері 4—5 километрлік биіктікте үшып көрінбей кетеді. Аспанда бұлт сирек болғанда ғана көз үшында кетіп бара жатқан қарайған бірдемені көресің. Ал өнді кей біреулері бұлттан кейде көрініп, кейде көрінбей қунге шағылысып үшып жүреді.

«Міне, аэронат қаланың жанына қонды. Жолаушылар одан шығып, трамвайға түсіп, мәз-мәйрәм болып үйлеріне кетіп бара жатыр. Ал, бұларға қарсы ауа саяхатына шыққан қала жастары келе жатыр. Олар 100 километрлік сапар үшін не бары 10 тыйын тұратын билет сатып алды, олар жер бетінің көрністерін жоғарыдан карау үшін терезе қасынан ыңғайлы орын алуға асыруда. Бірнеше рет ауа кемесімен саяхат жасаған жолаушылар тағы да көрсем екен деп ынтығуда. Жүктерін қойғаннан кейін, жайласып отырып алып бір-бірімен танысып, осыны ойлап шығарғанды мадақтаса бастайды. Ақырғы қонырау берілген кезде жүрттың бәрі де тым-тырыс болып терезенің мөлдір шынысынан тесіле қарайды. Аэронат бір қозғалып етеп көтеріле бастады, жер тәмен кетіп бара жатқандай болып көрінеді.

«Машина, каюта терезелері етеп қана дірілдейді.

«Көк ленташа созылған өзендер, тутінге оранған қалалар мен селолардың арығы көрінеді, алыстан қараганда оның жұмбақ сырьы бардай болады. Жолаушылар көрінген орман, өзен, көл, жолдар, жерлердің атын айтып, бір-бірімен таласып, әзіл айтып, шаттанып отырады.

«Дирижабль қаютасының ауасы жақсы, керекті жылылығы бар, шаң тозаны жок, жарығы мол, кең салтанатты, таза, тілті керек десең тамағына дейін бар, дем алыш, көніл көтеруге іздесе табылмайтын орын. Ыстық жерлерде күн шыжып тұрған кезде үшсанызда сізге ыстықтың ешбір қаупы жок, өйткені бір екі километр жоғары көтерілген соң өзінен-өзі салқындай бастайды, төменде мый қайнатқан ыстық болып тұрса да сіз үшып келе жатқан жер қоңыр салқын болып турады. Сіз үшып келе жатқан дирижабльде солтүстіктің сұығы, Верхоянскінің 70° кысы түкте істей алмайды. Өйткені, көп жылдылықты атмосфераға тікелей шығарып жіберіп отыратын күшті двигательдер арқылы қаутаны әр уақытта да ойлағылай жылтып отыруға болады. Мүндай жылту үшін полярлы жерлерде де, сұық жерлерде де бір тыйын шығын шығармайсыз.

Бір жолаушы пароходпен сапарға, шыққандағы теңіз дауылымнан көрген корлығын айтқан кезде, оны тыңдала отырған басқа бір жолаушы өзінің тыныш гондоласының қабырғасына қарап койды... Ал тағы бір жолаушы теніз дауылы болғанда адам біткен жығылып, кеме ішіндегі заттар құлап, сынып, не отыруға, не түрегеп тұруға, не жатуға орын таба алмай қауыптың күшағына кездескен кезін әңгімелей жөнелді. Оны үмытуға болмайды, үйыктап жатсам түсімнен шықпайды деп те қояды...

«Осы кезде аэронаат дір ете қалғанда гондол шайқалып, селкілдей бастайды, «мақтаған аэронаатың мынау болса» деген кекесін сөздер естіліп, жолаушылардың түсі өзгеріп, үрейлері үшып, көздері шарасынан шығып кетерліктең базырая қалды.

«Бұл кезде ауа кемесін басқаруушы коркынышты биіктіктен төмен түсіруге бұйрық берді. Одан 5 минут уақыт ішінде төмендегеннен кейін аэронаат бір орында тұрғандай болып, өзінің бұрынғысындай жайлап қалқый берді. Оның дірілдеп, шайқалуы аспан әлемінде күйін дауыл шығаратын жерге, желдің қарама-қарсы ағынына кездескен болуы керек.

«Ауаның ағыны бір қалыпты тыныш болатын қабатында жоғарыда қалып қояды, ол кезде аэронатты жоғары төтеруге тұра келді.

— Аэронаттың артыкшылығы міне, осы. Соккан дауыл жоқ болып кетті. Парохөд болса дауылдан кайда кетереді? Не төмен, не жоғары кете алмай, күзға, не су астындағы дауылдың қырсығынан бұрын батып кеткен кеменің қалдығына соғылып, не қайранға отырып қалған әолар елі, — деп жолаушылар дирижабльді мақтап, әңгімелерін қызыдыра түседі.

«Егер дирижабльдер әр жакка үшатын болса, олар атмосфераның колайлы ағысын пайдалану үшін әрқайсынан керекті биіктікті таңдап алады. Бір жаққа кетіп бара жаткан аэронаттар көбіне бірдей биіктікте үшады...

Дирижабль прожекторлерінің сәулелері түнде аспандың күндізгідей жарқыратып жібереді. Сонда аспан, адам айтқысыз тамаша болып көрінеді.

«Автомобильдерді, әсіресе, аэропландарды өте аз көреміз. Автомобильдер ертеде шыққан болса да оны бұл кезде көп елдер білмейді, оның себебі өзінен-өзі түсінікті, жолдың жоқтығы, олардың қымбаттығы, және жүргізудің қыйындығы болып табылады. Ал, ауа кемесі туралы әңгіме мүлдем баска ғой. Ол пароходтардан жұз есе пайдалы, сондыктан да оны көп колданады. «Барлық жерде жүре беретін» аэронаттардың үшу биіктіктері де оның данқын арттыра береді, бізге дирижабльден пайдалы ешнәрсе болмайды. Ол қай уақытта болса да көпшілікті өзіне тартып, қызықтыра береді.

«Саяхаттың ақыры жақындарап, алыстан сағымданып тұрған кала көрінеді. Аэронат біртінде жақындаій береді. Қаланың таныс шеті көрінеді, енді бірнеше минуттен кейін аэронат қаланың касына келіп конады. Серіппелі жеңіл сілкініс болғанда оның енді козғалмайтынын сезесіз. Сағаттарына қарайды. Арттан қуалай соккан желдің әсерімен 400 километр жерді 3 сағатта үшыпты. Уақыттың тез өткендігі сондай, тамақтану деген еске кірер де емес. Жүрт

жайлыш орындарын қалдырып кетуге қымай тағы да әлі біраз үшар ма еді дегендей пішін байкатағы. Бұған қолымыз жетіп, ерттелген аттай мініп алдық қой, тағы да талай үшармыз...

Аэронаттар дүниe жүзіне түгелдей тарапты кетіпті, біреулері жолаушылар мен жүктөр күтіп тұр, біреулері жөнделуде тұр, біреулері ауада үшіп жүр. Олар бірнеше жүз мыңдаған саналады.

«Әрбір алыпка 100 наң аса адамдар сыйады, көп жүкпен аспанға көтеріледі... Осы металл алыптарды жасайтын верфалар онша көп кездесе қоймайды. Дауылдардан корғай алатын тау бауырайлары ауа кемелерінің баспанасы, ал ол қауыпке кездескен жағдайларда жөндептін верфасына айналады. Бұл жерде оларға деген ешбір қауып жок. Ал, олар үшін аспанның биіктіктері қауыпсыз болып саналады, ондай орынды қынналмай-ақ табуға болады Ол-атмосфераның бір қалыпты ағындар қабаты. Аэронаттардың бұл паналайтын жерлері каншалыкты меніреу, тұрпай болса да, бәрібір оған ешбір колайсыздық жасамайды. Мұндай тұрпай жерлерге тығыз қоныстанған аймактардан адамдарды көшіріп әкеліп жердің тіршілік бейнесін мүлдем өзгертуге болады.

«Біз кайда тұрамыз? Мұхит жағасында мыз ба, не кемелер токтайтын қойнаудамыз ба? Жок. Біз өмір сүрген аймактың манында өзендер, көлдер, теніздер тіпті бергісін айтқанда жолдарда жок, бірақ мекеніміз өзімізге ете жәлі жерде тіршілік ету деміз. Өйткені, жалғыз ауа жолының өзі-ақ барлық олқылықтың орнын толықтырып, есесін қайыруда.

Атмосфера кеме жүретін өзен суындағы қата ма? Атмосферада су жолында кездесетін дауылдар, кайранға отыру, тасқа, сөндерге соғылу сыйкты катерлі қауыптар бола ма? Әрине, жок. Егер жер жүзінің беті өмірбойы қатпайтын терең, кең каналдармен байланыстырылған күннің өзінде де, адамзат біз суреттеп отырған «жолсыз» жермен үшательн аэронаттың артықшылығын сонда да аса кадірлеген бо-

лар еді. Егер де жер жүзі жоғарыда айтылғандай адамның қыялындаға емес, іс жүзінде каналдармен байланыстырылса, шығын мөлшері қандай болған болар еді! Сөз жоқ тауды как жарып, адамзат мекендерген жердің бәрін түгелдей каналмен байланыстыра алмаған болар еді. Міне, сондыктан да толып жатқан каналдар мен жолдар салсаңда дирижабль атқарған міндettі олар өшуақытта атқара алмаған болар еді».

Халық шаруашылығында ауа кемелерінің аткаратын міндettінің маңызы өте зор екені жөніндегі Циолковскийдің пікірін қазіргі күндері көптеген ғылым адамдары макұлдайды. Бұл туралы ірі мамандардың бірі, жаңа алып цеппелинді жасаушы және оның капитаны былай деген:

«Балтық тенізінен Охот тенізіне дейін созылған Совет Одағының кең байтақ жерінде қатынас күралы етіп ауа кемесін пайдалануға болады. Оның пайдасы өте зор. Елдің көлемдегі, жол үстінде ірі мекендердің аздығы алыс сапарға үшатын ауа кемелерін жасауды талап етеді. Қазіргі үакытта бұл мұқтаждықтан шығаратын — тек дирижабльдер болып табылады. Сондыктан жақын арада, Совет Одағында Москва мен Якутек және Николаевск араларына үшатын дирижабльдердің болатындығына менің сенімім күшті»..



Жұмыс стилі

Циолковский өзін-өзі «нағыз өздігінен оқыған» адам деп атады. Оның проектілері ғылми негіздерге сүйечбейді, көзben өлишеп, көңілмен долбарлап, бақтым жанса бір нәрсе шығар деп алды-артын ойламай істеген деп ойлау үлкен қателік болып табылады. Шыныңында олай емес, оның техникалық идеялары — үздіксіз ізденудің, жете тексерудің, көп тәжрибелерге сүйенудің және математикалық дәл есептерді шығарулың нәтижелері болып есептеледі. Бұл жөнінде Циолковский өзінің тапқан табысы жөнінде Эдиссоннан әлде кайда пайдалы болды) өнерпаздарға үлгі боларлыктай ғалым еді. Американың өнерпазы өзінің өнер табысын шыңдай беру үшін аянбай жұмыс істеп, көп еңбек сінірді, оның өз айтуына қарағанда, әрбір жетістікте «бір процент творчество да 99 процент маңдай тері» болатын еді. Бірақ Эдиссон өз ойының әрбір табысын өз өмірін көркейтуге ғана жұмсады, тек жеке басының пайдасын көзделі. Ал, Циолковский бұған көрісінше, жүргізген тәжрибенің барлық мәліметтерін болашактағы жұмыстарының күнін арттыра түсетін теория етіп көртып жыйнай берді. Жұмысты тап осындай стилемен істеу нағыз ғалымдардың ғана қоюланан келеді.

Циолковскийдің өнерпаздық қайраткерлігінің алғашқы айтарлықтай табысы — тұнгыш дирижаблі болып табылады. Ауа кемесі проектісінің жана системалары Циолковскийге ойда жок жерден пайда болған жок, қайта зерттеу жұмыстарынан туды. Әрине, оның творчестволық ойын бірінші рет қозғаган өнерпаз қыялының күшті шабыты болды. «Бәрінің алдынан ой мен фантазия жүреді. Солан кейін олардан ғылми есептер шығады. Ал, ең акыр аяғында ойды жүзеге асыру белгілі нәтиже береді» — деп сыйпаттайды. Ол өзінің аэронаттын (ол кезле «дирижабль» деген сез жок болатын) және оны шаруашылықта колданғада келтіретін пайдаларды бірінші рет ойлай бастағанда өнерпаздың көз алдына болашақтың мынадай қызығылдықты жөріністері елестеген көрінеді:

«Мынлаган ауа кемелері құс тәрізді атмосферада бірнеше бағыттарға ўшып жатыр. Әрбір кішкене қалалар мен деревнялар портты қалаға айналады, ейткені, жердің қолайлылықтарына аспан жолының пайдасы қосылып жатыр. Бұл қандай ғажап идея!»

Бұл идея «аэростатты басқаруға болатындығына ешкім сенбейтін» кезде Циолковскийдің көніліне ой салды, кейіннен ол өзінің пікірлерін ғылми түрде дәлелдей бастады. Ол басқаруға көнетін ауа кемесінің аэродинамикалық проблемасын, яғни ауаның каншалыкты кедергісі болатындығын зерттеуге кірісті. Ауда ўшып бара жаткан зат ауа тарапынан белгілі дәрежеде кедергіге кездесіп, жүрісін бәсендететіні кімдегі болса да белгілі. Жүрістің бәсендеде мөлшері бірнеше себептерге байланысты болады. Міне, ауаның кедергі көрсетуін аныктап зерттейтін ағындулы аэродинамика ғылымының осы мәселелеріне Циолковский өзінің практикалық жұмысында кездескен болатын. Ол кезде ауаның кедергісі жөніндегі ғылым жоқтың қасы болғандықтан өнерпаз аэродинамика заңдарын өздігінен шешіп отырды.



Ауа кедергісі

Ауа кедергісі заңдарымен таныс емес адамдар үшіп бара жаткан дененің ауа кедергісі соншалықты мол еместей және ол дененің формасына да байланысты еместей болып көрінеді. Былай түсінушіліктің дұрыс емес екендігін төмendetі мысалдармен дәлелдеуге болады: мына екі дененің—өзінің жазықтығына қарай перпендикуляр қозғалған дөңгелек пластинкаға ма, не болмаса осындай көлденең шарға ма? Қайсысына ауа көп кедергі келтіре алады. Геометрия заңына сүйенген бірталай адамдар, шар—ауа тарапынан кедергіге кездеседі, өйткені, шардың жарылай беті біздің пластинканың көлемінен екі есе үлкен болады деуі мүмкін. Шындығында, жүргізілген тәжрибелерге карағанда шардан гөрі пластинкада ауа кедергісі 6 есе артық болатындығын аныктап отыр. Соңсоң шар сыйакты дененің, не болмаса тап сондай көлденең қызып өтетін сигар форма-сындағы дененің («сигар» бойлық бойымен қозғалады) қайсысына ауа көп кедергі жасай алады? Шындығында өзінің бойлық бойымен қозғалған «сигар» осындай көлдеңең қызып өтетін шардан ауа кедергісіне 5 есе кем кездеседі еken (ал, дөңгелек пластинка «сигардан» 30 есе артық ауа кедергісіне кездесетін болып шығады). Міне, осы келтірғен мысалдардан-ақ ауа кемесіне қолайлы форма тандап алу үшін аэродинамиканың қандай маңызды роль атқарытынын анық көруге болады.

Авиация мәселесіне байланысты тағы да бір мысал келтірейік. Егер аэропландар тіреулерінің кескен жеріндегі дөңгелек бетінің диаметрі 4 сантиметр, биіктігі 2 метр болса, аэроплан сағатына 250 километрлік жүріс жылдамдығымен үшканды, онда оның әрбір тіреулері 30 килограмм ауа кедергісіне кездеседі. Ауа кедергісін бір жарым килограмма, яғни 20 есе кеміту үшін екі бүйірі шығынды үштари өткір тіреуіштер коюдың өзі-ақ жеткілікті болады. Бұл үшуға кажетті куатты әжептәуір кемітелі. Қазіргі самолёттердің үшу жылдамдығын арттыру үшін бүйірі шығынды,

жұмыр тіреулерді қолдану өте колайсыз болады. Міне, сондыктан да қазіргі жана самолёттерде сопақ тіреулер, не жұмыр болғанымен де «сопақтандырылған» тіреулер орнатылады.

«Аккыш» форманың нактылы маңызы қандай екеніне тоқтатып өтейік. Жүріп бара жаткан деңенің артқы бөлімінің формасына карай ауа кедергісінің каншалықты әсері болатындығына көптеген адамдар көніл бөлмейді не туғсінбейді. Олар деңенің ауаны тесіп отыратын аллығы жағының ғана маңызы зор болады деп ойлайды. Шындығында, авиация мәселесінде деңенің артқы жағының маңызы өте күшті болып табылады. (Егерде жүріс жылдамдығы белгілі шектен, яғни дыбыстың аудағы тездігінен аспаса). Оның барлық мәні мынада: деңеден сырғып аккан ауа оның жалпақ жерінен өткенсін алшактап қалмауы керек. Олай болған жағдайда деңе мен ауаның арасында бос жер қалады да, тап сол жерде күйін пайда болады. Эдете тыныш ағынды жердегіден күйіндері жердегі ауаның қысымы тәмен болады. Ауа қысымы тәмен жер деңені кейін тартып ауаның кедергісін ўлғайтады, деңенің артқы жағының формасын дүрыс сайлап алса, күйіндер пайда болуының мүмкіндігі жойылады, соның аркасында жүріске келетін кедергілер азаяды. Міне, сондыктанда дирижабльдердің алдынғы жағы жұмыр, ал артқы жағы біркелкі сүйірленген тез аккыштау болады.

Ауа кедергісін зерттеуді ғалымдар алғашкы кезде байлай жүргізген: шарды, пластинканы, самолёт корпусының модельдерін, не дирижабльдердің капталған тыстарын ауа арқылы жүргізіп ауа кедергісінің мөлшерін өте қыйын күралдармен өлшеген. Олар бұл тәсілдер (жүріп бара жаткан арбадан өлшеу қыйын) өте колайсыз болғандықтан пайдаланулы койып, тыныш ауда козғалған деңенің жүрісін зерттеудің орына бір орында тыныш түрған денеге келіп соғатын ауа ағынының әсерін тексеретін болды. Міне, осындай жағлайды пайда болатын күштердің бірінен-бірінің ешбір айырмасы болмайды.


Галилей шығарған салыстырмалы козғалыс заны былай дейді: бір дененің екінші денеге қатысты **козғалысы** болады, ал абсолюттік козғалыс болмайды.

Аэродинамика зерттеу жұмысы былай жүргізіледі: сыналатын дене колдан жасалған күшті желдеткіштің ауа ағынына ілініп қойылады. Сол желдеткішпен ауаның бүл ағынын ішіне модель ілінген аэродинамика трубасына жібереді. Кейде трубаның модель ілгеп жері үстінен тесіліп (тәжрибе жүргізу ісін жөнілдету үшін) қойылады. Бірақ бұдан ауаның үздіксіз ағыны ешбір бұзылмайды.

Казіргі уақыттағы лабораторияларда мұндай «аэродинамика трубалары» өтे үлкен қөлемді етіліп істеледі.

Біздің ЦАГИ де 1925 жылдан келе жатқан дүние жүзіндегі ең үлкен трубаның диаметрі — 6 метр, ұзындығы — 50 метр, желдеткішінің қуаты — 800 ат күшіндей. Мұндай күралдар арқылы тек модельдер, не үлкен деталдарды ғана емес, мысалы, автомобиль секілді машиналарды бүтіндей (жел жіберіп) сынай алады. Шет елдерде соңғы жылдарда мөлшері бұдан да үлкен және қуатты аэродинамика трубалары істелген.

Профессор Жуковский 1902 жылы Москва университетінде дүние жүзінде ең тұңғыш аэродинамика трубасын жасап шығарды. Циолковский өзінің ауа кедергісі жөніндегі системалы зерттеу жұмыстарын жабайы аспаптар арқылы жүргізіп, олардан дұрыс кортындылар шығарып отырған.



Зерттеу жұмыстары

Циолковский алғашқы тәжрибелерін жабық орындарда қозғалатын денелерге жасады. Одан кейін табиғи желдерді пайдаланды, ақырында аэродинамикалық трубаны өздігінен ойлап шығарып, оны өзі құрастырды. Оның квадрат тесігі 35x35 сантиметр болды. Ал, ая ағынының тездігі секундіне 5 метрге жетті, Калугадағы оқытушының колдан құрастырған қарапайым аппараты Россияда жасалған бірінші аэродинамикалық труба екенін және оның «түзету решеткесі» делінетін ая ағының бір қалыпты саябырлататын және тыныштандыратын өте манызды деталын дүние жүзінде бірінші ойлап шығарғандығын атап көрсете кету көрек.

Осы трубаны, Циолковскийдің өз атауынша «ауа үргішті», жасау кездеріндегі жұмыстары жайында өнерпаз былай дейді:

«Ая үргіштің де, өлшеу приборларының да жақсылығы сондай олар өте сезгіш еді. Міне, олардың осы қасиеттері керекті қортындыларға емес, сонымен катар жол-жөнекей кездесетін жаңа қортындылар шығаруға да мүмкіндік берді. Қейіннен басқа зерттеушілер де осы пікірге косылды. Жетіллірліген аппараттың деталдарын түсіндіретін чертежлері мен таблицалары басылған үлкен атласты көрнекі толық еңбек осы уақытқа дейін болмай келеді».

Әрине, Циолковскийдің теориялық түсінігі біздің заманымызыдағы ая күйіндары туралы қызын теориялары бар аэродинамика ғылымына юқас емес. Мұны 19 ғасырдың аяғында, 20 ғасырдың басында өз алдына жеке ғылымға айналдырған профессор Жуковскийдің еңбектері болды. Циолковский қарапайым түсініктерді қуаттады. Оның ол түсінігі сол уақытта, сөз жоқ, алдыңғы қатарлы түсінік болатынды. Теориясының жабайлығына қарамастан, іс жүзінде керекті қортындыларға жетуге оның экспериментаторлық таланты көп жәрдем көрсетті.

«Теорияшылдар аэростат үшқанда оған ая өте көп

кедергі келтірелі деп тапты. Ал, менің жүргізген тәжрибелерім ауа кедергісі соншалықты зор емес екендігін және аэростаттың жүрісі жылдамдаған сайын кедергі коэффициенті кемі беретіндігін көрсетеді. Менің тәжрибелерім бөлме ішінде, катты желді күндерде үйдің төбесінде жасалды. Катты желде кедергі коэффициенті аз¹ болатындығын байқағанымда куанғанымнан кайда тұрғанымды сезбей қалып, үй төбесінен құлап кете жаздадым».

Циолковский ауа тараулынан кездесетін кедергінің қозғалатын денелер: тік бұрышты пластинкалардың түрлі формалары, ағынға көлденең қойылған призмалар, цилиндрлер, көп қырлылар, шарлар, айналатын түрлі денелер, жарты цилиндрлер, конустер, Шварцтың аэростат моделі² арқылы өлшеді. Осының бәрі де болмашы қаржымен істелді, оның бұл игілікті ісіне қоғамдық жәрдем өте аз болды. Сондықтан ол көбіне өз акшасын жұмысайтын еді. Осы туралы Циолковский былай дейді:

«Баспасөздің менің енбегімеге азда болса тілекtes болуы ауда жұзу жұмысын әрі жүргізе беру үшін әжептәуір көмегін тигізді, олар әрбір адамдардан садақалар (бұл қаржылардың жыйналуы «Калужский Вестник» газетінде Голубицкийдің макаласы басылған уақытта басталады) жыйнады. Бұдан түскен ақшаның небәрі 55 сом-ақ еді. Мен оны ауа кедергісін зерттеуге бағытталған жана тәжрибелерімек жұмсадым. Газеттің дабылы сондайлықты құшті болса да қаржы өте аз жыйнады. Питер каласы (Ленинград) 4 сом жіберді. Ақшасының аздығын койши, сол қоғамның ескергеніне көп рахмет. Өзім жасаған тәжрибелер-

¹ Бұл тамаша болжау қазірде профессор Франдтля т. б. зерттеушілердің теориялық жұмыстарымен дәлелденді.

² Цеппелиннен бұрын болған австрияның Шварц дейтін маманы 1893 жылы орыс үкіметі үшін алюминий табактарынан куралатын басқаруға көнетін аэростат жасап беруге талаптанған. Осы өнерпаздың бұдан кейінгі (1897 жылы Берлинде жасаған талабынан да еш нәтиже шықлады). Шварцтың дирижабльдерінің соны конусқа үксас цилиндр формасында болатын.

деп жеке өзіме пайдалы көп түсініктер алдым, олар тұралы және өзім істеген приборлар жөнінде «Вестник опытной физики» журналына «Жасанды ауа ағынынан туатыя беттердегі ауаның қысымы» деген макала (1898 жылы) жаздым. Бұл жұмысты мен ғылым Академиясына тапсырдым. Академик Рыкачев осы еңбегім туралы Академияға жақсы баяндама жасағаннан кейін ғана менің сұрауым бойынша Академия тәжрибелі жүргізе беру үшін 470 сом жәрдем берді. Жыл жарым өткеннен кейін Академияға 80 табақ қағазға жазылған баяндама мен чертеж-таблицаларымды жібердім. Осы жазған баяндамадан қысқартылып алынған қысқаша үзіндін «Ауа кедергісі және ауада үшу» деген атпен баспа бетінде басып шығарды. Осы жұмыстар кейін мен бірнеше уақыттар бойына өзімнің тәжрибе жұмысымды жүргізе бердім және оған байланысты түрлі есептер шығардым, сөйтіп аз да болса ауа кедергісінің шын мәнін аша бастадым».

Циолковский өзінің аэродинамикалық мәселені зерттеудегі табыстары туралы басқа бір еңбегінде былай деп жазды:

«Академия менің жұмыстарыма лайықты баға бергенімен де, ашқан жаңалықтарымның өте көп болуы салларынан менің еңбектерімге күдіктене карай бастады. Казір Академия (1913 жылы) мен туралы қателеспегендігіне және ақшаны орынсыз шашпағандығына қуана алады. Эйфельдің жасаған соңғы тәжрибесі аркасында менің тілгі өзімді күдіктендіріп келген қортындыларым дәлелденіп отыр».

Циолковскийдің аэродинамикалық жұмыстарына оның дирижабльдерді гидростатикалық жолмен сынау жөніндегі тәжрибелері косылады. Бұл жерде ауа кемелерінің тысына түсетін құштерді зерттеу үшін өзі ойлаш шығарған ерекше тәсілдері әнгіме болып отыр. Дирижабль тысының беріктігін математикамен есептеп шығару өте ауыр және қызын мәселе болып есептеледі. Сондықтан да әнерпаз есептеп шығарудың орнына мынадай тәжрибе жұмыстарын жасады:

Ол тыспен қапталған модельдің ішіне су күяды. Судың әсері жөніл газдың әсерінен ешбір кем болмайды, ол екеуі де модельдің көлемін бірдей кеңіте алады. Рас, су дирижабльді төмен тартады, ал газ оны жоғары көтереді. Бірақ күш әрекетінің зандары бұл екі жағдайында да бірдей болады. Міне, сондыктан да дирижабль тыстарының беріктігін байқау үшін инженерлер өздерінің сынау істерінде олардың бағыттарының әртүрлі болатындығына қарамастан, осы әдісті жасқанбай-ақ колдана берулері керек. Циолковский ойлап шыгарған осы әдіс қазіргі кездерде көп лабораторияларда пайдаланылып келеді. Дирижабльді сынау үшін оның кішірейтілген (мысалы, 30 есе) модельін жасап, төңкеріп жоғары байлан койып ішіне су күяды. Тыстың әр жеріне судың қаша салмақ түсіріп тұрғанын анықтайды. Газдың түсіретін салмағы осы судың салмағынан кем де, артық та болмайды. Осы қаралайым және өте ақылды әдісті стратостат жасаушылар пайдаланды. Олар жерден әртүрлі биіктікке ўшқанда стратостаттың қандай форма алатындығын алдын-ала анықтап алды. Циолковский жасаған әрбір қортындысы, әрбір аттаған адымы теорияға сүйеніп, тәжрибе жүзінде тексеріп отыратын жұмыс стилі көпшілік өнерпаздарға үлгі болғандай. Барлық өнерпаздар Циолковский сыйкты өнер тауып, жұмыс істей білуғе ыждағаттанулары керек.

Ауа кемесін ойлап шыгарған неміс өнерпазы граф Цеппелиннің жұмыс стилі Циолковскийдің жұмыс стиліне ешбір үқсамайды. Цеппелин ойына келгендей істеп, теорияға сүйенбеуінің салдарынан өте қымбатқа түсетін кателерді жасады. Расында да, ол кателерді жасамауға болатын еді. Цеппелиннің алғашкы жетістігін естігенде, Циолковский былай деп жазды: «1900 жылдары, XX ғасырдың қарсаңында, ауа кедергісін бұрынғысынан да молайта беретін көлденең бегеттермен коршаған өзінің цилиндрі аркасында Цеппелин аздаған табысқа жетті. Цеппелин онша қымбатқа түспейтін тәжрибелермен өзінің көлемі жағынан өте ебдейсіз үлкен ауа кемесінің жүрісін есептеп шыгарса, сез

жоқ, оның жүріс жылдамдығы 25 километрден (секундына — 7 метр) аспайтындығына көзі жеткен болар еді, ол мұны есептемеді, міне сондыктанда оның кемесі іс жүзінде тап осындаш шабан болып шықты.

Басқаруға көнетін ауа кемесі деп сол дирижабль ғана атала алады, егерде оның жүріс шапшаңдығы ең аз дегендө 50 километрге жетсе, яғни ол секундіне — 14 метр үшүү керек. (Метеорологиялық шкала көрсеткен 4 баллды күшті желдің каттылығына төтеп беретін жүріс жылдамдығы)».

Циолковскийдің дирижабль жөніндегі есептері мен жүргізген тәжрибелерінің түсіндірмелері 50 шакты кітапта, кітапшада, мақалада басылып шықты. Олардың ең курделілері Циолковскийдің «Таңдамалы еңбектері» деген жеке томында (бірталай өзгертулер енгізілген) басылып шықты, олар мыналар:

„*Тұмас металды аэростаттың теориясы*“ (1905-1908 ж.)

„*Бұрмалі темірден жасалған металл аэростаттың қаралайым проектісі*“ (1914 ж.)

„*Ұзындығы 60 тан 30 метрге дейінгі дирижабльде үшін жалпы таблица*“ (1921 ж.)

„*40 адамдық дирижабль проектісіне арналған материалдар*“ (1930 ж.).



„Жұмыс орындаумен бітеді“

Циолковскийдің ашқан талай жаңалыктары патшалық Россия тұсында ешбір ескерусіз қалып келгендігін жоғарыда жазған болатынбыз. Сол кезде оның системасы бойынша жасалатын металл дирижабльдің жарық дүние көруінің өзі негайбыл, тіпті сәулесіз еді.

Революцияшыл пролетариаттың өкімет басына келуі, әсіресе, оның билігіндегі өндірістің тез арада нығауы, жағдайды мұлдем өзгертіп жіберді.

Осоавиахимның жәрдем көрсетуі арқасында Циолковский 1931 жылы өз дирижаблынің ұзындығы 11,3 метр тысты моделін жасауға мүмкіндік алды.

Ауа кемесін одан әрі жасай беру міндеті Москвадағы дирижабль құрылым комбинатына тапсырылды. Бұл комбинаттың жанына Циолковскийдің ауа кемесін жасауға өзінің жәрдемін көрсететін арнаулы конструкторлар бюросын үйімдастырды. Дирижабль құрылышының бастығы, осы конструкторлар бюросы 1935 жылдың күздінде «косы кемені жасаудың және конструкциялаудың бірттай техникалық қыйын мәселелерін шешті. Истелген енбектерді тексеру үшін кеменің 1000 куб. метрлік моделі дайындалуда. Ол, кемені қалай жасаудың өндірістік әдісін толық дәлелдей көрсетеді. Міне, осыдан кейін Циолковскийдің толық схемасы бойынша орта кубатуралы кемесінің негізі жасалады» деп хабарлады.

Циолковский өз ауа кемесінің проектісін жасап қана қоймай, оны жасау жолындағы барлық техникалық процестерді тексерді. Өйткені, ол құрылышшыларды кемені жасау үстінде кездесетін кейбір кателерден және өте қымбатқа түсетең қауыптерден сактанырығысы келді¹⁾. Дирижабль құрылышының жасаған жұмыс жоспары Циолков-

¹⁾ Циолковскийдің кейбір көрсеткен жұмыс тәсілдері техниканың басқа тарауларында кеңінен колдана бастағанын көрсете кетуіміз керек. Мысалы, ол ойлап шығарған жұмыс әдісі: металдарды мәнерлеу тәсілі тұтас металды самолёттерді керу кезінде колданылып жүр.

сийдің 1930 жылы жасаған жұмыс жоспарына дәл келеді. Оның қысқаша мазмұны мынадай:

1. Дирижабльдің ұшпайтын және көлемі өзгермейтін ұзындығы 1,8 метрлік пропорционалды модельдерін жасау.

2. Ұшпайтын, бірақ ептең көлемін өзгертетін ұзындығы 6 метрге жететін модельдер жасау.

3. Жазықтықта жыйналатын, яғни мұлдем қабысып қалатын ұзындығы 16 метр ұшпайтын тысты модель жасау.

4. Дирижабльдің барлық детальдарын натуралдық көлемінде жасау.

(Осы жоспарды жоспарлаудан бұрын бастапқы үш стадьясы және төртінші стадьясының жартысына дерлігі жасалып қойған болатын).

5. Детальдарды тез және арзан дайындай алатын машина орудияларды дайындау.

6. Гондол мен тысты дайындау үшін верфа салу.

7. Ұзындығы 18 метрдей ұшатын тың дайындау.

8. Ішінде адамы жок, гондолдағдан дирижабльдің бірнеше үлкен модельдерін жасау.

9. 5 адаммен ұша алатын ұзындығы 30 метрдей карапайым конструкциямен дайындалған дирижабль жасау.

10. 15 адаммен ұша алатын ұзындығы 75 метрлік құрлысы жақсартылған дирижабль дайындау керек.

11. «Іс жүзінде қолданылатын дирижабльдердің көлемі үлкен болса, солғұрлым оның келтіретін пайдасы көп болып, оның құрылдысы жетілген болады. Оның биіктігі 15 метрден 50 метрге дейін, ұзындығы 90 метрден 300 метрге дейін болса, оның көлемі мұхит кемесінен ешбір кіші болмаған болар еді. Ол 17 адамнан 1000 адамға дейін көтеріп ұша алады».

Өнерпаз қайтыс болардан бір неше күн бұрын, ЦАГИ газеті өзінің авиация күніне арналған санында Циолковскийдің макаласын басты. Өнерпаз ол макалада өз проектісін жүзеге асыру жөнінде істеліп жатқан шараларды айтты:

«Дирижабль құрылышындағы Циолковский тобы көп уа-

кыттан бері тұтас модельді дирижабльді жасап шығару жөніндегі жұмыстар істеп келеді. Қазіргі уақытта 1000 куб. метрлік дирижабльді күрастырып жатыр. Бұл шынында да, өзінің кубатуралық жағынан транспорт қатарына қосыла алмайды, тек сынау үшін жасалған ойыншық болып қала береді. Дирижабльдің ойдағыдан пайдасын көру үшін оның көлемін жүздең мың куб. метрге жеткізу керек. Ең болмағанда Цеппелин дирижаблінің көлемінең кіші болмауы керек. Қазіргі дайындалған жатқан жұмысының бір жағынан оны жасауға жетіле беру үшін, екінші жағынан үйрену үшін өте пайдалы. Дирижабльдердің көп жасап, оның көлемін үлкейткен уақыттағана ол өзін таптырмайтын транспорт қатарына қоса алады» — деп жазды.

Конструкторлар бюросының бастығының хабарлаудың жараганда, Циолковский дирижаблін проектілеп жасап шығаруға кіріскенде (1935 жылдың октябрі) оның көлемі 1000 куб. метр болды, ал ауа кемесінің металл тысының ұзындығы — 45 метр болған. Тыстың қалындығы — 0,1 миллиметр тотықпайтын болат тақталарынан дайындалып, электр күшімен біріне-бірі мықты жасырылды. Егерде кеменің тысы белгілі техникалық талаптарға ойдағыдан сай келсе, онда орта шамада үшатын дирижабльдерді жасауға кірісуге болатындағын айтады.

Циолковский өмірінің соңғы кезінде басқаруға көнетін ауада, үша алатын ауа кемелерінің бірнешеуін біріне-бірін тіркеп, дирижабль поезын жасауды ойлады. Осы мәселе жөнінде ол өз макаласында былай деп жазды:

«Біріне-бірі тіркестірілген болаттан істелген арқанмен бір көлемді, не болмаса әртүрлі көлемді басқаруға көнетін ауа кемелерінің тізбегін көз алдыңызға келтіріп көрінізші.

Ең алдында бастап келе жатқан дирижабльдің артта келе жатқан дирижабльдің жүрісінен үшу жылдамдығы әлдекайда баяу болады дейік. Онда артқы дирижабль өзінің алдында келе жатқан дирижабльді кейін тартады, ал, екінші — үшіншін, үшінші — төртіншін және тағы басқалары алдында бастап келе жатқан дирижабльге дейін

бірін-бірі кейін тартады дейік. Міне, осындай құрамалы дирижабльдің шайқалуы және бойлық белдігінен еңкейіш кетуі өте қыйын болады. Тіпті тірек етерлік күш аз болса да дирижабльдің бүл құрамы ептейлі, төзімді болады. Эрине мүндай құрамдағы дирижабльдің жүріс жылдамдықтары бірінен-бірі онша артық болмауы керек ал, дирижабльдер көлем жағынан әртүрлі бола бере алады. Олардың көлемі бастапкы дирижабльден бастап ең аяккысына дейіш кішірейе беруі шарт. Біз белдіктің төзімді болуы үшін алғашқы дирижабльге бір, не болмаса екі дирижабльді тіркестірудің өзі де канаттанарлық деп есептейміз.

«Алға қарай тез қауыпсыз жағдайда ўша алатын және горизонталдық белдігінің бірқалыпты түзу болатын поезд сияқты құрамды дирижабльдердің артықшылығы неде?

«Оның келтіретін пайдасы мыналар:

«1/ апат қаупы төнген кезде олар біріне-бірі сүйеніш болып, көмектесе алады;

«2/ Көп дирижабльдердің жалпы жүрісінің салдарынан ортаниң келтіретін кедерісі азаяды».

«Олардың арасы әжептәуір алшақ болуынан пропеллерлардың қыймылы бәсендемейді.

«Мүмкін келешекте дирижабльдің барлығын үзыннан-үзақ етіп бір ғана ауа гиганттың жасаудың амалын табар, ал ол таңданарлықтай жылдамдықпен үшатын болар».





РАКЕТА

„Бұгін мүмкін болмағандар, ертең-ақ шындыққа айналады.“
ЦИОЛКОВСКИЙ.

Ракетаны меңгеру



Циолковскийдің нағыз тапқырлығын, батылдығын және творчестволық да-рындылығын айқын көрсететін идеясы ракетамен үшу жөніндегі идеясы болып табылады. Еүл мәселе жөнінде онын ешбір үстазы болған жоқ

және ол өзінің шетелдік пікірлестерінен көптеген жылдарға озып кетті. Атмосферадан тыс биіктікті, әлем кеңістігін бас-каруға көнетін үшулар мен оны зерттеу жөніндегі арманды ойлар жүзеге аспайтын қыял деп есептелуді койып, казір-гі уақытта көпшіліктің көнілін аударған техникалық проблемалар айналғандығын өнерпаз өз көзімен көрген күнге

дейін өмір сүрлі. Совет Одағында және сол сыйкты кейбір елдерде тұнғыш рет Циолковский айткан илеяларды шешу үшін аянбай енбек етіп жатыр және жұмыстардың барлығыда өнерпаз көрсеткен жолдармен жүргізіліп келеді.

Циолковский ракета жасап шығарған жок — кейбіреулер оны ойлап шығарды деп кателесуде — кайта, ол оның колдану мүмкіншіліктерін дәлелдей берді. Ракета Циолковскийден талай ғасыр бұрын ойлап табылып, жасалып шығарылған болатын. Ракетаны тек жәй пайдаланып қана коймай, соғыс максатына да колданды. Оны ауа транспорты ретінде пайдалану тың пікір емес. Атакты революционер Николай Кибальчич өзін өлтірерден бірнеше күн бұрын ракета принциптеріне негізделген үшу машинасының проектісін ойлап шығарды, оны қөшпіліктің барлығы біледі десек кателеспейміз.

Сонымен, біздің не айтқымыз келгендігін түсіндірейік: Циолковскийге дейін, былайша айтканда, ракетаны жетік білмestен-ақ жай ғана колданылып келген, оның калай ұшатындығына көніл аударған адамдардың өзі де аз болған. Ракета козғалысы жөнінде ешқандай да теория болған емес, ракетаның касиеттерімен тек сырттай ғана таныс болып, оны баскарып тұрған механика заңдарына ешбір көніл бөлмеген. Циолковский дүние жүзінде ең бірінші болып ракетаның ғылыми теориясын жасады, оның негізін жеріне жеткізе тексеріп, ракета үшүйнің математикалық формулаларын жасады.

«Реактивтік (яғни ракеталық) приборларды әлем кеңістігінде ұшыру лікірі тың пікір емес, — деп жазды Циолковский,—бірақ оны ардакты мақсатқа колданудың тың пікірін айткан және дәл есептерін, осы мәселеге катысы бар көптеген ғылыми дәлелдемелер мен кортындыларын жасап шығарған мен болдым. Шындығында мен өзімнің кортындыларымды баска біреулердің енбектеріне сүйеніп шығарғаным жок».


Бұдан әрі, Циолковский ракетаның келешек даму жолдарындағы эволюцияны алдын-ала болжап айткан; техни-

калык басқа құралдар орындаған алмаған міндеттерді атқару үшін, ракета қуаттылығын арттыруы және конструкциясы күрделі өзгерістен өтуі керектігін дарынды өнерпаз ондаған жылдар бұрын айтқан болатын.

Циолковский ракета мәселе сіне ерекше көніл бөлудегі максаты атмосферадан тыс әлем кеңістігін адамзат тілегіне бағындыру проблемасы болып табылады.

Біз оны жаңғыш ракетаның ўшу себептерін үқыптырақ тексеріп шыккандаған анық түсінеміз.

Ендеше кәдімгі фейерверктік ракетаға тоқталып, оның құрлысын талдал, калай ўшатындығын тексерейік.



Ракета үшүүшүүц меканикасы

«Мен де көп уақытка дейін жүрттын барлығы сыйкты ракетаға қызыққандыктан қарал, онша аумакты іске жармайтын шығар деп мән бермей келдім» деп мойындайды Циолковский. Ракетаның бакша мен паркте кешкі уақыттарда сейілдеу үшін ертеден колданылып келе жатканы көпшіліктің жеткілікті дәрежеде көңіл аудармауына басты себеп болған болу керек. Жанғыш ракета қалай жоғары көтеріліп үша алады деген сұракка, көпшілік былай деп жауап қайтарар еді: ракетадан шықкан порох газдарының ағыны ауда кері серпеді де, жоғары көтеріледі. Бұл сыйкты ескі дәлелдеменің кате екеніне шубә келтіруге болмайды. Олар ракетаны құйрығымен өзінің бағытын түзетіп отыратын судағы балықпен салыстырады, бұл мүлдем көңілге қонбайтын салыстыру. Ракета жоғары көтеріліп үшканда аудан тірек ала алмайлы, алуға да тиісті емес, өйткені ол ауасыз әлем кеңістігінде де үша алады. Мұны тек Кибальчич ғана білді, ал физиканың өзімен айналысып жүрген көпшілік адамдардың өздері де ракетаның үшу заңын білмейтінді. 1918 жылы американ оқымыстысы проф. Годдард өзінің жүргізген тәжрибесі нәтижесінде ауанын ракетаға келтіретін кедергісі болады, ол оның жүрісін баяулатады, ал, егерде ол ауасыз кеңістіктे үшса, онда оның жүріс шашшандығы бұрынғыдан да артады деген кортындыға келді. (Ракетаның заряды ауасыз кеңістіктеге жанбайтын шығар деп қауытпенбей керек, порохтың косындысында оттегі бар, міне сондыктан да ол сырттан келетін оттегінің әсерімен жануды кажет етпейді).

Порохтық ракетаның күрүлісін талдап көрейік.

«Ракета» — Италиян тілінде «труба» (түтік) деген сөз. Ракета — трубаның іші порохпен толтырылған. Порохты трубаның ішіне тығыз кылышпен салады. Бұл зарялтарды осылай тығыздау ракета үшін кезде бірден жанып кетпей, біртінде жануы үшін керек. Трубаның бір жағы басы жабық болуға тиіс, ал екінші жағы ашық болады.

Бұл труба ішіндегі санлауларды азайту мақсатын көздейді. Трубаның ашық жағын порохтың тығызы массасымен тығындаиды, оны «ұшу кеңістігі» деп атайды. Ракета ашық жағынан байланған шнур аркылы жанады. Порох массасы жанғаннан кейін ракета жабық жағынан тұра жоғары ұша жөнеледі.

Неге? Ракетаның жоғары көтеріліп ұша алатын себебінің шындығы мынада: трубаның ішінде порох жанғаннан кейін, оның іші газ сыйкты жанғыш заттарға толады. Тар жерде сыйымдалып қамалған газ оның жоғарғы, тәменгі, бүйір қабырғаларын керіп жіберуге тырысады. Бүйірлеріне түскен қысым ракетаны жүргізе алмайды, олар қысым жағынан өзара тенденсесе бастайды, ал бірақ жоғарғы кернеу тәменгі кернеумен тенденсесе алмайды, өйткені, тәменгі жакта тесік болады, міне сондыктан да, оның кернеуі күшті бола алмайды (газдың бір бөлегі сыртқа шығып кетеді).

Жоғары қысым ракетаны жабық жағына қарай тықсырады, кернеудің артығы оны козғайды.

Міне осыдан-ақ, ракета өзінен шығатын газдың кернеу күшінен, не болмаса өзінің астындағы газдың әсерінен қозғала алмайтындығы, кайта өзінің ішіндегі газдың күшімен ұшатындығы енді кімге болса түсінкіті болар. Міне осының нәтижесінде атмосферадан әрі ұшатын ракета басқаруға көнеді, сондыктан да, ракета аппаратына әлемнің ауасыз кеңістігін жеңіп алу міндетті жүктеледі.

Аэроплан мен дирижабль ауаны қайткен күнде де тірек етіп ұша алады. Олар ауасыз кеңістікте басқаруға көнбек түгіл, ұшып жүре де алмайды. Ракета кемесі, яғни кісі отыратын қаютасы бар үлкен ракета әлемнің ауасыз кеңістігінде басқару күралдарымен ұша алатын дүние жүзінде ті жалғыз ғана аппарат болып есептеледі.

Әлемнің ауасыз кеңістігін жеңіп алу мәселесінде ракетаның ең шешуші бір маңызы, ерекше бір ерекшелігі бар. Келешекте зенбірек снаряды атмосфера шекарасынан әрі

асын кететін уақыт болуы мүмкін; Циолковскийдің¹ осы сыйқты ғылми фантазиямен шұғылдануына Жюль Верннің зенбіректің алып снарядының ішінде отырып айға ўшу жөніндегі шығармасы белгілі дәрежеде себепкер болды. Егер де ішінде адамы бар зенбірек снарядын айға жеткізгендей жағдай болғаның өзінде де оның ішіндегі адамдары тірі болмас еді. Олар зенбіректің ал деп атылған кезінің өзінде-ак өледі, өйткені, адам организмі мүндай катты шайкауға шыдай алмайды. Жюль Верннің өзі де снаряд ішіндегі адамның тірі болмайтынын айтады, өйткені, олар атылатын зенбірек оғының аузына койған адамдармен тен деп түсіндіреді. Міне, сондыктан да, қозғалмай тұрған дene тez козғала бастаса (әсіресе, әлем кеңістігіне үшатын аппараттар үшін өте үлкен жылдамдық керек) біз оны қатты сілку деп айтамыз.

Ал, ракета кемесімен әлем кеңістігіне үшу мүлдем басқаша болады. Оның жылдамдығы зенбірек ядроның үшкан жылдамдығынан кем болмайды, қайта ракета өзінің жүріс жылдамдығын біртіндеп өрістетіп отырады, оның тez козғалыска көшүі бір калыпты жай болады, сондыктан да оның ішінде отырған адамдарға қауып-қатерлер аз болады.

Циолковскийдің дарынды ойларының маңызы тек атмосферадан тыс кеңістікте саяхат жасай алатын ракета транспортты екенін дәлелдеуі ғана емес, сонымен катар, ракета козғалысының теориясын жасап шығаруы болып табылады. Ұлы өнерпаз ракета козғалысының жылдамдығы мен басқа факторлардың арасындағы математикалық байланыстарын анықтады. Атмосфераның ар жағындағы кеңі-

¹) «Менің космикалық саяхат жасауды себепкер болған Жюль Верннің шығармасы болды. Ол осы мәселе жөнінде ойлану кажеттігін көніліме түсірді. Осыны түсінемін деген көнілден енді оның өзін тікелей ойлауға тұра келді. Эрине, менің бұл сыйқты ойларым ғылым жағынан белгілі жәрдем ала алмаса, сөз жоқ, аяксыз қалған болар еді» леп бастайды Циолковский өзінің «реактивтік приборлармен әлем кеңістігін зерттеу» деген ақырғы енбегін.

тікке үшін ракетаның жүріс жылдамдығын жеткілікті дәрежеде өрістету керек болады!*

Циолковский ракетаның ішіндегі жанғыш заттар жеткілікті дәрежеде жаңып бітсе, онда ол өзінің үшүсіна қанша-лықты жылдамдық керек болса да, жыйнап ала алатындығын дәлелдеді. Жанғыш заттар тез жаңып, ол заттардан шықкан ағын күшті болған сайын, ракетаның үшу жылдамдығы солғұрлым арта береді. Пайдаланған жанғыш зат, газдың шығуының жылдамдығы және ракета жүрісінің шапшандығының арасындағы математикалық байланысты дәлелдеген және ракета қозғалысы теориясының негізін алғашқы рет калаған Циолковский болып есептеледі. Осы «ракета тендеуін» казіргі уақытта Циолковский тендеуі не формуласы деп атайды.

Осы кітапта Циолковскийдің математикалық қатыстарын тереңірек талдағанымыз да жөн болатын еді. Бірақ та осы мәселемен шұғылданушылар ол жайында Циолковскийдің «планетааралық саяхат» леген енбегінен толық түрде түсінік алады. Міне сонықтан да, окушыларды осы мәселемен тек сырттай ғана таныстырайык. Ол үшін Циолковскийдің таяуда басылған мақаласынан үзінді келтіреміз².

«Қарапайым көрткінді шығару үшін көнілше ауырлық болмайды дейік. Жарылғыш заттары жоқ ракета массасын 1 деп белгілейік. Жарайды, жарылғыш заттардың да саны осындай-ак болсын. Тек массалар өзара бірін-бірі тепкенде, олардың жүріс жылдамдығы да бірдей болады. Демек, егерде жарылғыш заттың ағу шапшандығы секундіне 5 километрге жетсе, онда, ракетаның жүріс жылдамдығы да секундіне 5 километр болады. Егерде ракета өзінің салмағының 1 бөлегінің үстіне жарылғыш заттардың 3 бөлегін алса, оның жүріс жылдамдығын екі есеге дейін артатын-

* Оның калай өрістетілетінің жерінде сокырынан тарауларда әнгімелейміз.

² «Космикалық ракета туралы еңбектер» (1927 ж.) Осы еңбектің колжазбасы Я. И. Перельман да сакталып келеді.

дығын онай дәлелдеуге болады. Шындығында, жаңыш заттардың 2 бөлөгін алып тастаса, ракетада калған бір бөлөгімен (төң масса) 5 километрлік жылдамдықпен үшамыз. Содан кейін жаңыш заттың калған бір бөлөгінің өзін алып тастасақ, онда қосымша 5 километрлік тездікпен, яғни, бір секундте 10 километрлік жылдамдықпен үшамыз. Қысқасын айтқанда, егерде бір калыпты жаңар майдың:

1, 3, 7, 15, 31

бөлегі кезінде ракетаның акырыңы жылдамдығы

5, 10, 15, 20, 25.

километр болады.

«Бірақ та алғашқы жолдың сандары 1—ге кішірейтілген 2 ші санның кезекті көрсеткіші болып есептеледі.

$$1 = 2 - 1$$

$$2 = 2^2 - 1$$

$$7 = 2^3 - 1$$

$$15 = 2^4 - 1$$

$$31 = 2^5 - 1$$

«Міне, осының өзінен-ақ түсінікті, өйткені жарылғыш заттардың салыстырмалы геометриялық прогрессиямен (шамамен) өрістейді, ал, ракетаның жылдамдығы арифметикалық прогрессиямен өседі.»

Бұл «Циолковскийдің төртінші теоремасы» деп аталады.



Жаңа ракета үшін

Өзінің «жаңалық үшін білімінді жұмса» деген қарындастына берік Циолковский ракета теориясын жасап қана коймай, ракетаны мұлдем кайтадан жаңа етіп жасау керектігін ескертеді. Циолковский ракета қуаттылығын артыра беру үшін баяғыдан бері келе жаткан порох арқылы үшуды жою керектігін, онын орнына энергиялық құралдарды пайдалану кажеттігін үсінады. Ракетаның байырғы деңесіне жаңа, таза қан күю керек. Тез жарылғыш қауыпты порохтың орнына жаңа ракетада жоғары колориялы өндіріс жаңа майын пайдалану кажет. Бұл жаңа ракетаны қауып-қатердөн сактап қана коймайды, сонымен қатар порохты ракета орындаі алмайтын қыйын міндеттерді абраймен орындау мүмкіндігін туғызады. Жаңа ракета жылдам, алыс қашықтықка үша алатын, биікке көтерілетін және көп жүк көтөре алатын болады.

Порох жанған кезде күшті энергия жыйнайды деген таралып кеткен пікір шындықка жанасымы жок, мұлдем теріс пікір болып есептеледі. Ракетаның үшуын қамтамасыз ететін порохтың бойындағы энергия басқа жанғыш заттарға: бензинге, керосинге, нефтіге, спиртке карағанда әлде-кайда қуатсыз келеді. Порохты атылатын құралдар техникасында мол энергия жыйнайтыны үшін қолданбайды, қайта оның лезде тез жанатын болғандығы үшін пайдаланады. Ал, порох атылатын құралдарда көзді ашып жұмғанша энергия жыйнап, зарядты тез жандырады. Оның осы касиеті шешуші роль атқарады. Міне, сондыктан да, атылатын құралдарында бұдан күшті энергия беретін жанғыш заттарды пайдаланбай, тек порохты ғана қолдануға тұра келеді. Егерде керосин мен спирт порохтай тез жанатын болса, артиллеристер сөз жок, ешбір құдіктенбей-ақ керосин мен спиртті пайдаланған болар еді.

Ракетаның атылатын құралдардан бір өзгешелігі, ол ешуакытта да тез жануды кажет етпейді. Ракетаның заряды жанғаннан кейін алатын жүріс жылдамдығы порохтың

тез, не баяу жануына ешбір байланысты болмайды. Циолковскийдін екінші теориясы былай дейді:

„Ракетаның соңғы жүріс жылодамдығы жарылғыш заттарсың жарылу кезеңіне, не болмаса уақытына байланысты емес. Ол біртінсөп жансын, жоқ болмаса бір секундтің ішінде жансын, не тіпті бірнеше жылдар бойы жансын – оның ешқандай өтгешелігі болмайды. Керек десең жану кезінде үзілістің болуы да қауыпты емес.“

Транспорт ракетасы үшін жанғыш заттардың мейліншет залежь жануынан безу керек. Транспорт максатында колданылатын ракеталар жанғыш заттардың тез жануынан туатын жылдамдықтан да ғөрі, біртіндеп баяу жанған заттардың энергиясымен жүріс шапшаңдығын бір калыпты өрістете беретіндей жағдайға жеткен уақытта ғана, ол өзінің алдына койылған техникалық міндеттерді атқара алады. Жүрістін бірден жылдамдығы шамадан тыс артса, сөз жок, ракетаның конструкциясына, оның ішіндегі приборлардың дұрыс жұмыс істеуіне, жолаушыларға қауып туады.

Міне, сондыктан, Циолковский порох күшімен жүретін ракетаның орнына, сүйык жанармай және сүйык тотықтырығышпен жүретін жаңа ракетаны ойладап шығарудың үсынды. Бұл ракета жарылғыш келмейтін зарядтармен және жану кезінде порохтан әлдекайда көп энергия беретін жанармаймен жабдықталуы керек.


Циолковский бастапқы кездे жаңа ракетаның зарядына сүйыктандырылған су тегі мен от тегін пайдалануға да болады деді. Су тегі от тегі ішінде жанғанда мол жылыштық пайда болады. Пайда болған су буы ракета трубасынан сондайлықты күшті жылдамдықпен сыртқа шығады. Сүйык су тегі судан 14 есе жеңіл болады, бірақ оны сактау үшін өте үлкен ыдыс керек. Міне Циолковский оның осындағы ебдегісіздігін байқағаннан кейін, көлемді аз талап ететін тығыз сүйык жанармайлармен алмастыру керек деген үсыннысын енгізді. Сүйык заты бар ракеталарды осы күні «сүйыкты» ракеталар деп атап кетті.

Ракетаның мәнін бұдан әрі түсіндіре беру үшін, ең алдымен кейбір кезде күдік тудыратын мына бір пунктке тоқтала кетейік. Планета араларының үшатын аппараттың бір секундте 11 километрге жететін жүріс жылдамдығы не үшін керек? Жердің тарту заны аспанга үшіп шыккан аппараттың жылдамдығын әрі секунд сайын 10 метр ғана кері тарта аллады. Шындығында жұлдызға жету үшін, тек секундіне 10 метрден артығырақ жүріс жылдамдығы керек, міне сол уақытта ракета кемесін жерден мүлдем безіп кете алған болар еді деген пікірлер де болды.

Циолковскийдің кітаптарын оқыған, бірақ та физика заңдарын жаксы-білмейтін окушылар оған осындай карсылыктар білдірген. Мұндай пікірлер мүлдем күте. Рас, ракета — жұлдызға үшкыш бастапқы рет жерден көтерілген алғашкы секундіне 10 метр жүріс жылдамдығынан айырылады. Ол алғашкы секундінде 10 метр жылдамдығынан айырылса, екінші секундте де 10 метрінен, үшінші секундте де 10 метрінен айырыла береді екен деп түсініп қалмау керек. Мысалы, ракета бастапқы жүріс жылдамдығы секундіне 1000 метрге жететін шашандықпен сапарға аттанған екен дейік. Ол әрбір секундіне 10 метрден жүріс жылдамдығынан айырылып отыратын болса, 100 секундтен кейін оның бар қуаты таусылады да, жерге карай құлай бастар еді. Сонда техниканың жабайы формуласымен текстерсек, бастапқы көрсетілген жылдамдықпен үшкап ракета 50 километр биіктікке ғана көтеріле алған болып шығады.

Міне, осы есепке караганда шын мәнінде космikalық сапарға шығуға мылтық оқтарының да жылдамдығы жетпейтіндігін байқаймыз. Міне, сондыктан да жұлдызға үшатын ракетаның жүріс жылдамдығы, алда көрсетілгендей, секундіне 11 километрден аз болмауы керек. Міне, осындай жылдамдықпен үшкап уақытта ғана ракета жер тартысынан әжелтәуір құтыла алалы, оның әрбір секундіне жоғалтатын жылдамдығы белгілі дәрежеде азая береді, міне, сол уақытта ғана ракета жердің тартуын жеңе отырып

(мысалға айға үшқанла), айдың тартатын шегіне жеткен кезде оның жүрісі бұрынғыдан әлде-қайда жылдамдатылады. Өйткені, онда жердің өзіне тарту күшінен айдың өзіне тартатын күші басым болады. Ракетаның одан арғы жүрісі айға күлап келе жатқандай болады.



Жұлдызға үшкыш

Планеталар арасына саяхат жасай алатын «жұлдызға үшкыштың» (бұл ғермін кейінгі уақыттан бастап колданылып келеді), яғни әлем кеністігінде үшатын ракетаның күрілісі қандай болатындығын Циолковскийдің өзі қалаң ойлады екен? Энергетикалық жана құралдармен жабдықтау ракетаның конструкциясын жаксартуды талап етті. Ракетаның порохты ескі түрінің шынын айтсақ, өзіне тән ешбір механизмі болмайтын. Оның порохын жандыру үшін ешкандай да күтімнің кажеттігі болмайтын, ал бір рет жанғаннан кейін акыр аяғына дейін бір-ак жаңыл тоқтайтын, порохты зарядты орта жерінен сөндірудің өзі өте қызындыкка түсетін. Ал, сүйық жанармаймен жүретін ракетаның күрілісі мүлдем баска; ол ракетаның ішіндегі зарядты жандыратын жанармай мен тотыктырышты жану камерасына бір калыпты дер кезінде жеткізіп тұратын жаксы механизмдері болуы шарт. Сөздің кыскасы, сүйыкпен жүретін ракета өнерпаздардың алдына бір талай қызын мәселелерді койды.

Мен 1913 жылы Циолковскийге болашак ракета кемесінің түрі қандай болатындығын схемага түсіріп беруін сұрағанымда, ол маған 127-беттегі жасаған схемаларының алғашкы эскиздерін жіберген еді.

Бұл эскиздер ракета кемесінің барлық бөлімдерінің қалай орналасатының түгелдей көрсетпейді, ол ракета туралы идеяның қалай өрістегенін ғана көрсететін графикалық схемалар болып есептеледі. (Мұны шет елдік кейбір авторлар білмейтін еді, сондыктан да олар «Циолковскийдің ракета кемесінің проектісі» деп есептеп өздері жасаған конструкцияның чертеждарына талай «өзгерістер» енгізді. Осы шет елдерде басылып шыққан, «проектіні» совет елінің кейбір баспа орындары кайтадан басып шығарған кездері де болды). Циолковский маған жіберген эскизына қоса былай деп жазып жіберген болатын:

«Сізді күмарттырған реактивтік приборлардың схемасы мен катар онын түсіндірмесін де бірге жіберіп отырмын.

«Труба (А) мен камера (В) қыйын балқыйтын мыкты металдан жасалады, ал оның ішкі жағы одан да күшті, тез көртылмайтын материалдан істеледі. Мысалы, вольфрам сыйкты металл.

«С мен Д — насостар. Олар жарылу (В) камерасына



Циолковскийдің ракета кемесі құрылышының схемасы.

сүйүқ оттегі мен көмір сутегін айдайды.

«Е — өзара перепендикуляр орнатылған екі тегіс заттан істелген рулі бар. Жанганин кейінгі ыдыратылған және сүкталған газдың алған бағытын осы басқару құралмен өзгертуі арқасында, ракетаның жүрісін де өзі калаған жақ-жақа карай бұра алады¹.

«Он минуттің (не болмаса одан да аз уақыт) ішінде камерадағы жанар май жанған кезде, адамдар колмен басқарылатын ракетаның рулін белгілі дәрежеде басқара алмай қалады. Сондықтан да, алдын-ала сыннан өткізіліп алынған автоматтық құралларды пайдалану керек.

«Ракетаның қыйын балқыйтын екінші сыртқы тысы болады. Екі тыстың арасында (F, F, F) ашық жер болады. Буланған сүйүқ оттегі сүйнған газ түрінде осы ашық жерден орын алуға тырысады. Ол ракета өте жылдам үшкан

¹ Схемада руль көрсетілмеген.

кезде (жер атмосферасында) ішкі және сыртқы тыстық мейлінше ысып кетуіне жол бермейді.

«Сүйық от тегі мен көмір су тегі біріне-бірі араласып жетпес үшін, олардың арасы өткізбейтін материалмен бөлініп қойылады.

«J — Труба. Бұл труба буланған сұық от тегін екі тыстық арасындағы ашық жерге айдайды. Ондағы газдар К тесігі арқылы сыртқа шығарылады»¹.

Аппараттың жұмыс істеуі туралы Циолковский өзінің бір енбегінде былай деп жазды:

«Бұл аппараттың сыртқы түрі канатын комдап алып ауаны оңай ысып келе жатқан құска үқсас. Камера ішінің төң жартысынан көбі сүйық су тегі мен от тегі толтырылған. Ол екі заттың арасын бөліп тұратын жұка кабырга бар, олар бірімен-бірі аз-аздап қана алмаса алады. Ал, камера-ның кіші бөлегі ғылми бақылау жұмысын жүргізетін және ракетаны басқаратын адамға және оның тіршілігіне қажетті күралдарды сактауға арналалы. Тар тесіктен өткен сутегі мен оттегі біртіндеп трубаны кеңейте береді, өйткені, олар аралықта химиялық жолмен араласып өте ыстық темпера-туралы су буына айналады. Ол өте күшті серіппелі келеді. Сондыктан да, ол трубаның жалпақ тесігіне қарай трубаның бойымен, не болмаса камераның бойлық белдігімен сыртқа таңғаларлықтай зор екпінмен ытқып шығады. Бұл қызымының бағыты мен снарядтың үшу бағыты біріне-бірі тұра карама-карсы болады».

Циолковский 1932 жылы «Жұлдызға ўшкыш» деген тақырыппен өзінің болашақ ракетасының толық түсіндірмесін жазған макаласын жариялады. Бұл макала көлем жағынан үлкен емес, сондыктан да, оны цитата ретінде түгелдей келтіреміз.

1. Циолковскийдің түсіндірме жазған бетінің сонында: «бул шығында өте күнды пікір. Журналда басып шығарыныз» деген жазу бар. (Мен оны «Природа и Люди» деген журналда бастырып шығардым).

«Жұлдызға үшкүші»—тек ауа винті жоқ натыз аэроплан. Оның жүрісі сондайлықты жылдам болғандықтан қанатының ептең ойыстыры бар. Жану элементтері, яғни жанармай мен от тегі бірінен-бірі бөлектелген орында сакталады. Олар екі поршеньді насосы бар карбюраторға сорылып алынады. Олар осы арада «қосылудың ерекше решеткасына» кездесіп, әртүрлі тәсілдер арқылы жанады. Олар от камерасынан конус трубаға карай үмтүлүп, одан жайылудың салдарынан сұнылып, ыдыраған тез ағынмен снарядтың арт жағынан сыртқа шығады. Осы сыртқа шыққан газдардың кері серпнесі ракета жүрісін үздікісін өрістеп отырады. Трубаның жаллагырақ бөлегінің сыртында («дюзалар») руль орнатылады; ол ракетаның бағытын, биқтігін және бүйірдің тұрақтылығын баскарып отырады. Ракетаның шыққан газдардың кері серпетін күшімен үшуына, тіпті ауасыз кеністіктің ортасы да ешкандай эсер етеп алмайды.

«От камерасында пулеметтен, не браунингтен атқандағыдан дауыс шығып бірнеше жарылулар болады. Оның айырмашылығы мынау: реактивтік жұлдызға үшкүшінің стволы конус сыйкты болады, тек дауыс қана шығады (оғы болмайды), сонымен қатар жарылғыш заттардың күрамы бөлек-бөлек болады да олар тек от камерасында ғана косыла алады. Тағы бір айырмашылығы: әлгі қосылғандарды ерекше двигатель арқылы сорып тастап отырады. Бұл косындыны, пулеметті аткан кезде кері серпетін сыйкты, мұны да пайдалануға болады. Егер оны пайдалансақ, онда біздің снаряд пулеметтен кейбір өзгешелігімен айрылатын болар еді.

«Осы әдістің нәтижесінде бір секундтің ішінде 10 не одан да көп жарылулар пайда болады. Жұлдызға үшкүшта жарылу мүнанда көп болуы мүмкін, өйткені, күр жарылулар газды трубадан (дюзадан) тез шыгарып жібереді. Авиация моторлары өзінің цилиндрлерінде секундіне 20, не одан да көп от ала алады. Біз жұз рет айналатын, не болмаса секундіне 50 рет от алатын двигательді білеміз.

«Егерде, әрбір сору кезінде 100 грамнан жарылғыш заттар жыйнап алатын болсак, секундіне 40 рет жарылу болғанда 4 килограмм жарылғыш материалдарды жандырады екенбіз. Бұл ауырлығы тоннаға жететін жүлдизға үшқыштың үздіксіз жылдам үшуна жетеді.

«Егерде дер кезінде жарылу камерасы мен конус трубасын сұтып отырмаса, олар тез ысып кетеді. Сондыктан да олардың сырты сұйық жана маймен, ал сұйық жана майдаң сырты тез буланатын от тегінің сұйығымен қапталып койылады. Бұл сұйықтарды мезгіл-мезгіл алмастырып отыру керек.


«Металдан жасалған труба жылуды тез өткізетіндігін естен шығармаған жөн. Міне, сондыктан да өте сұық жайылғыш газдың салдарынан трубаның кеңейтілген жағы жылу өткізгіш арқылы өзінің сұыктығын трубаның ысыған жінішке жағына жіберіп отырады, сөйтіп оның ішіндегі ыстықты бәсендегіді. Дұрысын айтсак: трубаның жінішке бөлеғіндегі ыстық трубаның сұық бөлеғіне ауыстырылады.

«Пулеметтер мен тағы басқа ату құралдарында жанудан шыккан жылылықты пайдалану өте кыйын, өйткені, олардың стволы міндепті түрде цилиндрлі және өте үзын болады. Ал, жүлдизға үшқыштың трубасы өте кең конусты болады. Сондыктан да конустың бұрышы не оның кеңдігі үлкен болса, (30° тан артық болмауы керек) трубаны қысқа істеу қажет.

«Егерде осындай пулеметтің өйлап шығаруға болатын болса, онда сөз жок, жүлдизға үшқышты жасап шығаруға да болады. Онда тек пулеметтің кері серпетін механизмін пайдаланып, жүлдизға үшқышта орнатылған ерекше мотордан күтылу қажет.

«Сонымен, әр секундте 4 килограмм жарылғыш заттарын жұмсаймыз деп келісейік, ал, жүлдизға үшқыштың толық жабдықталған салмағы бір тонна болады дейік, сонда оның ішіндегі запас жанғыш заттардың салмағы 0,8 тоннаға (800 килограмм) жетсе, ол 200 секундке жетеді. Жүлдизға үшқыш бұл уақытта горизонтта 30° қа жақын бұрышпен

ұшып ауаның сирек қабатына жеткенде оның жүріс жылдамдығы атмосфераның ар жағына тез өткізіп жіберетін шамада болады.



Планеталар арасына саяхат жасау

Циолковский өзінің ракета туралы еңбектерінде тек ракета механикасының негізін қалап қана коймай, ракета аппараттарына керекті жанармай мәселесін шешті, сонымен қатар болашақта планеталар арасына саяхат жасаудың түрлі жақтарын тексереді, басқаша айтканда, баратын жолдың проблемасымен шұғылданды. Ұлы өнерпаз жерден көтеріліп үшінан ракета кемесі ай, тағы басқа планеталарға жететін қажетті жүріс жылдамдығын есептеп шығарды; яғни ракетаның жүретін жолдарын және тағы басқаларды анықтады. Оның кітабын оқып шыққандар осыдан қызықты қыялдардың күндердің күнінде шындыққа айналатындығына, адамзат басқа әлемге, айға, астероидтарға, марса жа саяхат жасайтындығына ешбір күдік келтірмейді.

Егерде айға, кіші планеталардың біреуіне не үлкен планеталардың кішкене серіктеріне жеткенде оның беті ракета жонуға жайлыш болса, онда бір-ақ мәселені шешу қажет болып табылады. Ол — ракетаға жеткілікті дәрежеде энергия беретін отын мәселесі. Снарядтың қонар кездегі жылдамдығын баяулату үшін үқыпты түрде жану бағытын өзгерту қажет. Соның иәтижесінде ол жерге жайлап, қауыпсыз қонатын болады. Біракта, ракетада сол планетадан үшін кете аларлықтай, оның тартуына ерік бермес-тей және жерге қайтып оралуға жетерліктей отын запасы болуы керек.

Болашақтағы әлем кеңістігінің моряктары су өткізбейтін костюмдар сыйкты киімкіп алып планеталарға үшіп барып, оған қонып, ауа кемесінен шығып, айналаны байқай алады. Арқасына асып алған іші от тегіне толы металл ранттан дем алып, бұрын-сонды көрмеген әлемнің дала-сында сайран салады, гылми-зерттеу жұмыстарын жургізіп, оның табиғатын тексеріп, коллекциялар жыйнайды. «Астероидтың жеріне қонудың, айдың бетіндегі таастарды көтерудің, марстан бірнеше ондаған километрлөгі жүлдыштарға қонып марсты зерттеудің, тіпті сол Mars планета-

сының өзіне барудың кандайлыкты шындықка жанасымдығы жоқ? Реактивтік приборларды пайдалана бастаған уақытта астрономияда жана үлы дәуір басталады. Ол дәуірде аспанның зерттелмеген ешбір бұрыши қалмайды» (Циолковский).

Біз Циолковскийдің ракета туралы шығарған еңбектерінің бай мазмұнын қысқа айтып шығу үшін тағы да көлемі осындай кітап жазған болар едік. Міне, сондыктан да созып жаза бермейік деген ниетпен өнерлаздың 1911 жылы жазған еңбегінің қызықты тарауларының тізімін беріп отырымыз:

Денениң планетадан ўшып кетуіне қажетті жылдамдық. Ұшу мерзімі. Атмосфераның кедергісі. Ұшу көрінісі. Жерді айнала. Қысқы қозғалыс және жылдамдықтар. Ұшу кезіндегі тіршілік ету құралдары. Тамақтану және дем алу. Өтте ауыр салмақтан құтылу. Салмақтың жоқтығымен күресу. Ойлар. Болашақ реактивтік приборлар. Реактивтік приборлар арқылы жер тосқан апаттарды болдырмау. Бұгін мүмкін болмайдар ертең-ақ шындыққа айналады.



Космикалық үшудың көрінісі

Циолковский болашакта әлем кеңістігіне үшудың мұмкіншіліктерін ойлаумен қатар, жүлдyzға үшкышпен үшкан адамдардың халы қандай жағдайда болатындығына да көніл бөлді. Шын мәніндегі физик адамның сезімінде сеziмі бар өнерпаздың біліммен дәлелдеп отыратын үшкыр сиялының күштілігі сондай, тіпті ол ракета кемесінің каутасында отырған адамдардың іш дүниесінің аласұруын, тіршілік көріністерін дәл және айқын суреттеп көрсете алған. Сондыктан Циолковскийді «жүлдyzға үшудың патриархы» десекте болар. Мен оқушыларды осы маселеге катысы бар 1911 жылғы енбегінің мына тарауын, ерекше күмарлықпен оқып шығады деп сенемін (сол тараудың онша көп қыскартылмаған үзіндісін көлтірейік).

«Әлем кеңістігіне сапарға шығар алдындағы «алыс кой, коркынышты шығар» деген күдік ойымызды мұлдем жояйық. Міне, біз үшатын аппарат жүзеге асырылып, сыннан өтіп, енді үшуга даяр түр еken дейік. Біз ракета ішінче жайласып отырыстық, машина үшуга дайындалды, ал ыймас достарымыз бізді бакылап түр,

«Біз өзіміздің бар ынтымайды ракетаға аударамыз, ал, кейбір жолдастарымыз — Жерді, астрономдар өздерінің планетасы — Марсты зерттеуге ерекше назар аударуда және т. б. Бұл көріністің барлығы да шамамен көрсетіледі, өйткені, қандай ғана көріністер болмасын, өзіне катысы бар дененің қозғалу формасына байланысты болады.

«Жерден көтеріліп үшқаннан кейін бұрын-сонды көрмеген көремет сезімінің күшағына ендік дейік. Міне, қазір сол қалымызды суреттей бастаймызы.

«Үшуга белгі берілген кезде күлакты түндышандай снарядтың жанған ацы даусы естіледі. Ракета бір тітіркенді де, жолға қарай қозғалып кетті. Біздің денеміз мұлдем ауырланып кеткендей сезінеміз. Менің 4 пудтық (65 ки-

лограмм) салмағым 40 пудтай¹ болып кеткен сыйқты. Ракетадағы салмақтар 10 есе ауырлап кеткен-ақ шығар-ау. Олар серіппелі бөзбен, маятниктің үдей қозғалуы, дененің жылдамдықпен тәмен тартуы, тамшы көлемінің кішіреюі, барлық заттардың ауырлап кетуі және тағы басқа толып жаткан көріністер жайында бізге айтып, түсіндіріп тұрмайды еken дейік.

«Біздің бойымызды тәмен тартып, зілдей болып, ыйығынды езіп бара жатқан ауырлық 2 минуттей уақытка созылады яғни қашан жану аяқталып, күлакты жарған ашыдауыс шықпағанға дейін болады. Ракетаның іші күлакқа үргандай тыныш бола қалғанда, сенің ыйығынан мана-дан бері зілдей болып басқан ауырлықта лезде жок болады. Біз 575 километрлік биіктікке көтерілдік (біз тік үшіп келеді екенбіз деп ойлайық). Баяғы ыйықты езген ауырлықтың өзі болмак түгіл, оның қалдығы бу болып үшіп кеткендей. Жердің өзіне тарту күші ракетаға да және оның ішіндегі денелердің бәріне де бірдей әсер етеді. Міне, сондықтанда ракетаның, оның ішіндегі денелердің қозғалысында ешбір айырмашылық жок. Оларды сол бір ағын, сол бір күш үшірып бара жатқандай, ал ракетаның ішінде ешбір салмақ жоқтай көрінеді.

«Расында да солай екендігін біз бір талай көріністерден анықтап ала аламыз. Ракетаға мықтап байланылып қоймаған заттар өз орындарында жок, олар ешбір затқа Ілікпестен ракетамен қатар ауада үшіп келе жатыр, ал егер олар ілінген болса, біріне-бірі қысым көрсетпеуде, салмақ түсірмеуде. Ал, біздің аяғымыз еденге тимейді, ракетаның қабыргасында, тәбесінде түрегеп тұргандаймыз, өйтеке отырысымыз кәдімгі отырыстарға үксамайды, кейде перпендикуляр, кейде енкейіп тұрудамыз. Тіпті кей уақытта ракетаның ортасында бірімізге-біріміз қақтығыспай жүзіп жүрген балықтай боламыз. Егерде өзің әдейілеп басып

¹ Мұнда, ракета тұрган орнынан қозғалғанда бір секундте 100 метрлік жылдамдықпен қозғалды дейік 40 пут — 650 килограммдай,

қоймасаң, бірін-бірі баспай, қыспай тұрған заттарды көре-сің.

«Графинадағы су төгілмейді, маятник қозғалмастан бір бүйірлеп қалыпты. Серіппелі безбенниң ілмешегіне ілген үлкен нәрселер безбенниң пружинасын төмен қарай созбай тұр. Безбен көрсеткіші нольді көрсетіп тұр. Ал, рычагты безбенниң тұрысы тым қызық, оның иіні жүгі көп жаққа емес, жүгі аз жаққа қарай еңкейіп тұр.

«Күтының ішінен бір талай әлекпен (өйткені ауа қысымы кедергі жасайды) алынған май бір жерде шар құсан домаланып қалыпты. Оны біз бөліп жіберсек, әр бөлек өз бетінше жеке шарға айналады.

«Сынап барометрі жоғары көтеріліп кетілті, ал сынап барлық тутікті толтырып тұр.

«Екі бунакты сифондағы су төгілер де емес.

«Колдан байкаусызда шығып кеткен заттар еденге түспейді. Ал, әдайілеп итеріп жіберген зат қашан қабырғаға, не болмаса қарсы алдындағы басқа бір затка барып соктыққанға дейін тұзу, бірқалыпты қозғалып барады. Содан кейін ол зат кейін қарай баяу қозғалып жүреді, оны алған бағытынан бұрып жіберудің өзі қыйын. Ол бір айналып шығуға тырысады.

«Адамдардың барлығы да астына мамық жастықтар салып отырғандай. Тек қана бір ебдейсіздеуі басыңа аз-аздан қан құйылып жатқандай болады.

«Барлығы да қозғалмайды, тыныштық. Терезенің сыртқы қакпағын ашып, шынысы қалың терезеден, алты жағыныза түгел қараймыз. Біз екі аспанды, екеуі бірігіп бір жер аумағын жасаған екі жарты шарды көріп, солардың ортасында өзіміз үшіп келеміз. Жер аумағының бір жағында қаранғы жұлдыз берін күннің көзі, ал екінші жағында көп таңбасы бар планета көрінеді. Бұл жана ғана өзіміз үшіп шықкан жер планетасы. Көрініс заны бойынша жоғарыдан қараган бізге жер тайпилау дөнгелек тостаған сыйктаңып көрінеді. Жерден алыстап жоғары көтерілген сайын жер шарының үлкен жазығына көз тастасақ ол әл-

гіндей болып, не болмаса, орақ сыйқтанып бүлдүрланып әзгерінеді.

«Шыңдығын айтсақ, ракетаның едені мен төбесі жок, өйткені, оның салыстырмалы ауырлығы болмайды. Тек қана біз өзіміздің субъективтік сезімімізben ракетаның едені мен төбесі бар деп ойлаймыз. Элем кеңістігінде үшіп келе жатқан дененің бағыты өзгеруіне қарай ракетаның едені мен төбесі өзгеріп отырады. Басымыз бұрылған жак жоғары, аяғымыз тұрган жак төмен болады. Егер біз басымызды бұрып өзіміздің планетамызға қарасақ ол жоғары да болып қорінеді, ал аяқ жақтан қарасақ төменде мұнарланып қорінген жерді көреміз.

Бізді жерден байқап тұргандар ракетаның лактырған тастай тіп-тік жоғары көтерілгенін бақылайды. Оның жүрісі лактырылған тастан 10 есе жылдам болады. Оның жүрісі жерден жоғары көтеріле берген сайын жылдамдай береді, бірақ, оны бақылап тұргандар (жерде) сезбей қалады. Ракета 5 секундтың ішінде 1 километрдей, 15 секундте 10 километрдей, 30 секундте 40 километрдей жоғарыға көтеріледі. Ракетаның көтеріліп бара жатқанын арнаулы күралмен байқаймыз. Ол күралдардың сыртқы тысы тез ери қоймайтын, тез тотықлайтын, жұлдыз сыйқты жарқырауық металмен қапталады. Ракета атмосферадан әрі шыққан сайын сұнынып, ептең сөне бастайды. Оны тек телескоп арқылы көруге болады.

«Ракетаның ішінде отырған бізге оның ыстығы жетпейді, өйткені, біз отырған бөлектің сырты ыстық жібермейтін сұық заттармен калталған, сонымен катар, сұық газдардың булануынан пайда болатын тез сұытқыш күралымыз бар.

Ракета айналмай тұрган кезде және жанғыш заттар жарылмай тұрган кезге¹ дейін біз снарядта салмақ бар екендігін байқай алмаймыз. Салмақ күші жок ортада бо-

¹⁾ Ракета өзіне керекті жылдамдығына жеткен кезде жанғыш заттарды жандырмай, әлем тартылсызы күшінің әсерімен, ол өзінің инерциясымен алға қарай үша береді. Бұл окушылардың барлығының да есінде болар.

латындағай бұл сыйқты көріністерді ракетадан да, оның маңындағы заттардан да анық байқауға болады. Тартылыс күші ракетаның өзінде, адамдарда және өздерімен бірге алған заттарда ете аз болады, ол қозғалмайтын денелерді қозғағанда ғана біріне-бірі салыстырмалы түрде — бір сатттың ішінде ғана пайда болады. Егерде заттар болмашы ғана қозғалса, онда өдан Ньютоның тартылыс заңын сезе қоюға мүмкіндік тумайды».

Әлем женістігінде үшып бара жатқан ракетаның ішінде таңгажайып көріністерді ойша суреттеген Циолковскийдің осы енбектерінің мәнін физикалық кабинеттерде тәксеруге болады. Осыған катысы бар аппараттар мен пікірлерді Я. И. Перельман өзінің екінші рет басылған «Сіздер физиканы білесіздер ме?» деген кітабында баяндап айтып берді. Оның мәнін түсіндірді. Осы сыйқты приборлармен жасалған тәжрибе жұмысының қортындысы Циолковскийдің ойша суреттеген көріністерінің кейбіреулері аз да болса да шындыққа жанасымды екенін анықтады.



Жүзеге асыру жолдары

Циолковский 40 жыл бойы планета араларына ўшұ проблемасын ойлап келді¹⁾. Өмірінің соңғы жылдарында осы батыл ойын жүзеге асыру жолының белгілі жоспарын жасады. Біз қазір окушыларды осы жоспармен таныстырайық. Осы жоспар жөнінде мән өзімнің «Планетааралық саяхат» деген кітабымда жазған болатынмын. Оны колжазба күйінде Циолковский қарап шыкканды. Сондыктан да одан қыскартылған бір үзінді келтірейік.

«Планета арасына ўшатын ракета жоғары көтеріліп ўша алуы үшін таулы жерді таңдал алу керек.


Ракета 10 — 20° бўрышпен көтеріле алғында етіп сол жерден алдын ала тұзу жол дайындалуы кажет. Ракетаның тез ўшуы үшін оны автомобиль сыйкты жылдамдықпен өздігінен жүретін машиналарға орнатады. Ракета көтерілу үшін біраз жұғіріп алғаннан кейін, оның ішіндегі отынның жануы нәтижесінде ол жоғары көтеріліп ўша бастайды. Ракетаның жылдамдығы арта берген сайын ўшудың тіктігі біртіндеп кішірейе береді. Ракета енді жоғары қарай көлбеп ўша бастайды. Ол атмосферадан әрі шыкканаң кейін көлденен бағыт алады да, 1—2 мың километр биіктікке көтерілгеннен кейін жер шарын айналып ўшады.

Әлем механикасының заны бойынша жүріс жылдамдыры секундіне 8 километрге жетуі шарт. Аппарат көрсетілген жылдамдыкты біртіндеп жыйнайды. Жаныш заттардың жануын басқару керек. Өйткені, ракетаның секундтік жүріс жылдамдығы әдеттегі жер тарту жылдамдығынан (секундіне 10 метр) онша асып кетпеуі керек. Ракетаның жаныш заттары жанған кезде тудыратын жасанды ауырлығының арқасында жолаушыларға ешбір хауып тумайды.

¹⁾ Циолковский ракета теориясына қатысы бар математикалық формуланы 90-жылдардың соңғы жылдарында тапқанын айтады. «25 авг. 1898 жыл ашқан формулат жазылған қағазды байқаусызыда тауып алдым. Бірақ та мен ракета теориясымен 1896 жылдан бастап шүғылданып келемін».

Ракетаны жердің серігіне айналдырударғы планета ара-лық саяхаттың ең бір қының және алғашқы мәсөлесі осы-лай шешіледі. Ракетаны енді жерден бөліп алғып айға, не оның ар жағындағы планеталарға, яғни біздің күн систе-мамызыздың басқа зоналарына жеткізу үшін оның жүрісін $1\frac{1}{2}$ —2 есеге арттыру керек. Ол үшін қосымша жанаармай қуатын пайдалану қажет.

Біз ракетаны алғашкы рет үшіру үшін автомобильге орнагу керектігін айткан болатынбыз. Бұл міндетті тек ав-томобиль ғана емес, сонымен қатар, паровоз, пароход, аэ-роплан, дирижабль де атқара алады.



Циолковскийдің жер және космикалық ракеталарының бөлінбеген (жоғарғысы) және бөліну кезіндегі схемасы.

Циолковскийдің пікірінше, ракетаның жоғары көтерілуі үшін жасалатын жүгіртуді басқа бір ракетамен жасағаның өзі қолайлыш болады. Ол планета арасына саяхат жа-сайтын космикалық ракетадан басқа болады, ал көмекші ракетаны — «жер» ракетасы деп атады. Космикалық ра-кета уақытша жер ракетасының ішіне орнатылады. Ал, жер ракетасы жерден көтерілмей тұрып, космикалық раке-таға керекті жүріс жылдамдығын дайындайды, керекті

уақытта оны өз бетімен әлем кеңістігінде үшін үшін қоя береді.

Жер ракетасы өзінің реактивтік двигателінің құшімен қалып етіп майланған рельстің үстінен доңғалақсыз сырғанайды. Өте жылдам жүріс кезінде үйкеліске (майланған себепті) аз энергия кетеді. Ұзын сопақ етіп жасалған ракетаға ауаның кедергісі белгілі дәрежеде азаяды. Циолковскийдің пікірінше ұзындығы көлдененінен 30 есе үлкен ракетаға ауаның кедергісі аз болады. Жүріс жылдамдығының бірнеше процент энергиясы ғана кетеді. Сонымен космикалық ракета орнатылатын алдыңғы жағы ашық жер ракетасы алдың ала дайындаған жолда тез қозғалады. Космикалық ракетаны әлем кеңістігіне жіберу кезеңі туғанда қандай шара қолдану керек? Жер ракетасының қозғалысын бұрынғысынан әлдеқайда көп бәсендешту керек. Сол кезде космикалық ракета өз инерциясымен одан бөлініп шығады да, өзінің реактивтік двигателъдерін жүргізіп өрістетілген жүріс жылдамдығымен өз алдына үша жөнеледі. Жер ракетасының жүрісін баулату үшін былай істеу керек: Ол жүретін рельстің соңғы жағын майламайды, сонын онда үйкеліс молая береді де оның жүрісін бәсендедеді, тіпті жер ракетасының жүрісін тоқтатып та тастайды, ал мұндай тоқтату әдісі ешбір косымша энергия шығынын талап етпейді. Ракетаның жүрісін баулатудың тағы да бір онай және қолайлы бір әдісі бар. Жер ракетасының буйірлеріне қалакшалар орнатылады. Жүріс баулату үшін оны жайып жіберсе ая кедергісін көбейтіп, ракетаны десу тоқтатады.

Циолковский ракетада бензин мен нефтін пайдалану керектігін үсінди. Өйткені, олар арзанға түседі және жаңған кезде газ сыйкты заттарды шығарады, олар ракетаның трубасынан өте жылдам сыртқа шығады. Жануға (дем алуға) керекті от тегін сүйытылған күйінде алады¹. Өте

¹⁾ Қазіргі ракеталарға керекті жанармай мәселесімен таныссыз келгендер В. П. Глушконың «Реактивтік двигателъдерге керекті сүйк жанармай, деген еңбегімен танысулары керек.

«СЫГЫМДАЛЫНЫП АЛЫНАТЫН ГАЗДАРҒА ҚАРАҒАНДА, СҮЙҮҚ ЖА-
НРАМЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӨТЕ ҚОЛАЙЛЫ БОЛАТЫНДЫҒЫ ӨЗІНЕН-
ЕЗІ ТҮСІНІКТІ. СЫГЫМДАЛҒАН ГАЗДАРДЫ КАБЫРҒАСЫ КАЛЫН ГЕР-
МЕТИКАЛЫҚ РЕЗЕРВУАРЛАРДА САКТАУ КЕРЕК. ОЛАР ГАЗДАРДАН
ӘЛДЕКАЙДА АУЫР ЖӘНЕ ҚӨЛЕМДІ БОЛАДЫ. СОНДЫКТАН Да ОТ
ТЕГІН САҚТАЙТАН ҮДЫСТАР РАКЕТАҒА ОРЫНСЫЗ АУЫРЛЫҚ ПАЙДА
ҚЫЛАДЫ. СҮЙҮТЫЛЫП АЛЫНҒАН ГАЗ ҮДЫСТАН ҚАБЫРҒАЛАРЫНА
ОНША КӨП КЫСЫМ ЖАСАЙ АЛМАЙДЫ. (ӘДЕТТЕ, ОЛАРДЫ АШЫҚ
РЕЗЕРВУАРЛАРДА САҚТАУГА Да БОЛАДЫ). СҮЙҮҚ ОТ ТЕГІНІЦ
 180° , Ц. СУЫКТЫҚ ТЕМПЕРАТУРАСЫН ЖАНУ ТРУБАСЫНЫҢ ҚЫЗ-
ҒАН БӨЛІМДЕРІН СУЫТУҒА Да ҚОЛДАНУҒА БОЛАДЫ.

Ракета бөлімдерінің ең маңыздысының бірі жандыру
трубасы не болмаса «сопло» болып табылады. Циолковс-
кийдің космикалық ракетасында трубаның үзындығы 10
метр болуы керек. Аэроплан моторы сиякты мотормен тру-
баның жінішке жағына сүйүқ жана рмайларды сорып алып
отырады. Алғашқы кезде трубаның жінішке жағында
 3000° Ц ыстық болады, ал сүйүқ трубаның жуан жағына
жакындаған сайын өзінің температурасын біртіндеп төмен-
дете береді.

Шындығын айтсак, әлемнің ауасыз кеңістігінде үшатын
космикалық ракеталардың рулі болады дегенге көшілік
таңданатын да шығар. Расында да, горизонталь рульмен—
бынктікті, вертикаль рульмен—бағытты, бүйірдегі рульмен—
орнықтылықты баскарады. Сонсын мынаны да естен шы-
ғармайык, біріншіден — ракета жерге тусуғе бейімделген
кезде атмосферада үшатын аэропландардай өзінің канатын
жайып жібереді, екіншіден—рульдар атмосфераның ауасыз
кеңістігінде де керек, ол арқылы ракетаның жүрісін баска-
рып отырады, трубадан тез ағынмен шыккан газдар руль-
ге кездескенде бір жакка ауады да ракетаны бұрады. Міне
сондыктан да рульдер жандыру трубасының газ шығара-
тын тесігінің алдына орнатылады.

Дүние жүзіндегі техникалық пікірлердің тарихында бұ-
рын-сондық кездеспеген Циолковскийдің бір үсіненің іс

жұзінде колданса, планеталар арасына саяхат жасау мәселе-лесі бұрынғыдан бірталай женіл шешілген болар еді.

Біз, оның Жердің жасанды серігі жөніндегі кішкене жана айды ойлап табу идеясын айтып отырмыз. Алғаш қарағанда бұл проекті фантазия болып көрінгенімен, бірақ оның шындықка жанасымды пікірлері бар. Циолковскийге қарағанда, Шет елдіктер жүлдізға үшу проблемасымен, мұлдем кеш айналысты. Мүмкін оның ықпалының-ак олар «жерден тыс станция» жасаудың проектісін ойлап тапқан болар. Бірақ көбі бұл станцияны жер шарының серігі деп атайды.

Циолковскийдың пікірінше жерге жақын эфирлік бұл мекен жер бетін қоршаған атмосфераның аржағында бірекі мын километрдей биіктікте болуы шарт. Ол үнемі козғалып тұруы керек, егер козғалмайтын болса оның салмақ күші еріксіз жерге түсірген болар еді. Аспандағы дene сөз уақыттағана биіктікте тұра алады, ол үшін оған жер шарын екі сағаттың ішінде айналып шығатында жылдамдық керек. Жер шарын тез айналып шығатын аспан аралы, әрине, табиғи космикалық денелер сыйкты тау көндерінен болмайды, қайта өте мықты болу үшін металл конструкциядан жасалатын болады, жер манын айнала үшатын көптеген ракеталардың материалдарынан құрастырылады. Сөйтіп олардан бір тұтас дene жасалады. Бұл дene жер шарын айналып тұру үшін ешбір энергияны қажет етпейді. Кеплер мен Ньютоның зандары бойынша бұл жасанды айешбір энергияны қажет етпей, айнала береді.

Болашак жүлдізға үшатындар жерден тыс станцияның барлығы аркасында планеталар арасына қынжылмастан саяхатка шығатын болады. Енді негізгі мәселе осы аспан аралын калай жасау керектігінде болып отыр. Ол жасалса, космикалық саяхатка шыққандар аралдан онша көп энергия шығын қылмай-ак әрі үшіп кете берер еді, өйткені, оның массасы кішкентай болғандықтан ракетаны өзіне тарту күші аз болады.

Планета аралын да, яғни металмен қапталған аралдың

ішіндегі өмір өте таңғажайып болады. Оның ішіндегі тіршілік сұнгуір қайыктағы адамдардың тіршіліктеріне үксастау келеді. Оның сұнгуір қайыктан бір артықшылығы күн көзінің энергиясын өзінің керегіне мол колданады. (аралдаң барлық айналасына терезелер орнатылады). Міне, осында жағдайда өсімдіктер өсіруге болады. Ол өсімдіктер адамдардың пайдалануына кеткен от тегін толықтырута мүмкіндік жасайды. Ол жер табиғатындағы материя мен энергияның айналымынан әлдекайда тар қөлемде болады. Салмақтардың болмауы салдарынан бўл «кеңістіктің» жағдайы мұлдем бөлек сыйпатты болады. Үшу көрінісін суреттегендеге өнерпаздың мұны атап көрсеткенін айтқан болатынбыз.

Циолковский жердің жасанды серігіндегі тіршілікті былай суреттейді:

«Өмір сүріп қызмет істеу үшін жарығы мол, керекті температурасы бар, дем алу үшін от тегі алмастырылып отырылатын қауыпсыз (жерден тыс станцияда) үй керек. Осында үй мен керек-жараптар жерден көтерілмей тұрып алдын ала дайындалып қойылуы қажет. Үйге сырттан газ енбей, жарық сәулесі түсетін болуы керек.

«Жұмыстың қандай ғана түрін болмасын жерден ғөрі осында істеген қолайлырақ болады. Біріншіден — жер бетінде құрылысқа жарамайды деген материалдардан мұнда үлкен құрылыстар салуға болады. Әйткені, салмақ жок болғандықтан олар бўзылмайды. Екіншіден — адамдар қандай жағдайда жұмыс істеймін десе де істей алады. Әйткені, мұнда аспан деген, жердің асты деген болмайды. Адам еш уақытта кўлан мертікпейді. Қандай ғана заттар болмасын қолың тиіп кетсе-ак болды, өздерінің орындарын ауыстыра қояды. Транспорт дегенінцің қажеттігі шамалы».

Әлгінде де ескерткенбіз, тағы да ескерте кетейік, жасанды ай планеталар арасына сапар шегуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Енді планеталарға саяхат жасаудағы екінші бір мәс-

ле планеталарға калай кону керек. Бұл мәселе алғашқы-
та қарағанда одан әллеқайла қыйын мәселе болып есептес-
леді. Ракета космикалық жүріспен өте жылдам үшіп келе
жатканда планетаға дереу қона алмайды. Әйткені ол өз ек-
пінімен басқа денеге соктығады, мұның салдарынан оның
ішіндегі адамдар сөз жок сау калмайлыш. Осындай апат
болмас үшін ракетаның үшу жылдамдығын калай баяулату
керек және планетаға калай қауыпсыз конуға болады? Сонымен катар, ракета өзіміздің планетаға қайта оралып
кеle жатканда дәл осындай қыйындықка кездесетінін
есімізден шығармайық. Міне, осы қыйындықтардан, қауып-
кательлерден құтылудың амалдарын табуымыз керек.

Бұл мәселені щешудің екі жолы бар. Біріншісі, құйын-
дай ағып келе жаткан паровозды тоқтату үшін машинист
«контр-пар» береді, яғни машинаны кері жүріспен жур-
гізеді. Ракета да трубаның тесігін планетаға қаратып жә-
не жанармайды жағып «контр-пар» бере алады. Бедел
бағыты бар жаңадан пайда болған жүріс жылдамдығы
бастапқы жүріске кедергісін келтіріп, оны кеміте береді,
акырында мүлдем баяулатып тастанды. (Эрине, бұл **тәк**
планетаға байланысты). Бірақ, бұлай етсек жанармай шы-
ғыны мол болады, осы шығынды елемес үшін көп запас
жанармай алып үшуымыз керек болады. Үлкен планета-
ларға кону онайырак, әйткені, ол планетаның айналасын-
да атмосфера бар, соны ауа тормозы етіп пайдаланура
болады. Циолковскийдің проектісі бойынша ракета плане-
та айналасын айналып үшқанда біртіндеп кішірейе бере-
тін спираль сызық бойымен козғалады. Ол әр айналыс ке-
зінде планета атмосферасын жарып отырудың салдарынаң
өзінің жүріс екпінінен біртіндеп айырыла береді. Жүрісті
бәсендеткеннен кейін қауыпсыз болу үшін ракета планета-
ның кең жазығына, не теңізге конуға тырысады. Ракета-
ның жүрісін бәсендетуде атмосфераның бірталай әсері
бар. Немістің инженері Гоманн планеталарға саяхат жа-
саудағы осы бір мәселені Циолковскийден бірнеше жыл
кейін ойладап тапты.

Планетадан кері оралған ракета өзіміздің жерге конуы үшін атмосферада бірнеше рет айналып алып барып конуы керек. Циолковскийдің бұл ұсынысын іс жүзінде ойдағыдай пайдалануға болады.

«Жерге кері оралу үшін, — деп жазды Циолковский, — запас заттар мен энергияны шығын қылыш контргаражылышты жандырудың қажеті жок. Атмосфераға жақындаған кезде етеп жанармай жақсан, оның шетіне келіп жетесің. Атмосфераға жеткен соң ауа кедегісі күштейеді, сонсын ракета спираль бойымен жерге төмен қарай түсे береді. Рас, бастапқы кезде төмен қарай құлдылап келе жатқан ракетаның жүріс жылдамдығы күшті болады, бірақ атмосфераның тығыз қабатына жеткеннен кейін жүрісі ғана баяулай береді. Ракетаның жүрісі бір орталық күш пен салмақ күші тенденсе алмаған кезде ғана снарядтын бойлық белдігін еңкейтіп жерге қарай жайлап түсे бастайды. Шындығында, ракета осы кезде моторын тоқтатып, конуға ыңғайланып келе жатқан аэропландай болады. Міне, осы арада аэроплан мен ракетаның жерге, не суға келіп конудағы жүріс жылдамдығын үйлестіру керек. Атмосфераның сирек қабатында жүріс жылдамдығынан айрылу ракетаға онша қауыпты емес. Жердің айналасын бірнеше рет айналып шыққаннан кейін ракетаның жүрісін мұлдем бәсендегі тастанда да болады. Тек секундіне 200 — 300 метрлік жылдамдық калдырып, (онда да коршаған ортасының тығыздығына байланысты болу керек) содан кейін самолёт сыйкытты конуға бейімделу керек. Егерде ракетаның косымша канаты болмаса оның жерге конуға жақындаған уақыттағы жүріс жылдамдығы аэропланнан күшті болады, соның салдарынан жерге кону қатерлі болады. Сондыктан да жерден гөрі, суға қонғаның өзі дүрысырақ болады».

Ешбір жанармай шығынысыз жерге кону мүмкіндігінің бар болуы, біз жоғары да айткан жасанды станцияның жабдықталу жағына жеңілдік келтіреді. Станцияда жұмыс істеу үшін міндетті түрде жермен байланысып тұру қажет.

Оның ішіндегі адамдарға материалдар т. б. жеткізіп тұру үшін керек.

Ұлы өнерпаздың келешекте әлем кеңістігін адамның дегеніне бағындыруға бағытталған пікірі осындай. Практика, сөз жок, бұған белгілі дәрежеде өзінін өзгерістерін енгізіп, жаңалықтарын қосады. Сондықтан да осы очеркте көрсетілгендердің бәрі дұрыс екен деп бас ие беруге болмайды. Мұнда тек алдынала таныстыратын, осы мәселені зерттеудеге бағыттайтын жоспар ғана берілді.

Бұл проектілердегі кейбір техникалық қыйындықтарды ескермей кетуге болмайды. Олар әлі күнге дейін шешілген жок. Мысалы, ең басты мәселе, ракетаның кішкене камерасында секундіне пайдаланатын жанармайды жандыру, жанармай косындысындағы элементтерді күшті қысыммен араластыру және жеткілікті дәрежеде алып үшуға қажетті жанармай мен тотыктандырығыш заттарды ең колайлы түрін таңдап алу, двигательді өте ыстық температуралың бұзынан корғау, ракетаның үшкан кездегі төзімділігі, журісі жылдамдатылған кезде ракетаны басқару және т.б. мәселелер әлі шешілген жок. Әрбір ракетаның алып үшатын заты және оның көлемінін әрбір сантиметрі жөніндегі есептерді дәлелдегендеге ғана осы мәселелерді шеше ала-мыз.

Планета араларындағы кеңістікке үшатын ракетадағы ең бір қыйын мәселе — журіс жылдамдығына керекті жанармай мәселесі болып табылады. Ракета кемесі сапарға шыққанда өте көп запас жанармай алып үшуға тиіс. Бұл мәселенің қыйындығы алып үшатын жанармайдың абсолюттік санында ғана емес, сонымен катар, оның массасы бүкіл ракетаның массасын үлкейтіп жіберетіндігінде болып отыр. Теорияның коятын талаптары осындай! Ракетаның жалпы көлемінің 99.9 процентін жанармай мен тотыктандырығыш заттар алып үшу үшін жасауға болмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Осы әнгіме тек жанармайды сактауға қажетті осындай көлем жөнінде айтылып отыр. Циолковский осы қыйындықтың барлығын да білді. Бірақ ұлы

өнерпаз болашактағы техниканың зор табысы аркасында бұл пікірдің жүзеге асатынына ешбір күдік келтірмеді. Міндеттес оңдықтан да космикалық үшуды бір талай уақытқа дейін коя тұру керек болады. Циолковскийдің жүлдзызға үшу жағдайнде осы жоспарларын техниканың біздің заманымыздағы кейбір көрнекті өкілдері мүқияттап тексермей, елемес келе жатыр.

Академик А. Н. Крылов таяуда ракетамен айға үшүп бару мәселесі мүлдем жүзеге асатын пікір емес, «Казіргі уақыттағы энергия күшімен айға үшүп баруға ешбір мүмкіндік жок. Атом ішіндегі энергияны, не болмаса материяны энергияға айналдыратын уақыт болған кезде ғана мүндай алыс сапарға шығу мүмкіншілігі болады»¹ деді. Жүлдзызға үшудың теориясын жасаушы Циолковский мен шет елдік өнерпаздар осындай қыйыншылыктан шығудың жолы — ракеталар күралы не болмаса бірнеше сатылап үшатын ракеталарды қолдану қажет деп есептеді². Бұлардың ойынша мүндай ракета аппараттары бірнеше ракеталардан күралуға тиіс. Олар бірі мен бірі күрастырылған болады. Біреуі өзінің міндетін атқарып болғаннан кейін, кемені өзінің салмағымен ауырлата бермес үшін өзінен-өзі түсіп калып отырады. Рас, бұл пікір алда айтылған қыйындықтарды мүлдем жоя алмайды, бірақ белгілі дәрежеде өзінің аздаған болса да септігін тигізеді.

Жүлдзызға үшудың негізін салған үлы өнерпаз өмірінің соңғы жылдарында жоғары да көрсетілген күрделі қыйындықтарды жоюқдың жаңа жолдарын айтты.

¹ Циолковский де атом энергиясын пайдалану жөнінде ойлаған болатын. Ол мәселені өзінің 1926 жылғы енбектерінде тексерді.

² Осы мәселеге Циолковскийдің «Космикалық ракета поэзы (1929) деген еңбегі арналған.

Ракета туралы соңғы пікірлер

1934 жылдың аяғында өзінің тапқан жаңалығы жағында Циолковский куаныш көңілмен маған былай деп жазды:

«Мен реактивтік үшулар жөнінде қырық жыл енбек сіңірдім. Міне, соның нәтижесінде, көпшіліктің үнатуы болынша реактивтік қозғалыстың теориясын және реактив кеменің схемасын дүние жүзінде бірінші ашқан мен болып отырмын. Бірнеше жұз жылдардан кейін осындай приборлар атмосферадан әрі үшады, содан соң олар космикалық кемеге айналады деп ойлап келген болатынын ғой.

«Бұл істі тез орындау үшін үздіксіз ойлап, есептер шығарып отырып, кеше 1934 жылдың 15 декабрінде кешкі сағат 6 шамасында мен космикалық жүрістің жылдамдығын арттыратын бір ойға тап болдым. Мен осы жаңалығым нәтижесінде мүндай жылдамдыққа онай жетуге болатындығына көзімді жеткіздім. Осы жаңалығым бірнеше ондаған жылдарда жүзеге асар, мүмкін қазіргі үрпақтар планета арасында үшуды өз көздерімен көретін болар.

«Сонымен, 15 декабрьдегі идея — космикалық ракетаның жүзеге асырылуы жөніндегі мен болжаган ойлардың жүзеге асырылуы жүздеген жылдың ішінде емес, (менің 1903 ж. жазғанымдай) ондаған жылдардың ішінде қолданатын болады».

Хаттың бір шетінде былай деп те жазды: «Күпия. Сізді қуантқым келді. Кашан жариялайтынымды өзім де білмеймін».

Осыған карағанда, Циолковский өзінің осы идеясын жариялаудан бұрын қайтадан дұрыстап қарап шығайын деген ойы болуы керек.

.Бірнеше ай өткеннен кейін, 1935 ж. май айы ішінде өзінің акырыңы тексерілген қолжазбасының 8-бөлімінің үзінгісін маған жіберген, шетіне: «Мениң сізге хабарлаған жаңалығым осы» деп жазыпты. Бұл жұмысының мазмұнын Циолковский «Техника» газетінде де жолдапты.

Циолковскийдің осы міндетті (ракета массасының отынға тәуелді бөлімін кеміту) қалай шешкенін жаксылап үғыну үшін, біз өнерпаздың пікірін қарапайым мысалмен түсіндірейік. Міне, біздің алдымызда ішінде жанармай мен тотықтырышы жоқ өз салмағы бір тонна ракета кемесі жатыр екен дейік. Бұл сыйкты көлемі ондаған куб метрге жететін ракета кемесіне 5 тонна отын артуға болады. Мұндай ракета жасау онша қыйын болмайды. Ракета массасының отынға тиісті жері 99,9 процент емес, енді 83 процент болады, шындығында бұл осы іске бір талай маңызды өзгеріс кіргізеді.

Сонымен, біздің колымызда ракета кемесін жасаудың техникалық барлық мүмкіндігі бар: өйткені, Циолковскийдің бұл пікірінше орындауға болмайтындағы ешбір фантазиялық жағдайлар байкалмайды. Ракета өзінің 5 тонна отынның түгелдей жағып-ак койсын. Оnda кеме, ең аз шамамен алғаның өзінде де секундіне 3000 метрлік жүріс жылдамдығымен үшатынын есептеп шығару қыйын емес. Егер біздің ракета өз отын қорының жартысын ғана жұмсаса, оның секундтік жүріс жылдамдығы есеп бойынша, 900 метрге жетеді.

Енді сіз аспанға көтерілген бір ракета емес, сол тәрізді ракеталардың бір эскадрильясы үшкан екен деңіз. Эрбір ракета алған отын запасының жартысын жағып, эскадрильядағы барлық ракета бір саппен секундіне 900 метрлік жүріс жылдамдығымен келе жатады. Осы кезде жану тоқтатылып, эскадрилья ракеталарының жартысы өздерінің жұмсалмай қалған отын корларын эскадрильяның екінші жартысының босап қалған ылдысына котарып күюы керек. (Жанармайларды үшып бара жатып бірінен-біріне ауыстырып күя алатын мүмкіндік бар). Отыннан босатылған ракеталар саптан шығып, қайтадан жерге қарай бет алады.

Енді эскадрилья да ракетаның бастапкы санының жартысы қалады, олардың әрқайсысының отын коры 5 тонна-


дан болады. Оны толық жұмсағанда эскадрилья ракеталарының секундтік жүріс жылдамдығы $900 + 3000$ не болмаса 3900 метр болар еді. Бірақ эскадрилья отын қорын түгелдей жағып жібермейді, оның жартысын жакпай қалдырады, енді бұрынғы секундегі 900 метрлік жүріс жылдамдығына тағы да сондай жылдамдық косады. Енді барлық ракеталар (калған жартысы) секундіне 1800 метр жүріс жылдамдығымен ұшады. Ракеталардың бір жартысы өзінің калған отынын екінші жартысына котарып күяды да, өзі саптан шығады, Эскадрильяның бастапқы күрамынан калған $\frac{1}{4}$ ракета енді 5 тонналық отын корымен секундіне 1800 метр жүріс жылдамдығымен ұшады. Эр ракета отынының жартысын жұмсаған кезде эскадрильяның жүріс жылдамдығы секундіне 2700 метрге жетеді.

Осылай котарып қўю қайталанған сайын эскадрильяның күрамы екі есеге кемі береді, олардың саны кеміген-нен ракетаның жүрісі 900 метр өсіп отырады. Осылай қайталактап қўйып отырудың салдарынан ең ақырғы қалған ракетаның отынмен қамтамасыз етілеуін жабдықтап, жүріс жылдамдығын барынша өрістете беруге мүмкіндік тузызамыз. Ал, ай орбитасына жету үшін ракета ұшуының жылдамдығы ең кем дегенде секундіне 11100 метр болу керек. Мұндай жылдамдыққа жету үшін ракета отындарын 9 рет котарып қўю керек екендігін есептеп шығару қыйын емес. Алғашқы 8 рет котарып қўю секундіне $90 + 8 \times 900$, не болмаса 8100 метрлік жүріс жылдамдығын береді.

Тоғызынышы рет котарып қўйғаннан кейін отын тегіс жандырылады, сонда 8100 метр жүріс жылдамдығына енді 900 метр емес, 3000 метр косылады. Сонда ең ақырғы жүріс жылдамдығы секундіне $8100 + 3000$, не болмаса 11100 метр болады. Міне, осының салдарынан эскадрильяның күрамы 2^9 fa, яғни 512 кемиді.

Циолковскийдің ойын тусіндіру үшін таблица мен көрнекі схема келтіремін.

ЖЫЛДАМДЫК



Циолковскийдің 16 ракета үшін жасаган проектісінің схемасы.

	Ракета саны	Олардын жүріс жылдамдығы
Котарып күйылғанға дейін . . .	512	Секундіне 900 метр
1-котарып күюдан кейін . . .	256	1800
2-	128	2700
3-	64	3600
4-	32	4500
5-	16	5400
6-	8	6300
7-	4	7200
8-	2	8100
9-	1	11100

Сөйтіп, 512 ракетадан тұратын эскадрилья өз отының үдайы котарып отырудын арқасында ең соңғы ракетаның жылдамдығын айға үшіп баруға керекті жылдамдыққа дейін өрістете алады. Бұған 2500 тонна (5×512) отын жұмсалады, бірақ осыншама көп отынды бір ғана ракетаға артудың кажеттігі жойылады. Міне, осының арқасында космикалық жүріс жылдамдығы табылып ракета үшүсінің негізгі кыйын мәселесінің бірі шешіледі.

«Осы сыйкты от алғыш элементтерді аспанда үшіп жүріп бір реактивтік прибордан екінші приборға котарып күюға бола ма? — деп Циолковский сұрап кояды да, оған өзінің соңғы енбегінде жауап береді. (Оның сөзін мен оның қолжазбасы негізінде алғып отырмын). — Бұл сыйкты котарып күю тәсілі аэропландарда көптен колданылып келеді. Тек жердегі ғана смес, сонымен катар аспанда үшіп жүрген аэропландар бір-біріне зат алмаса алады. Бірақ мүнда кездесетін қыйындық — олардың әртүрлі жүріс жылдамдығы болып табылады. Үшіп жүрген екі реактивтік снарядтың жүріс жылдамдығын жарылғыш заттарының жануын бір қалыпты етіп басқару нәтижесінде екі снарядты біріне-бірін жакындастып, теңдестіруге болады.

Ракеталардың конструкциясын жетілдірсе, басқаша айтқанда, жарылатын заттардың ағын жылдамдығы мен ко-

рын көбейтсе, сөз жок, ракетаның керекті саны да көп кеміген болар еді. Осы айтылғанның кайсысы болса да шындыққа жанасымды, сондыктан да аз ракетамен космикалық журіс жылдамдығын барынша арттыруға мүмкіндік туып отыр..

«Мен реактивтік машинаның жылдамдығын өрістету үшін сондай екі машинаның көмегін пайдаланып жана бір әдіс көрсетпекпін. Бұл әдіс бізді жана табыстарға жеткізе алады».

Бұл сәтті идеяның іс жүзінде жүзеге асуы үшін техникалық орындалу вариантына мен мынадай үсінис енгізейін. 512 ракеталардың барлығын бір тұтас етіп косып үлкен агрегатка айналдыру керек. Бұлай еткен күнде проектінің алғашкы өзіне тәндік артықшылығы сол күйінде сақталады. Бірақ отынды бірінен-біріне алмастыру көп же қілдейді, тіпті оны автоматты түрде істеуге де болады. Отыннан босаған ракеталарды саптан шығарып тастауды да автоматқа жүктеу керек. Бұл агрегаттың тағы бір пайдасты оны бір адам басқарады. Ал 512 ракеталарды басқару үшін 512 үшкыш керек болады¹.

¹ Ракеталардағы отындарды бірін-бірін котарып қюоды айтканда үлы өнерпаз оның техникалық тәсілдерін қызындастып маңызсыздандырып жібереді. Тәжрибеде, қуатты жанармаймен жабдықталған жеке ракета кемелерін жасау оқай болуы мүмкін.



Ракета проблемасының қазірғі жәйі

Циолковский ракета теориясы туралы өзінің бірінші мақаласын 1903 жылы журналда бастырып шыгарды. Ол мақаласында өнерпаз осы техникалық күралдың тамаша жасырын сыры барлығын айтты, тап сол кезде дүние жүзінде ракета мәселесін ғылыми негізде шешуге талаптанған тек Циолковский ғана болды. Ол кезде өнерпаздың бұл пікірлерін ешкім елемеді, жактаушылар табылмады. Оның бұдан кейінгі (1911 ж.) ракетамен үшу мәселесіне арналған екінші мақаласына да алғашкы мақаласы сыйкты ешкім назар аулара койған жок. Шындығында, ол арнаулы ауда үшу журналының бетінде тың пікір көтерген көлемді мақала болатын.

Көп кешікпей-ақ шет елдің өнерпаздары да ракета проблемасымен шүғылдана бастайды. Франция авиациясының көрнекті қайраткері Эно-Пельтри 1912 жылы Париждегі Францияның астрономиялық коғамында ракета үлгісімен жасалған аппараттармен әлем кеңістігіне үшуға болатындығы жөнінде ғылыми баяндама жасады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың соңғы жылдарында американ физигі Годдард ракета туралы кызықты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оның жасаған тәжрибелері мен есептеп шығарған кортындылары бұдан онбес жыл бұрын жарияланған Циолковскийдің теориялық кортындыларына үксас болды.

Бұдан бірнеше жыл өткеннен кейін Германияда проф. Оберттың (1923 жылы) әлем кеңістігіне ракетамен үшу мәселесіне арналған кітабы шықты. Бұл кітапта да Циолковскийдің бұдан бұрын айткан пікірлері дәлелденеді.

Міне, осы уақыттан бастап ракета проблемасы кең талқылана бастайды. Әр елдерде ракетамен үшу маселесіне арналған кітаптар шығып, осы проблемамен шүғылданып жүрген өнерпазлардың үйымы үйымдастырылып, көптеген тәжрибе жұмыстары жүргізіледі. Ракеталық автомобилдер, планерлер, дрезиналар, шаналар тексерілді. Енді сүй-

зықпен үшатын ракета жасау мәселесі күн тәртібіндегі неғізгі мәселелердің біріне айналды. Германия мен Америка да ракетаның алғашқы түрлері жасалып, сыннан өтті. Бірақ олар онша биіктікке көтеріле алмады.

ССРО-да Циолковскийдің ракетамен үшу идеясын жүзеге асыруды Осоавиахим үйімы өз қолына алды. Бұрын ешбір транспортпен атмосфераның жоғарғы қабатына көтеріле алмағандыктан стратосфераны зерттей алмаған болатын. Міне, зерттеуге мүмкіндік туғызатын осы ракетаны тез арада жасау және проектілеу жұмысы басталды. Совет елі ракета проблемасын зерттеу мақсатымен жасалған тәжрибе жағынан да, оған арнап еңбектөр жазу жағынан да шетелдік басқа мемлекеттердің алдында келеді¹.

Совет Одағында ракета проблемасымен шұғылданып жүрген жігерлі, дарынды өнерпаз зерттеушілер көп. Ал, шет елдердің өкіметтері ракетаны тек соғыс мақсатында қолдану үчін ғана шұғылданады. Ал, Совет Одағы ракетаны бейбітшілік, мәдени мақсатқа, стратосфераны зерттеу үшін қолданады.

1935 жылы Москвада атмосфераның ең жоғарғы қабатын зерттеуде ракеталық аппараттарды қалай пайдалану керектігі жөнінен арнаулы конференция өткізілді: онда жүргілген тәжрибе жұмыстары және теориялық зерттеулер жайында бірнеше маңызды баяндамалар жасалынды. Конференция ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін атмосфераның ең жоғарғы қабатына көтеріле алатын стратосфералық ракета жасауға қаулы алды.


Міне, осыдан-ак, Циолковскийдің ўлы бастамасын совет елінің жүртшылығы қолдағанын көреміз. Планета арасына саяхат жасауға асыққандардың ракета проблемасымен шұғылданулары бастапқы кезде көңілдегідей бола қоймайды. Сонда да сол алғашқы жасалған ракеталарда ке-

¹ Я. И. Перельманның «Планетааралық саяхат» деген кітабында ракета мәселесіне байланысты шет елде және совет елінде шығылған кітаптардың саны көрсетіледі.


лешектің бірталай жарқын елестері бар елі. Сол кезде авиацияның қалай дамығанын еске түсірейік.

Ағайынды Райттардың алғашкы рет ұшуларын көздерімен көргендегер ол кезде авиацияның сондайлықты нашар дамығанын әлі есінде сактаған болар-ау. Бірақ та, аспан-ға ұшудың үлкен болашағы барын сол кездегілер әбден білді. Авиация бірнеше ондаған жылдың ішінде ерекше өркендер жетілді. Ал, атмосфераның ар жағына ұшатын ракета аппараттары да күндердің күнінде ерекше қарқынмен дамыйды.





Басқа идеялар мен енер жаңалықтары



герде, ауада ўшу мәселесімен шұғылдану үшін дүниеге әдейі жаратылып келген адамдар болса — өмірінде не аэростатка, не аэропланга мініп ўшып көрмегеніне қарамастан, сөз жок, соның бірі Циолковский болар еді. Ол ес біліп есейген уақыттан бастап өмірінің ен акырғы күніне дейін ауаға ўшу проблемасын ойлаумен болды. Ол осы мәселені әрі көп, әрі терең зерттеді.

Атмосферада және атмосферадан тыс кеңістікте аппарат пен ўшудың бірнеше жолдарын тапты. Дирижабль мен ракета Циолковскийдің артына калдырган мұраларының ішіндегі ен маңыздысы және құндысы болып есептеледі. Өнерпаздың дарынды ойы тек осы техникалық екі комплекстің маңындаған тоқырап қалмады, Циолковский

осы негізгі мәселелермен катар жыйырмаға тарта техникалық тақырыптарды шешуге бар күшін жұмсады. Ол олар жайында талай еңбектер етіп, кітап, макалалар жазды.

Өнерпаздың әр жақты болатындығын мына шүғылданған істерімен дәлелдейік: мына төмендегі тізімнің алғашқы жағы үшу мәселе сіне арналғандар, ал одан әрі қарай оқый берсең біріне-бірі үқсамайтын бөлек сыйпатты өнер табыстарының аттары аталады.

*Биіктік аэроплан:
Жартылай реактивті
аэроплан.
Стратостат
—Гидроплан-қанат
Планер
Жедел поезд
Рельстік автопоезд
Ходули
Океандық батисфера
Толқын сындырыш*

*Жеңіл мотор
Бу-газды двигатель
Газ сыққыш
Планетааралық сигнали-
зация.
Сусыз жерлердегі су
Шөлле арналған үй.
Күн көзімен жылдықыш.
Бөлме сұытқышы
Жазу машинасы
Өлшемдер системасы.*

Осы еңбектердің қай қайсысынан болсын Циолковскийдің өзіне тән жұмыс стилі байқалады. Циолковский бір мәселе жөнінде жазғанда, не болмаса бір техникалық күралды талқылауға кіріскенде ең алдымен оның бөлшектерін үқыпты түрде бақылап алып математикалық есептеріне көнілін баса аударады. Ғылым Академиясының стратосфераға арналған бүкілодактық конференциясында (1934 жылы) Циолковский өзінің стратостат туралы енбегін туғсіндіргенде ең алдымен шардың көлемі жайындағы толық таблицаны көрсетті, гондолдың салмағы, көтергіш күші, канша биіктікке көтеріле алатындығы, ауаның сиреуі және т. б. жайында айтты. Оның бұл енбегі мынадай сөзben аяқталды.

«Атмосфераға көтеріліп, оның ар жағындағы ауасыз кеңістікке тек запас от тегі бар реактивтік аэропланмән, яғни


жұллызға үшкыштың көмегімен жетуге болады. Атмосфераның от тегін пайдаланып үша алатын кәдімгі стратоплан, не болмаса жартылай реактивті үшу аппараттары атмосферадан әрі, әсіресе, ауасыз көністікке еш уақытта да жетіп үша алмайды. Ал бұлар тек стратостатпен өз алдына жүріс жылдамдығын бір секундте бірнеше жұз метрге жеткізу үшін ғана бәсекелесе алады».

Осы келтірілген үзінді де аты аталған үшу машиналары жайында бірнеше сөз айта кетейік. Циолковский самолёттің жаңа үш түрін көрсетеді.

1. Биіктік аэропланы, немесе стратоплан. Оның герметикалық жабық кабинасы және сиреген ауапы сығымдайтын күралы бар.

Оның қысканаша түсіндірмесі мынау:

«Менің стратопланым ынғайлы акқыш үш корпустан тұрады. Олардың үшеуі де бір қанатпен құрастырылған. Бұл системада бағыт, биіктік және бүйір орнықтылығын басқарып отыратын руль бар. Екі шеткі корпус газ өткізбейді. Оның біреуі жанармай, ал екіншісі адамдардың орналасуына арналады. Ортанғы корпус екі жағынан да ашын



Циолковскийдің гидропланнан қакаты:

болады. Оның ішінде ауа винті, мотор, ауа сығымдағыш, сұытқыш және ашылып тұратын конус трубалары орнатылады. Осылардың барлығы (үлкен винттен басқасы) бойлық ци-

линдрге орнатылған. Цилиндрдің диаметрі корпустың орта көлденеңінен екі есе кіші.

«Бұл снаряд қалай жұмыс істейді? Қебіне, кәдімгі аэропланға үқсайды, бірақ та айырмашылықтары бар. Ұшып келе жатқанда ауа ағыны ортанғы корпустің ашық жағынан кіреді, оны моторлардың күшімен айналып тұрған екі ауа винт өзіне тартып алады. Үлкен винт ауаны үлкен труба бойымен, кіші винт ауаны кіші труба бойымен айдайды, соңғысы жұмыстық цилиндрмен барлық моторды сұытады. Айдалған газдар конус трубасынан өтеді де, барлығы қосылып цилиндр деңгелегінің кеңістігінде жыйналады. Олар коршаған атмосфераның сиректігінен ғері, жайылудың салдарынан солғұрлым күшті сұынады. Сұынудың шегі 273° сұықтыққа жетеді (абсолюттік ноль). Корпус бойымен ағып келе жатқан ауа екінші сол сыяқты дәңгелек кеңістігіне өтеді. Ол ауа қатты сұынғаннан кейін сұғымдағышка қарай өтеді. Міне, осы ортада сұғымдалған ауа карбюраторға ауысады. Ол оның ішінде жанаармаймен араласып жұмыс цилиндріне ауысады».

2. *Жартылай реактивті аэроплан*. Сыртқа шықкан газдың көрі серіппесін пайдаланады.

3. *Реактивті стратоплан*. Ол өзімен бірге запас оттегін алғып ұшады. Ол жұлдызыға ұшқыштың міндетін де атқара алады.

Циолковский атмосфераның тәменгі қабатындағы шөлдер мен мұхиттардың үстінде ұшатын ұшу аппараты—алып гидроплан-қанаттың проектісін ойлап тапты. Өнерпаз оны былай сыйпаттады:

«Іен ойлап тапқан алып гидроплан-қанаттың ішінде өзін басқаратын әкилаж бен жолаушылар отырады және мотор орнатылады, жанаармай сақталады. Ол ұшатын және жүзе алатын алып қанатқа үқсайды.

Қанатта не двигатель, не жүзу күралдары орнатылатын мұнараалар жок. Моторлар мен пропеллер «қанаттың» жоғары жағына орнатылған. Ал «қанаттың» жүзуге ар-

налған төменгі жағына жолаушылар орналасады. Міне, осының аркасында ғана ол ауа кедергісін көп үстамайды.

Қанаттың барлық корпусы тұзу және қысык клеткаларға бөлінген. (160 беттегі суретті кара), оны жолаушылар қаюасының төменгі едені етіп және жанармай т. б. заттар салып қоятын қоймалар етіп пайдаланады. Осы клеткалардың саны 72 ге жетеді. Гидропланның ішіне 100 жолаушы сыйды.

«Гидроплан-қанат жүкті көтереді, оның жүріс жылдамдығын да шапшандата алады. Оның ішінде өзінің командасына және жолаушыларға ете қолайлы дем алатын бөлмелер бар. «Қанат» бір сағаттың ішінде 324 тен 592 километрге дейін үша алады. 15 тен 23 сағатқа дейін тоқтамастан үшады. Толық жүкпен ол 7490 наң 8494 километрге дейінгі радиусте үша алады.


«Гидроплан-қанатпен Атлант мұхитын бір тәуліктің ішінде үшіп шығуға болады. Ол карлы жерден де, судан да көтеріліп үшады, оған кона да алады».

Циолковский «су астындағы стратосфераны» яғни мұхиттың терендік қабатын зерттеу мәселесімен де шұғылданғысы келді. Ұлы өнерпаз терен судың астында жүретін мұхит «батисферасын» ойлап шығаруды ойлады. Бұл да күр сөз емес, оның әрбір бөлегінің бәрі де математикалық есептермен дәлелленді. Циолковский өзінің пікірін математикалық жолмен дәлелдегендеге осы «батисфера» 8 километрлік терендікке түсे алады деп есептеді, оны жасау үшін қабырғаларының калындығы жарты метр болат шармен су ішінде өзінің салмағынан айырылатын жәніл материалдарды және бірнеше рет қабатталған сымдарды пайдалану керек¹⁾.

Циолковскийдің жедел поезд туралы проектісі техникалық мәселені тосыннан-тосын шешу болып табылады.

1) Қазіргі кезеңдегі батисфералар 923 метр ғана терендікке түсे алады. (Американ оқымыстысы биолог проф Бильям Бейб 1934 жылы оны пайдаланып көрген). Ал, біздің совет еліндеге 2000 метр терендікте жүзетін аппарат жасалып жатыр.

Өнерпаздың пікірінше темір жол рельстерінің арасы бөтінмен тегістеліп жабылуы керек. Дәнгелегі жоқ вагон бетонмен тегістелген темір жолдың үстінде тұрады. Вагонның астыңғы табаны тым беттесіп кетпейді, өйткені олардың аралығында ауа болады. Міне, соңдықтан да, ауаның бірнеше миллиметр жұка қабатының үстінде тұрган вагон табанының рельспен үйкелісі тіпті аз болады. Егерде сымдалған ауаның қысымы қоршап тұрган атмосфераның 10 бөлегіндегі болса, онда мүндай ауа қабатының жүк көтерімі 1 километрде бір тоннаға жетеді. Бұл жолаушылар



Жедел поезд вагонының көлденең қыйысы

вагонына керекті қысымнан бес есе артық. Ауа қабатының маңызы тек үйкелісті азайту ғана емес, сонымен қатар, ол вагонның артына шыққаннан кейін поездың жылдам журуі үшін вагонға бойлық бойымен, қысым жасау болып табылады. Егер вагонның акқыш формасы ынғайлы жасалса, сымдалған ауа ең аз қысым жасады дегеннің өзінде де поездың бір сафаттағы жүрісі 1000 километрге жетеді. Мүндай поезд екі тәулікке жетпейтін уақыт ішінде дүние жүзін айналып шықкан болар еди.

Өнерпаздың пікірінше қатты жүріп келе жатқан осы поезд көпірі жоқ өзендерден, тіпті көлденеңі жүз километрге жақын бұғаздардан ешбір қауыпсыз үшіп өте алады. Ол

жолдағы ең биік деген таулардан да үшіп өтеді. Осындай жерлерден ешбір қауыпсыз үшіп өту үшін поезда аэроплан сияқты басқарып отыратын турлі құралдар болу керек.

Циолковскийдің осы сияқты пікірін шет елдік өнерпаздар да айтқан болатын. Ол жайында ракета проблемасын талдаң түсіндірген кезде аздап айтқан болатыныбыз. Осындағы жағдай әсіресе күн қыздырығыш проектісін жасау кезінде де болды.

«1919 жылдың жаз айларында,—деп жазды Циолковский өзінің бір хатында,— мен «Биологиядағы механика» деген еңбек жаздым. Осы еңбегімнің 24-тарауында күн көзінің¹ сәулесімен жоғарғы температуралы қалай алудың тәсілін толық жаздым. Тауда журналдан («В мастерской природы», 1923 жылы) Берлин профессоры А. Маркуз мениң тәсілімді күн қыздырығышына қолданыпты және ол жаңалықты бірнеше елдер пайдалану үшін сатып алыпты».

Ұлы өнерпаз адамзаттың бакыты үшін тәжрибе жасауға, ойлауға, есептеуге, іздеуге, зерттеуге қажымай-талмай өз өмірінің көптеген жылдарын арнады. Ол істері оған «не нан, не әл-қуат» берmedі. Бірақ, бұл идеяларды бүгін ешкім бағаламаса да, ертең көшіліктің көңіл аударатынына оның сенімі күшті болды. Сондыктан да ол өзінің алған бетінен қайтпай ұлы Октябрьдің алтын таңына кез болды.

¹⁾ «Биологиядағы механика» деген баспада жарияланбаған еңбегінен қыскаша үзінді келтірейін: Циолковский ашқан жаңалықтың негізі осындай-ақ көшілікке түсінкті болады.

«Күннің сәулесіне яғни тік түзу бүршіпен қаратылған ортасында тесіргі бар бір жалтырауық гранға жоғарғы жағынан түскен күннің көзін жан-жағынан өткізбейтін айналасы қапталған шаршыны көз алдыңызға келтіріңіз. Шаршының күн жақ бүйіріне сәуле жыйнағыш сфера шынысын орналастырыныз. Бұлай еткендегі көзделетін мақсат — шыны фокусіндегі сәулені гранның тесігіне түсіру болып табылады. Сонымен, осындай кішкене тесік арқылы көп сәуле және энергия жыйнап аламыз. Жылдылықтың кірісі көп болып, шығыны өте аз болады. Кіріс пен шығыс тенденсінде дейін, шаршының ішіндегі температура көтеріле береді. Шөл далаларда осы тәсілді техникалық пе кулинарлық мақсатта қолдануға болады».

Улы Октябрь революциясы өнерпаздың даңқын бүкіл әлемге әйгілі етті.

Патшалық Россияның капиталистік қоғамында еш уақытта жүзеге аспайды деген пікірлер социалистік қоғамда ешбір кедергісіз жүзеге асады. Біздің Отанымыз Циолковскийдің қалдырған бай мұрасын толық пайдаланады. Улы өнерпаздың өмір бойы «шексіз қуат» туралы ойлаған ойын адамзаттың бақыты үшін жүзеге асырады.



Негізгі даталар

Жылдар	Жасы	Ұақыттар
1819	—	Өнерпаздың әкесі Э. И. Циолковскийдің туған жылы.
1829	—	Өнерпаздың шешесі М. И. Ромашеваның туған жылы
1857	—	5/17 сентябрьде К. Э. Циолковский туған. Күлағы мүкіс болды.
1857/8	10—11 жаста	5/17 сентябрьде К. Э. Циолковский туған. Күлағы мүкіс болды.
1868—1873	10—16	Вяткада тұрды.
1870	13	К. Э. Циолковскийдің шешесі қайтыс болды.
1871	14 —	Өздігінен оқуының басталуы.
1873—76	16—19 —	Москвада өздігінен оқуы.
1876—78	19—21 —	Вятка қаласында жеке үйлерге барып сабак берді.
1878	21 —	Рязаньға көшті.
1879	21 —	Сабак беруге право алу үшін емтихан тапсыры.
1880—92	23—35 —	Боровскідегі уездік училищеге сабак берді.
1881	24 —	Үйленген жылы.
1891	34 —	Ая кедергісі туралы баспадан шықкан бірінші еңбегі.
1892	35 —	Металл дирижабль туралы бірінші кітабы:
1895	38 —	Қалугаға көшу. «Аэроплан» деген баспадан шықкан еңбегі.
1897	40 —	Қалугадағы реальдық училищеде сабак берді.
1898	41 —	Епархиалдық училищеде сабак беруінің басталуы
1903	46 —	«Әлем кеңістігін зерттеу» деген еңбегін жариялады. Ол осы еңбегінде ракета теориясын жасады және оның космикалық маңызын түсіндірді.
1913	55 —	«Таза металдан істелген дирижабльдің бірінші моделі» деген кітапшасы.
1919	62 —	Коммунист Академиясының (ол кезде Социалистік) мүшесі етіп bekітті.
1924	67 —	«Ракета дүние кеңістігінде» деген баспадан шықкан еңбегі.
1926	69 —	«Дүние кеңістігін зерттеу» деген аттан шықкан жынышары және күн қыздырышты табуы.

Жылдар	Жасы	Уақыйғалар
1927	70 жаста	«Ая а кедергісі және жедел поезд» деген баспадан шықкан еңбегі.
1929	72 —	«Космикалық ракета поеззы» және «Жана аэроплан» деген баспадан шықкан еңбектері.
1930	73 —	«40 адамдық металл дирижабль проекті» және «Реактив аэроплан» деген баспадан шықкан еңбектері.
1931	74 —	«Дирижабль» және «Дирижабль атласы» деген баспадан шықкан еңбектері.
1932	75 —	Циолковскийдің туған күнін Москва мен Калугада салтанатты түрде тойлау.
1935	78 —	Циолковский 19 сентябрь күні, сағат, 22 де кайтыс болды.

МАЗМУНЫ

Алғы сез	3
Өмір істері	7
I. Өмір	
Бабалары мен ата-анасы	13
Балалық және жастық шақ	15
«Фалымдық жолы»	20
Москвадағы үш жыл	24
Педагогикалық қызметтің басталуы	28
Тұнғыш ғылыми еңбектер	33
Калугадағы алғашқы жылдар	37
Дирижабль үшін курсес	42
Циолковский — өдебиетші	52
Ракета	56
Өмір азаттары	61
Совет өкіметі тұсында	64
Ақырғы күндер	68

II. Техникалық идеялары

Дирижабль

Дирижабль және ракета	77
Ауа транспортты	79
Бірінші цеппелиндер тарихынан	82
Тұтас металды дирижабль	84

Болашақ туралы ойлар	93
Жұмыс стилі	100
Аяқ кедергісі	102
Зерттеу жұмыстары	105
«Жұмыс орындаумен бітеді»	110

Ракета

Ракетаны менгеру	114
Ракета үшүүның механикасы	117
Жана ракета үшін	122
Жұлдызға үшкыш	126
Планета арасына саяхат жасау	132
Космикалық үшудың көрінісі	134
Жүзеге асыру жолдары	139
Ракета туралы сонғы піктірлер	149
Ракета проблемасының қазіргі жәйі	155
Басқа идеялары мен өнер жаңалықтары	158
Негізгі даталар	166

ПЕРЕЛЬМАН

ЦИОЛКОВСКИЙ

(на казахском языке)

Перевод Х. Ш. Шегенова, и. Т. Какишева

Издание Казахского Государственного
учебно-педагогического издательства

г. Алма-Ата

Редактор Р. Мухаева
Тех. редактор Ш. Хошманов
Корректор Т. Бердыгүлова

Подписано к печати 25-VIII 1951 г. УГ06065.
Изд. № 98. Бумага 70х10-8 1/2. Уч.-авт. л. 6,848
Тираж 15000. Цена 3 руб. 85 коп.

г. Алма-Ата, Гостин. № 3. Казполиграфиздата
при Совете Министров КазССР.
Заказ № 1024